

Коммерциялық емес акционерлік қоғам
АЛМАТЫ ЭНЕРГЕТИКА ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС УНИВЕРСИТЕТИ
Қазақстан тарихы және мәдениеті кафедрасы

БЕКІТЕМІН
Оқу-әдістемелік жұмыс
жөніндегі проректор
_____ С.В. Коньшин
« ____ » _____ 2017ж.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАН ТАРИХЫ

Дәрістер жинағы

КЕЛІСІЛДІ
ОӘБ бастығы
_____ Р.Р. Мухамеджанова
« ____ » _____ 2017ж.
ЖУӘК төрағасы
_____ Б.Қ. Курпенов
« ____ » _____ 2017ж.

Кафедра мәжілісінде қаралды
және құпталды
11. 09. 2017ж. № 1 хаттама
Кафедра меңгерушісі
_____ Кабдушев Б.Ж.
« ____ » _____ 2017ж.

Редакторы

« ____ » _____ 2017ж.

Құрастырушылар:
_____ Берлібаев Б.Т.
_____ Байдильдина С.Х.
_____ Кабдушев Б.Ж.
_____ Раджапов А.Ө.
_____ Жұмағұлов М.Д.

**Коммерциялық емес
акционерлік қоғамы**



**АЛМАТЫ
ЭНЕРГЕТИКА
ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС
УНИВЕРСИТЕТІ**

Қазақстан тарихы және мәдениеті
кафедрасы

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАН ТАРИХЫ

Дәрістер жинағы

Алматы 2017

ҚҰРАСТЫРУШЫЛАР: Берлібаев Б.Т., Байдильдина С.Х., Кабдушев Б.Ж., Раджапов А.Ө., Жұмағұлов М.Д. Қазақстанның қазіргі заман тарихы. Дәрістер жинағы. – Алматы: АЭЖБУ, 2017. – 91 б.

Ұсынылып отырған Қазақстанның қазіргі заман тарихы дәрістер жинағы барлық мамандықтардың күндізгі және сырттай оқу бөлімдерінің студенттеріне арналған

Пікір беруші: тар.ғыл.канд., профессор Орынбекова Д.С.

«Алматы энергетика және байланыс университетінің» коммерциялық емес акционерлік қоғамының 2017 ж. баспа жоспары бойынша басылады.

© «Алматы энергетика және байланыс университетінің» КЕАҚ, 2017ж.

2017 ж. жиынтық жоспары, реті 16.

Бақдәулет Тұрбекұлы Берлібаев
Сауле Хайрулловна Байдильдина
Болат Жоламанұлы Кابدүшев
Анарбай Өскенбайұлы Раджапов
Марат Даулетбайұлы Жұмағұлов

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАН ТАРИХЫ

Дәрістер жинағы

Редактор Ж.Н. Изтелеуова
Стандарттау бойынша маман Н.Қ. Молдабекова

Басуға _____ қол қойылды
Таралымы 300 дана.
Көлемі 5,7 оқу. - басп. ә.

Пішіні 60x84 1/16
Баспаханалық қағаз № 1
Тапсырыс _____. Бағасы 2900 т.

«Алматы энергетика және байланыс университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғамының
көшірмелі-көбейткіш бюросы
050013, Алматы, Байтұрсынұлы көшесі, 126

*Тарих – пайдалы ғылым, тарих – бұл
сенің Отаныңның жүріп өткен жолы, ол
сенің ата-бабаңның ғасырлар бойғы арманы,
ұлт болып қалыптасуға деген ұмтылысы...
Тарих – қасиетті ғылым»*

Академик М. Қозыбаев

АЛҒЫ СӨЗ

Тарих - үздіксіз дамып отыратын ғылым. Тарихи тәжірибеден оқып-үйрену тарихи сананы, мәдениетті, дәстүрлерді, ұрпақ сабақтастығын жалғастырып, болашақты болжап, өткенді саралауға, бүгінгі оқиғалардың шешімін табуға, ертеңгі күннің бағыт-бағдарын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Ол адамның өркениет дамуын ой-талғамынан өткізіп, қазіргі жаһандық мәселелерді шешудің негізі.

Тарихи білім студенттердің жеке тұлға ретінде қалыптасуында, ұлттық мәдениетті сіңіруге және дүниежүзілік мәдениеттің дәстүрлерінен сусындауға, көпұлтты әрі түрлі діни бағыттағы қоғамда өмір сүруге бейімдейді.

Адамзат тарихының тәжірибесі, Қазақстан халқының ұзақ жылдар жүріп өткен тарихи соқпағы қарыштап дамыған ақпараттық кеңістікте жаңа қоғамның дамуы туралы білім болашағымызды айқындауға тигізер пайдасы орасан.

Бағдарламада отан тарихының ХХ ғасырынан бастау алатын бүгінгі күнге дейінгі маңызды оқиғалары: орыс патшалығының отарлау саясаты, Бірінші дүниежүзілік соғысынан туған әлеуметтік төңкерістер, қазақ халқының ұлт-азаттық көтерілісінің қайнар көздері, кеңестік тоталитарлы жүйенің қалыптасуы, Ұлы Отан соғысы жылдарындағы қазақстандықтардың ерлігі, дамыған социализм тұсындағы қоғамының даму ерекшеліктері қаралады. Тәуелсіз Қазақстанның нарықтық экономикасының қалыптасу тарихы зерделенеді. Қазақстан республикасының ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттарына айрықша көңіл бөлінген.

Қазақстан тарихының қазақ елінде оның халқының, ата-бабасының, барлық этностар мен халықтардың өткені мен бүгінгі өмірі, оны оқып-үйренудің жастар тарихи санасын қалыптастырудағы, Қазақстан патриотизміне тәрбиелеудегі орны ерекше. Бұл мәселе Қазақстан Республикасы Президенті, Ұлт Көшбасшысы Н.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» халыққа жолдауындағы негізгі бағыттардың бірі болып табылады.

1 дәріс. Кіріспе

1. «Қазақстанның қазіргі заман тарихы» пәні, мақсаты мен міндеттері.
2. Қазақстанның қазіргі заман тарихын кезеңдерге бөлу.
3. Қазақстанның қазіргі заман тарихының деректері мен тарихнамасы.

Дәрістің мақсаты: пәннің алдында тұрған міндеттерді айқындау арқылы қоғамда атқаратын рөлін көрсету, отан тарихының кезеңдерін айқындап, деректердің мәні мен ұлттық тарихымыздың зерттелу деңгейін ашу.

Дәрістің мазмұны: «Қазақстанның қазіргі заман тарихы» пәнінің мақсат-міндеттері, оның кезеңдері және деректері мен тарихнамасы мәселелері қарастырылады.

1. Қазақстан егеменді, тәуелсіз, өз алдына жеке мемлекет болғанына ширек ғасырдай уақыт өтті. Екі ғасырға жуық басқа мемлекеттің отары болған халықтың ұлттық санасын жаңғырту жолында қоғамдық пәндердің, оның ішінде төл тарих ғылымының алатын орны ерекше. Ұлттық тарихты терең білмейінше ұлттың менталитетін, тарихи даму жолын, сол жолда көрген қиыншылықтары мен табыстарын түсіну мүмкін емес. Сондықтан Қазақстан территориясында көне заманнан, қазірге дейін өмір сүріп жатқан тарихи отаны санайтын халықтардың тарихын білу маңызды болмақ. Отан тарихы бүкіл адамзат тарихының бір бөлімі, өйткені ол дүниежүзі тарихы, Еуразия тарихы, көшпенділер өркениеті, түркі халықтарының тарихы, Орталық Азия елдерінің тарихымен ұштасып жатады. Қазақстан тарихы – Қазақстан территориясында ежелгі уақыттан бүгінгі күнге дейін болған тарихи оқиғаларды, құбылыстарды, фактілерді, үрдістерді, тарихи заңдар мен заңдылықтарды аша отырып, тұтас қарастыратын ғылым. Тәуелсіз Қазақстанның тарихы отандық тарихтың аса маңызды бөлігі және жалғасы. Тәуелсіз Қазақстан әзірше ұзақ емес, бар жоғы жиырма бес жылды құрайтын жолдан өтті. Дүниежүзілік тарихпен салыстырғанда, ширек ғасыр соншалықты үлкен мерзім болмағанмен, егеменді ел үшін ол мән-мазмұнға толы тұтас бір дәуір. Қысқа уақыт аралығында мемлекетіміз өз дамуының саяси бағдарын айқындап, нарықтық экономикаға өтуді іске асырды, әлеуметтік күрделі тауқыметтерді басынан өткерді. Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан қалыптасты. Осы тарихи кезеңді түсіну, одан алар сабақ отандық тарих ғылымындағы өзекті міндет болып саналады.

«Қазақстанның қазіргі заман тарихы» пәнін жоғары оқу орындарында оқытып үйрету студенттердің бойларында отансүйгіштік пен азаматтық ұстанымның қалыптасуына, еліміздің күрделі, тәлімі мол тарихы бойынша терең ғылыми білімдердің бекуіне септігі тиетін факторға айналуы тиіс.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздікке ие болғаннан бері халықтың ел тарихына деген қызығушылығы арта түсті. Себебі бұрын айтылмаған, айтылса да саясаттың ыңғайына көндігіп айтуға мәжбүр болған көзқарастар қазіргі таңда басқаша сипатқа ие болуды. Осыған байланысты сіздерге ұсынылып

отырған «Қазақстанның қазіргі заман тарихы» пәнінің негізгі міндеттері мынада:

- 1) Халықтың ұлттық тарихи жадын қалпына келтіру, ұлттық сананы дамыту.
- 2) Ұлттық идея мен бірлікті қалыптастыру.
- 3) Азаматтық ұстанымға, отаншылдыққа тәрбиелеу.
- 4) Өз халқына, еліне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру.

«Қазақстанның қазіргі заман тарихы» пәнін игеру азаматтардың қазіргі таңда Қазақстан қоғамында қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық және саяси-мәдени мәселелерді түсінуге, оның оң шешілуіне әсер етеді. Осыған байланысты бұл пән еліміздің барлық жоғарғы оқу орындарының оқу жоспарларына енгізілген.

2. 1980 жылдары аяғы мен 1990 жылдарының басында елде қалыптасқан демократиялық үрдістерге байланысты отандық тарихшылар еліміздің тарихын оқыту барысында тарихи фактілерге сүйене отырып, саяси оқиғаларға негізделген Қазақстан тарихын кезеңдерге бөлуді анықтады:

- 1) Тарихқа дейінгі кезең: 2,5 млн – б.д.д. VIII ғасырға дейін (тас ғасыры, қола дәуірі).
- 2) Ежелгі кезең б.д.д. VIII ғасырдан б.д. VI ғасырына дейінгі уақытты қамтиды (сақ, ғұн, үйсін, қаңлы).
- 3) Орта ғасырлар кезеңі Қазақстанда Түркі қағанатының құрылуынан басталып, XVI ғасырдың аяғына дейін созылады (Алтын Орда, Ақ орда, қазақ хандығы).
- 4) Жаңа дәуір XVII ғасырдың басынан XX ғасырдың басына дейінгі уақытты алып жатыр. Бұл кезеңді үш дәуірге бөліп қарастыру орын алған:
 - XVII ғасырдың басынан XVIII ғасырдың басына дейінгі уақыт. Бұл кезеңде Қазақ хандығы Орта Азиядағы ең мықты, дербес көшпелі мемлекет ретінде қалыптасты;
 - XVIII ғасырдың басы мен XVIII ғасырдың аяғына дейінгі уақыт. Қазақ халқының өз тәуелсіздігі үшін күрес (жоңғарлармен, Еділ қалмақтарымен, Орта Азия хандықтарымен, башқұрттармен, түркмендермен т.б.) жүргізді;
 - XVIII ғасырдың аяғынан басталып XX ғасырдың басына дейін созылады. Бұны Ресей империясының отарлау саясатының кезеңі деп алып, тәуелсіздік идеясының, ұлт-азаттық қозғалысының жаңа сипатта дамуы қарастырылады.
- 5) Қазақстан Кеңес дәуірі кезінде. Бұл кезең Кеңес үкіметі орнаған 1917 жылдан басталып, 1991 жылға дейінгі уақытты қамтиды. Бұл кезеңге кейбір отандық тарихшылар *кеңестік отарлық кезең* деген атау беріп жүр. Оның өзіндік себебі де бар: 74 жылға созылған Кеңес үкіметі тұсында орталықтың (Мәскеудің) экономика, саясат, мәдениет, әлеуметтік жағынан үстемдігі орнады.
- 6) Егеменді Қазақстан. 1991 жылы Қазақстанның егеменді мемлекет болып қалыптасуынан басталып, осы күнге дейінгі тұрақты түрде дамып келе жатқан кезеңмен аяқталады.

3. Ежелгі дүниеден бастап осы күнге дейінгі отан тарихын игеру алдымен деректермен тығыз байланысты. Жалпы деректерді мынандай түрлерге бөліп қарастырамыз:

- 1) *Заттай деректер*, оларға: еңбек құрал саймандары, киім кешек, ыдыс аяқ, қару жарақ, қала қалдығы, зират орны, қоныстар және ақша, яғни бір сөзбен айтатын болсақ, археология ғылымының жетістіктері жатады.
- 2) *Этнографиялық деректер*, оларға: салт дәстүрлер, ырым жоралар, тұрмыстық ерекшеліктер.
- 3) *Ауызша деректер*, оларға: ертегілер, мақал мәтелдер, жаңылтпаштар, батырлар жыры, аңыздар жатқызылады.
- 4) *Лингвистикалық деректер*, оларға: жер су атауларын, кісі есімдерін, зерттейтін топонимика және антропонимика ғылымының жетістіктерін жатқызамыз.
- 5) *Жазба деректер*, бұл деректердің ерекше түрі болып табылады және оған сыни көзқараспен қарау керек. Себебі, жазба деректердің авторлары өзіндік ұлттық болмыспен, түсінікпен болған оқиғаны бағалайды.

Тәуелсіз Қазақстанның қазіргі заман тарихын оқып білу барысында жоғарыда аталған деректердің маңызы зор мәнін жоймайды. Алайда қазіргі қоғамның саяси, әлеуметтік экономикалық және рухани өзгерістерін бейнелейтін *жазба дерек көздері* мыналар:

- мемлекет басшысының республикамыздың дамуы үшін алға қойылған мақсаттар мен міндеттерді, басым бағыттар мен қорытындыларды ашып көрсететін жарлықтары, жолдаулары, баяндамалары мен сөйлеген сөздері;

- үкімет қабылдаған еліміздің ішкі-сыртқы дамуын, Қазақстанның өркендеуінің саяси, әлеуметтік-экономикалық дамуын белгілейтін қаулылары мен құжаттары;

- атқарушы биліктің орталық және жергілікті органдарының құжаттары, әртүрлі деңгейдегі мәжілістердің материалдары;

- азаматтық қоғам институттарының, саяси партиялардың және шетелдік сарапшылардың ұстанымын көрсететін материалдар;

- замандастардың тәуелсіз Қазақстан құруға қатысушылардың естеліктер, жазбалары;

- әлеуметтік сауалнамалар материалдары, статистика деректері;

- қазақстандық және шетелдік ғалымдардың Қазақстанның ең жаңа тарихы бойынша тұжырымдамалық, іргелі еңбектері;

- мерзімді баспасөз материалдары;

- заман тынысын бейнелеген кино-фото, аудио құжаттар;

- өзекті мәселелер бойынша Интернет-ресурстар.

Тарихнама дегеніміз тарихи ғылымның дамуына байланысты ғылыми көзқарастарының жиынтығы, қамтылған зерттеу еңбектері. Отан тарихын ғылыми зерттелуін мынадай кезеңдерге бөледі:

Орыс тарихнамасы.

1. Бұл кезең XVIII ғасырдың 30-шы жылдары мен XIX ғасырдың басына дейінгі уақытты қамтиды. Орыс тарихшылары В.Татищевтың, П.И. Рычковтың

еңбектері маңызды болды. XVIII ғасырдың 30-40 жылдарында бірінші академиялық экспедиция, XVIII 60-70-ші жылдарында екінші академиялық экспедиция (П.С. Паллас, И.Г. Георги.) ұйымдастырылып, қазақ халқының тарихына, шаруашылығына байланысты мәліметтер жиналып, географиялық тұрғыдан зерттелінді. Бұл кезең Қазақстанның батыс бөлігінің (Кіші жүздің) Ресей империясының құрамына саяси тұрғыдан қосыла бастауымен ерекшеленді.

2. XIX ғасырдың басы XX ғасырдың басына дейінгі аралықта А.И. Левшин, Н.Я. Бичурин, И.Г. Андреев, Г.И. Спасский, С.Б. Броневский және тағы да басқа орыс тарихшыларының еңбектері жарық көрді. XVIII ғасырдың 30-шы жылдарында Ресей тарапынан басталған саяси отарлау саясаты бұл кезде толық іске асқан болатын.

Қазақ-кеңес тарихнамасы. Бұл кезеңді шартты түрде 1917-1991 жылдар аралығы деп те қарастыруға болады. Кеңес үкіметінің алғашқы жылдарында Қазақстан тарихына байланысты тарих оқулықтарын жазған М.Тынышбаевтың 1922, 1925 жылдары Ташкент қаласында баспадан шыққан «Қырғыз-қазақ халқының тарихына байланысты материалдар», «Түркі-моңғол тарихы» деген еңбектерін, 1935 жылы жарық көрген С.Асфендияровтың «Қазақстан тарихы» еңбегін, М.Вяткиннің 1940 жылы шықты «Қазақ ССР тарихына байланысты очерктер» атты жинағын, М.Әбдіхалықов пен А.М. Панкратованың 1943 жылы жарық көрген «Қазақ ССР тарихы» атты ұжымдық еңбекті, ең алғаш Қазақстан тарихынан докторлық диссертация қорғаған қазақ тарихшысы Е.Бекмахановтың атақты «XIX ғасырдың 20-40 жылдарындағы Қазақстан» атты ғылыми еңбегін атап өткен орынды.

XX ғасырдың екінші жартысында тарих ғылымы идеологияның ықпалында болғанымен еліміздің тарихын зерттеуде елеулі үлес қосқан ғалымдар қалыптасты. Археологтар Ә. Марғұлан, О. Смағұлов, К. Ақышев, К. Байпақов, Х. Алпысбаев, тарихшылар М. Қозыбаев, Ж. Қасымбаев, Б. Көмеков, Б. Сүлейменов, Х. Арғынбаев, Д.И. Дулатова, М.С. Мұқанов тағы басқа авторлардың еңбектері маңызды орын алады.

Ал тәуелсіздік жылдарынан бері Қазақстан тарихының ақтаңдақ беттерін ақтарып, тарихымызды ұлттық болмысы тұрғысынан жазуға ат салысып жүрген беделді тарихшылардың тобы қалыптасты деп айтуымызға болады. М. Әбусейітова, Ж. Абылхожин, А. Күзембайұлы, Қ. Атабаев, Б.А. Аяған, Х.М. Әбжанов, Ж. Артықбаев, А.Ш. Алтаев, Т. Омарбеков, М. Қойгелдиев, Қ. Әбуев және басқа да тарихшылардың шығармашылықтары 1970-1980-ші жылдары басталғанымен, еңбектерінің көпшілік бөлігін егемендік тұсында жариялап жүр. Қазақстанның 1990- 2017 жылдардағы саяси, экономикалық, әлеуметтік-мәдени, халықаралық салалардағы өткен жолдары әлі де тиянақты зерделенуі тиіс.

Тәуелсіз Қазақстанның тарихнамасының маңызды арқауы ретінде Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентінің мемлекеттік қызметін, атап айтқанда, жаңа Қазақстанның жаңа елордасы – Астананың құрылғанын көрсетуге болады. Мемлекет басшысы өзінің «Еуразияның қақ ортасында»

атты еңбегінде (2005 ж.) тарихшыларға лайықты үлгі көрсетті. Онда Елбасы астананы көшірудің себептері мен салдарларын баяндап, мемлекетіміздің өркендеуі үшін Астананың қандай маңызы бар екеніне егжей тегжейлі, жан-жақты талдау жасап берді. Бұл бағытта қалыптасқан ғылыми, публицистикалық және құжаттардан тұратын: М.Қасымбековтің «Қазақстан Республикасында президенттік институттың қалыптасуы» (2000 ж.), «Елін сүйген Елбасы» (2005 ж.), Ж.Саданбековтің «Нұрсұлтан Назарбаев. Көшбасшылық заңдары» (2005 ж.), О.Видованың «Нұрсұлтан Назарбаев: портрет человека и политика» (1998 ж.), «Бәйтерек» жинағын (2003 ж.), Ә. Жақсыбековтің «Астана осылай басталған» атты еңбектерді атауға болады.

Соңғы онжылдықтардағы халықаралық қатынастарға баға берген Қ.Тоқаевтың «Тәуелсіздік жалауы астында. Сыртқы саясат туралы очерктер» (1997 ж.), «Қазақстан Республикасы дипломатиясы» (2002 ж.), «Жарық пен көлеңке» (2008 ж.); Т. Мансұровтың «Казахстанско-российские отношения в эпоху перемен» (2001 ж.) еңбектері бар. Тәуелсіз еліміздің саяси тарихы бойынша К. Бұрханов, Б. Сұлтанов пен Б. Аяғанның «Қазақстанның қазіргі саяси тарихы (1985-2000 жылдар)» еңбегін атап өтуге болады.

Қазақстанның қазіргі заман тарихын түсіну үшін төмендегі еңбектердің: «М. Қозыбаевтың «Ұлт және өркениет» (2001 ж.), Қ. Сұлтановтың «Время перемен» (2005 ж.), М. Жолдасбековтің «Ел тағдыры – ер тағдыры» (1997 ж.), Ғ. Есімнің «Политическая философия» (2006 ж.), Х. Әбжановтың «Казахстан: история, личность, теория» (2006ж.), Е. Ертісбаевтың «Казахстан и Назарбаев: логика перемен» (2001 ж.), Р. Қалиеваның «Республика Казахстан и современный мир» (2000 ж.), Т. Омарбековтің «Актуальные проблемы истории Казахстана» (2003 ж.), И. Агеевтің «Стратегическая матрица» (2006 ж.) және басқа да авторлар: Р. Медведевтің «Нұрсұлтан Назарбаев. Казахстанский прорыв и евразийский проект» (2008 ж.), А. Гурскийдің «Твердая поступь страны» (2007 ж.), Б.Г. Аяған, Х.М. Әбжанов, С.В. Селиверстов, М.С. Бекеновтің «Путь к лидерству: социально-экономические и политические реформы в Казахстане» (2007 ж.), «История независимого Казахстана» (2010 ж.) деп аталатын еңбектерінің жалпылама және нақты тарихи маңызы бар. Қазіргі Қазақстан тарихнамасының қорытындыларын шығару әзірше ертерек. Себебі, осы тақырып бойынша негізгі зерттеулерді жинақтау жүріп жатыр.

Бақылау сұрақтары:

- 1) Қазақстанның қазіргі заман тарихы» пәнін оқытудың мәні мен мазмұны неде?
- 2) Жалпы Отан тарихын кезеңдерге бөлуде қандай белгілеріне қарап ажыратамыз?
- 3) Деректану мен тарихнаманың бір-бірінен айырмашылығын айтып беріңіз.

2 дәріс. Қазақстанда қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық жағдай - тәуелсіздік үшін күрестің алғышарттары

1. Патшалық Ресейдің отаршылдық саясатын жүзеге асырушы құрал ретінде қазақ өлкесіне ресей шаруаларының қоныс аудару қозғалысы.
2. Аграрлық мәселенің шиеленісуі. Қазақтардың қауымдық жерлерін экспроприациялау және оның дәстүрлі шаруашылыққа тигізген әсері.
3. Столыпин аграрлық реформасы және оның салдары. XX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы этнодемографиялық жағдай.

Дәрістің мақсаты: патшалық Ресейдің қазақ өлкесіне қоныс аудару саясатының мақсаты, кезеңдері, әдістеріне талдау жасау және оның қазақ қоғамына тигізген салдарын ашып көрсету.

Дәрістің мазмұны: патшалық Ресейдің өлкені отарлаудағы басты құралының бірі – Қазақстанға Ресей шаруаларын қоныс аудару қозғалысының барысы, кезеңдері және оның әлеуметтік-экономикалық, демографиялық салдарлары қарастырылады.

1. Патша үкіметінің XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстанда жүзеге асырған әкімшілік реформалары қазақ елінің саяси тәуелсіздігін біржола жойғанымен, бұл реформалар көп ұзамай-ақ патшалық әкімшіліктің қазақ қоғамының ішкі өміріне тереңдеп еніп, оны игеріп алып кетуге әлі де болса әлсіз екендігін көрсетіп берді. Мұны жақсы түсінген патшалық әкімшілік XIX ғасырдың 60-жылдарының орта тұсынан бастап Қазақстанды отарлаудың «ең сенімді» жолына түсті. Ол Орталық Ресей шаруаларын қазақ жеріне қоныс аударту еді. Патшалық Ресейдің қоныс аудару саясаты бірнеше кезең арқылы жүзеге асырылды. Қазақстан тарихнамасында бұл қоныс аудару саясаты үш кезең бойынша бөліп қарастырылады.

I кезең XIX ғасырдың 70-80 жылдар аралығын қамтиды, ол 1889 жылғы 13 шілдедегі жарлық шыққанға дейін созылды.

II кезең XIX ғасырдың 90-жылдарынан 1905 жылға дейінгі уақыт аралығын қамтиды.

III кезең 1906 жылдан 1916 жылдар аралығын қамтиды.

Қазақстанға ресей шаруаларын қоныстандыру XIX ғасырдың 70-жылдарының соңы 80-жылдардан бастап қарқынды жүргізілді. Қоныс аударудың алғашқы кезеңі өз еркімен қоныс аударған шаруалар қозғалысымен анықталып, патша үкіметі өз еркімен қоныс аударғандар жағдайын реттеу мақсатына бірқатар жеке заң-актілермен, нұсқаулар қабылдады. Онда көзделген мақсат – қоныс аударуды үкімет өз қадағалуларына алып, оған көмек көрсету болды. Оған алдын ала дайындық шаралары жасалды. Мәселен, Жетісу облысы әскери губернаторы Колпаковский бастамасы бойынша Жетісуға шаруалардың қоныс аударуы туралы «Уақытша ереже» әзірленді. Бұл құжат 1868 жылдан бастап 1883 жылға дейін күшін сақтады. «Уақытша ереже» бойынша орыс қоныс аударушыларына (ерлерге) 30 десятина жер беру, 15 жылға алым-салық және түрлі міндеткерліктерден босату, 100 сом мөлшерінде көмек беру және басқа жеңілдіктер анықталып, көрсетілді. Қоныс аударған шаруалар жағдайына қатысты оларға жасалатын жеңілдіктер туралы

жаңа ережелер XIX ғасырдың 80-жылдарынан дайындалды. Оларда да жаңа келіп қоныс тебушілер үшін берілетін жеңілдіктер сақталды, тек жер мөлшері аздап төмендеді. Айталық, 1886 жылғы дайындалған:

«Түркістан генерал-губернаторын басқару туралы Ереже» бойынша 10 десятина (ерлерге) жер беру, қоныс аударушыларды алым-салық және міндеткерліктен 5 жылға босату, кейінгі жылдары алымды тек жартылай төлеу жеңілдіктері сақталды.

Арнайы ереже 1889 жылғы 13 шілдеде қабылданды. Онда қоныс аудару тек Ішкі істер министрлігі және Мемлекеттік мүлік министрлігі арқылы алдын ала шешілуі қажет делінген. Тиісті үлестік мөлшері жергілікті өкімет құзырына берілді. «Ережеде» шаруалардың қоныс аударып, тұрақтайтын аудандары нақты анықталып көрсетіледі: Жетісу, Ақмола және Семей облыстарының аумағына ресейдің европалық аудандарынан көшкен шаруалар көптеп қоныстануы белгіленді. Атамекенінен қоныс аударған шаруаларға қажетінше жерді үлестіру кеңінен жүргізілді. Тек 1885 жылды қоса алғанда, Ақмола облысы қазақтары жерінен 251779 десятина мөлшерінде тартып алынды. Онда 10 740 ер адамы бар 24 қоныс аударушылар бөлімшесі (учаскелері) құрылған еді. Семей облысы бойынша 33 064 десятина егістік жер жергілікті тұрғындар иелігінен алынды. Жетісу облысынан 12 жылда (1868-1880 жж.) 3324 отбасы қоныс аударып, оның 2099 селолық құрылымға біріксе, 1225 отбасы қалаларда тұрақтанды.

1889 жылғы Заң күші Торғай және Орал облыстарына да таралды. Заң қоныс аудару мәселесін үкімет құзырында қалдырды, қоныс аударушылар үшін арнайы рұқсат қағаз қажет болды. Түйіндеп айтсақ, патша өкіметі орыс шаруаларының еркінше қоныс аударуын қадағалап, реттеуді көздеді. Алайда шаруаладың өз еркінше қоныс аударуы ретсіз қозғалыс боп қала берді.

2. Патша үкіметі өзінің қоныс аудару саясатын қарқынды жүргізуді көздеп, 1892-1893 жж. Ұлы Сібір темір жол құрылысын бастады. Қазақтар жерін экономикалық игеру мақсатында «артық», «бос» жатқан жерді анықтайтын түрлі экспедиция құрылып, жедел жұмысқа кіріскен еді. Комиссиялар алдында қойылған талап біреу – барынша көп мөлшерде қазақтар жерінен «бос», «артық» деген жерді анықтау арқылы қоныстанушылар «қорын» толықтыру болды. Сондай-ақ, жергілікті әкімшілік басқару жүйесін қалыптастыруға үлкен назар аударылды. Нәтижесінде XIX ғасыр соңына қоныс аударушылар басқармасының орталықтандырылған біртұтас жүйесі құрылды. Транссібір темір жолы қазақ жерінің солтүстік өлкесі арқылы жүргізілді. Ақмола облысы әкімшілігіне қараған осы өңірде құрылған 5 уездің 3 уезінен 160 мың келімсек орыс-украин шаруаларын қоныстандыру үшін 2241503 десятина жер бөлінді. Мұнда, экономист Ф.А. Щербина басшылығымен «қоныстанушылар қорын» жасау үшін арнайы статистикалық экспедиция жасақталды. Арнайы экспедиция 1896-1902 жылдарда Ақмола, Торғай және Семей облыстарының 12 уезін қамтып, қазақтардың мал шаруашылығының қажетті пайдаланылатын «нормасын» «187 десятина жер 24 мал басына жеткілікті» - деп анықтады. Зерттелген 8

уездің жергілікті қазақтарға тиесілі жер мөлшері – 51 %, қалған 49 % жері «қоныс аударушылар қорында» қалды. Экспедиция жұмысы нәтижесімен қанағаттанбаған патшалық әкімшілік қазақтар пайдалануындағы жер «нормасын» азайтып, «артық» деген жерді қосымша анықтау арқылы жоғарыда аталған уездер бойынша «қоныстанушылар қорын» 63 % дейін көбейтті. Қоныс аударушылар қатары жылма-жыл артып, олар тұрақтанған жерде мыңдаған қоныстар пайда болды. Қазақстанның солтүстік, батыс және шығысында жаңа келіп қоныстанған орыс және украин шаруларымен қоса, орыс-казак станицалары салынды. Мәселен, Ақмола, Торғай және Орал облыстарында тұрғын қазақтармен салыстырғанда, келімсек орыс-казактар және орыс, украин шарулар есебінен жалпы халық саны өсті. 1897 жылғы жалпы ресейлік халық санағы бойынша, тек бір Ақмола обылысында орыс тұрғындарының көрсеткіші 33 % жеткен.

Қазақстанның оңтүстігінде 14 мыңдай ресейден қоныс аударған шарулар және әскери адам қоныстанды. XX ғасырдың 80-жылдарында мұнда 5 уезд және 80-нен астам елді мекен пайда болды. Патшалық үкіметтің жедел қарқында жүргізілген қоныс аудару саясаты нәтижесінде келімсек ресейден келген шаруларға ең шұрайлы жайылымдық, егістік, су көздеріне бай, орманды жерлер берілді. Тұрғылықты қазақтар болса, сусыз, малға тиімсіз аймақтарға зорлықпен, түрлі амал-айламен қоныстарынан көтеріле көшуге мәжбүр болды. Қоныс аудару салдарынан жергілікті тұрғын саны азайып, демографиялық ахуал күрделене түсті. Қазақтар сан жағынан 1897 ж. санақ бойынша 87%-ке дейін азайды. Келімсек орыс және украиндардың саны 532,7 мыңға, татарлар - 55,4 мыңға, өзбектер - 73,5 мыңға, ұйғырлар - 56 мыңға артқан. Бұл сандық көрсеткіштер жаңа XX ғасырда ұлғая түсті.

Патша үкіметі 1901 жылы Жарлық шығарды, онда жеке адамдарға қазыналақ жерлерден үлестік жер бөліп беруге рұқсат етілді. Қазақтар жері қазыналық деп есептелді және 1867-1868 жылдар реформасына сәйкес мемлекеттік меншік болып жарияланған болатын. 1904 жылы Қоныс аудару басқармасы құрылып, оған орталық Ресейден шаруаларды қоныс аударту ісін қадағалау толығымен жүктелген еді.

1904 жылы 6 маусымда шыққан енді бір заңда «село тұрғындары мен мешан- егіншілердің өз еркімен қоныс аудару туралы» делінген. Бұл аталған заңдық күші бар құжаттардың барлығы қазақ халқын өз ата-қонысы болған туған жерінен ығыстырылуға, тұрмыс ауыртпалығын бастан кешуге, мәжбүрлікке душар етті.

3. Жоғарыда қоныс аудару саясатының үшінші кезеңі 1906-1916 жылдар екені туралы айтып өттік. Бұл кезеңді кейде «Столыпин аграрлық реформасы» деп те атайды. 1905-1907 жылдардағы орыс революциясының басты міндеттерінің бірі жер (аграрлық) мәселе болатын. Жеңіліске ұшыраған орыс революциясы бұл мәселені түпкілікті шеше алмады. Сондықтан да, патша өкіметі бұл мәселені реформа жасау арқылы шешуге ұмтылды. Помещиктік жер иеленуді сақтай отырып, аграрлық мәселедегі дағдарыстың себептерін

жою мақсатында Ресейдің ауыл шаруашылығы министрі Столыпиннің аграрлық реформасы қабылданды.

Столыпин реформасы селолық қауымды ыдыратуға және патша өкіметінің деревнядағы тірегі болып табылатын жаңа қауым – кулактарды қалыптастыруға бағытталды. Помещиктік жер иеленудің мұртын да бұзбай бұл шараны жүзеге асыру үшін жаңа жерлер қажет болды. Сондықтан да Столыпин реформасын жүзеге асыру үшін қазақ өлкесіне ресейден шаруаларды қоныс аударудың жаңа толқыны басталды.

1906 жылдан 1913 жылға дейін Ақмола, Торғай, Семей облыстарына 430 мың шаруашылық қоныстанды. Столыпиннің аграрлық саясаты орталық аудандардағы шаруалар толқуын болдырмауды және шығыс аудандарға, әсіресе, Қазақстанға қоныс аударған шаруалар арасынан өзінің жер саясатын және отарлық мүддесін одан әрі тереңдету үшін кулак топтары арқылы тірек табуды да ойлады. 1917 жылы қазан төңкерісінің қарсаңында Қазақстанды жергілікті халықтан тартып алынған жалпы жер көлемі 45 млн. десятинадан асты. Патша өкіметінің қоныс аудару саясатының нәтижесінде қазақ шаруаларының күйзелісі мен отарлық езгі бұрынғыдан да күшейіп, жер мәселесінің дағдарысы тереңдей түсті.

Осы арада айта кеткен орынды, XIX ғасырдың соңында Қазақстанға Ресей шаруаларымен қатар ұйғырлар мен дүнгендер де қоныс аударды. Өйткені 1871-1881 жылға дейін Іле аймағы патшалық Ресейдің қол астында болды. 1881 жылы 12 ақпанда Қытай мен Ресей арасында «Петербург шартына» қол қойылды. Шарттағы 17 баптың алғашқылары келісімнің мәнін жан-жақты ашып көрсетті. Мысалы, шарттың 3-бабында: «Іле аймағының тұрғындарына Қытай қоластындағы мекендерінде қалу немесе Ресей жерлеріне көшіп, Ресей азаматтығын қабылдау ұсынылады» - деп қарастырылған. Ұйғырлар мен дүнгендерді Жетісуға қоныстандыру арқылы патша үкіметінің көздеген мақсаты - оны жергілікті халықтың ұлт-азаттық көтерілісіне қарсы қолшоқпар ретінде пайдалануды көздеді. Бұл мәселе бойынша арнайы комиссия құрылып, қоныс аударғандарды Шелек және Іле өзенінің аралығында орналастыру туралы шешім қабылданды. Ұйғырлар мен дүнгендердің Жетісуға қоныс аударуы 1881-1883 жылдар аралығында жүзеге асырылып, 1884 жылдың басында 45373 ұйғыр отбасы қоныс аударды, оның 24628 ер адам болса, 20745 әйелдер болды. Сонымен қатар, Қазақстанға 5055 дүнген қоныс аударды.

Қоныстанушылардан жаңадан 5 болыс: Жаркент, Ақсу-Чарын (қазіргі Ұйғыр ауданы), Малыбай (Шелек ауданы), Қорам (Шелек ауданы), Қарасу (Еңбекшіқазақ ауданы), Кетпен болыстары құрылды (қазіргі Жаркент ауданында). Жаңа құрылған болыстың басшысы болып сол бұрынғы Іле аймағында болған басшылар сайланды.

Сонымен, қорыта айтқанда, ресей шаруаларын қазақ өлкесіне қоныстандыра отырып, қазақ халқын шаруашылыққа жарамды жерлерінен айыру процесімен бір мезгілде отарлаушы әкімшілік жүйесінің жаңа жағдайға байланысты одан әрі жетілдіріп, нығая түскендігін, сондай-ақ отарлау ісінің

құрамды бөлігі қазақтарды мәдениетінен, тілінен, дінінен айыру т.б. шараларының да жүйелік, мақсаттылық сипат алғандығын байқаймыз.

Бақылау сұрақтары:

- 1) XIX ғ. соңы мен XX ғасырдың басында Қазақстанда патша өкіметінің аграрлық саясатының ерекшеліктері ретінде не сипаттайды?
- 2) Қоныс аудару мекемелеріне қандай міндеттер жүктелді?
- 3) Столыпиннің аграрлық саясатының қазақ қоғамына тигізген салдары қандай болды?

3 дәріс. Қазақ халқының ұлттық қозғалысының қайнар көздері

1. Қазақ ұлттық интеллигенциясы: қалыптасуы, құрамы, қоғамдық қызметі.
2. Аграрлық мәселе және қазақтардың Ресейдің I – II Мемлекеттік Думасына қатысуы. Б. Қаратаевтың, Т. И. Седельниковтің, А.Бірімжановтың қызметі. Қазақ ұлттық баспасөзінің дамуы.
3. Ресейдегі Ақпан буржуазиялық – демократиялық революциясы және оның Қазақстанға ықпалы. Қазақстандағы саяси ағымдар мен партиялар (Алаш, Үш жүз, Шуро-и-Ислам).

Дәрістің мақсаты: Алаш партиясын құруға мұрындық болған қазақ зиялыларының қоғамдық-саяси көзқарастарының бастау көздерін, құрамын және олардың алғашқы саяси әрекеттерге араласу жолдарын анықтау. 1917 жылғы қос революция тұсында құрылған саяси ағымдар мен партиялардың ұстанған бағыты мен қызметін талдау

Дәрістің мазмұны: қазақ ұлттық интеллигенциясының қалыптасу тарихы зерделеніп, олардың бірінші орыс революциясы мен 1917 жылғы ақпан буржуазиялық-демократиялық революциясы аралығындағы саяси қызметі қарастырылады.

1. XX ғасырдың алғашқы онжылдығында көптеген елдер, олардың ішінде Ресей де, дамудың индустриялық кезеңіне нықтап аяқ басты. Ресей өнеркәсіптік төңкерісін аяқтап, өзінің отарлы аймақтарын, олардың қатарында Қазақстанды да, жаңа әлуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси қатынастардың аясына тартты. Өлкеде жекелеген өнекәсіп орындарының, темір жолдардың, майда кәсіпкерліктің қалыптасуы, банк т.б. пайда болуы қазақтар арасында жаңа әлуметтік топтар мен қауымдастықтардың өмірге келуіне септігін тигізіп жатты.

Қазақ өлкесіндегі әлеуметтік-экономикалық және саяси хал-ахуал аграрлық, ұлттық мәселелердің шиеленісуімен ерекшеленді. Қазақстанда осы шиеленістен туындайтын аграрлық және ұлт-азаттық қозғалыс ең алдымен отаршылдыққа қарсы бағытталды.

XX ғасырдың бас кезінен өрістей бастаған қазақ қауымына тән қоғамдық қозғалыс өз алдына буржуазиялық-демократиялық мәні бар

жалпыұлттық мақсат-міндеттерді: ұлттық тең құқылық, халықтың мәдениетін көтеру, оқу-ағарту ісін жетілдіру, әйел теңдігін қамтамасыз ету, көшпенділерді отырықшандыру сияқты міндеттерді қойды. Басқа сөзбен айтқанда бұл істің басы-қасында болған жаңадан қалыптаса бастаған қазақтың аз ғана тұңғыш интеллигенттері жалпы ұлттық сұраныстарға жауап беруге және оларды шешуге тырысты.

Қазақ интеллигенциясын қалыптастыруда Петербург, Мәскеу, Варшава, Ресейден тыс шетелдік шығыс оқу орындары, Қазан университеттері мен басқа да жоғарғы оқу орындары, сондай-ақ Сібірдің жоғарғы және арнаулы орта білім беретін оқу орындары да айтарлықтай рөл атқарды.

Революцияға дейінгі қазақ интеллигенциясы өзінің шыққан ортасы тұрғысынан алғанда әр текті болды: олардың қатарында ақсүйек, бай әулеттерінен шыққандар да, орта дәулетті отбасы өкілдері де, жекелеген қарапайым шаруалардың балалары да болды. Олардың жоғарғы және арнаулы орта оқу орындарынан алып шыққан кәсіби мамандықтары да әртүрлі болды. Бұлар отарлы қазақ өлкесінің басқару аппаратында әртүрлі жұмыс атқарған чиновниктер, денсаулық сақтау мекемелерінің қызметкерлері, журналистика, оқу-ағарту және мәдениет саласында еңбек еткендер және сан жағынан басқа топтардан аз болмаған иженер-техник қызметкерлерден тұрды. Осылар ХХ ғасыр басындағы қазақ қауымының рухани және саяси сұраныстарына мүмкіндігінше толық жауап беруге үлестерін қосты.

Ресейдегі 1905-1907 жылдардағы революцияның Қазақстан үшін де тарихи кезең болғандығы даусыз. Бұл жылдары Ә. Бөкейханов атап көрсеткендей, «бүкіл дала саясат аясына тартылып, азаттық үшін қозғалыс тасқыны құрсауына енді». Бұл жылдары қазақ ұлт зиялыларының қоғамдық-саяси қызметіндегі белсенділігі де арта түсті. Олар 1905 жылдың желтоқсанында Оралда бес обылыстың қазақ халқы делегаттарының съезін өткізіп, өз партиясын - Ресей конституциялық-демократиялық (кадет) партиясының бөлімшесін құруға әрекет жасаған болатын. Ондағы мақсаты -17 қазанда жарияланған патша Манифесі берген бостандықтар шеңберінде қазақтардың ұлттық мүддесін қорғау еді. Осыған байланысты 1906 жылдың ақпанында Семей қазақтарының екінші съезі өткізілді. Ол кадеттерге жақын бағдарламаны мақұлдады. Сонымен қатар, оған өлкеге шаруалардың қоныс аударуын тоқтату, Қазақстанның барлық жерін байырғы халықтың меншігі деп тану, ұлттық мектептер ашу, дін ұстау тағы басқа да талаптар енгізілді. Олардың басында Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Тынышбаев, М. Шоқаев, М. Дулатов, Б. Қаратаев, А. Бірімжанов және қазақ зиялыларының басқа да көрнекті қайраткерлері жүрді.

2. Осы жылдары Қазақ халқының саяси ой-өрісінің дамуында І-ІІ Мемлекеттік Думаға сайлау жүргізу науқаны маңызды рөл атқарып, онда қазақ зиялыларының көптеген өкілдері белсенді қызметімен көзге түсті. Мәселен, І-ші Мемлекеттік Думаға қазақ халқы атынан 4 депутат: Ә. Бөкейханов, А. Бірімжанов, А. Қалменов, Б. Құлманов сайланды. Олар Дума жұмысына мұсылман депутаттары фракциясы құрамында болды. ІІ-ші Мемлекеттік

Думаға 6-ы қазақ ұлтының өкілдері: Б. Қаратаев, А. Бірімжанов, Т. Алдабергенов, Х. Нұрекенов, Ш. Қосшығұлов, М. Тынышбаев сайланды. Екінші Дума депутаттарының құрамы жағынан болсын, күн тәртібіне қойылған мәселелерді талқылау жағынан болсын бірінші Думаға қарағанда солшыл бағытта болғанды. Негізгі пікір тартысын тудырған мәселелердің бастысы аграрлық және қоныс аудару мәселесі болды. Әсіресе, депутаттар Б. Қаратаев, А. Бірімжанов, Ш. Қосшығұлов, Х. Нұрекенов өте белсенді түрде, заң шеңберінде патша өкіметінің қоныс аудару саясатына қайткенде бір ықпал етуге тырысты. Мәселен, 1907 жылы 17 мамырда депутаттық сауалға байланысты жарыссөзде депутат Б. Қаратаев сөйледі. Ол өзінің сөзін қазақ халқы үшін ең маңызды іске айналған жер мәселесіне арнады: «Үкімет, біріншіден, Ресей ішіндегі помещиктер мүддесін, яғни, 130 000 помещиктің мүддесін қорғау үшін» жерсіз орыс шаруаларына қазақ жерлерін тартып әперіп отыр. Екіншіден, үкіметтің бұл саясаты ашықтан-ашық ұлы державалық, шовинистік негізде жүргізілуде. Соның нәтижесінде жерге орналастыру мекемелері қазақтарды «орныққан орындарынан, поселке, деревня құрап отырған үйлерінен жаппай қуып шығумен айналысып отыр». Әрине, бұл сөз жүзінде патша үкіметінің қазақ даласындағы отарлау саясатын жергілікті халықтың атынан әшкереп еді. Б. Қаратаев орыс халқының еңбекші бұқарасы мен зиялы қауымын қазақ елін осындай ауыр жағдайына көңіл аударуға шақырды.

II Мемлекеттік Думада қазақ халқының мүддесін қорғап Орынбор облысынан депутат Т. Седельников және депутат Н. Бородин сөз сөйледі.

Қазақ халқының 1905-1907 жылдардағы революциялық қозғалысқа қатысуы, олар үшін ұлттық және әлеуметтік мүдделер жолындағы күрестегі үлкен мектеп әрі саяси тәжірибе болды.

XX ғасырдың екінші онжылдығында Қазақстанда ұлттық сана өрлеу үстінде болды. Қазақ қоғамындағы ұлттық қозғалыс бүкіл халықтық сипат ала бастады. Ұлттық қозғалыстың әртүрлі ағымдары қалыптасып, оның негізгі күші ұлттық интеллигенция болды.

«Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінің жарыққа шығуы отарлық езгіге қарсы күрестің мазмұнына сапалық өзгерістер енгізуде және қоғамдық саяси ойдың дамуына үлкен серпін берді. «Айқап» пен «Қазақ» әлеумет істеріне бұрыннан араласып жүрген азаматтардың ой-пікірлерін ғана жариялап қоймай, сонымен бірге жас қаламгерлердің де қаламын ұштап, саяси ой жүйесі, көзқарасының қалыптасуына мүмкіндіктерін кеңейтті.

«Айқап» журналы қазақ елінде 1911-1915 жылдары шығып тұрды. Оның шығарушысы және редакторы Мұхамеджан Сералин (1871-1929 жж.) болды. Журнал Қазақстандағы сол кезеңнің идеялық-саяси ой-пікірдің аграрлық-демократиялық бағыттарын білдірді. Оған Б. Қаратаев, Ж. Сейдалин, С. Торайғыров, Б. Майлин және басқалар қатысып тұрды. Журнал беттерінде негізгі мәселелер қатарында оқу-ағарту ісі мен аграрлық мәселе, яғни жер қатынастары, көшпенділердің дәстүрлі мал шарушылығы және олардың

отырықшылыққа көшуі туралы мақалалар көптеп жазылды. Сондай-ақ, журналда патша өкіметінің отаршылдық саясаты әшкерленіп отырды.

Сонымен қатар, Орынбор қаласында 1913-1918 жылдары А. Байтұрсыновтың басшылығымен шығып тұрған ресми «Қазақ» газеті болды. Ол либерал-демократиялық бағыт идеяларын ұстанды. Газет редакциясында сол кездегі қазақ конституциялық-демократиялық партиясының және қазақ халқының жалпы ұлттық қозғалысының жетекшісі, экономист-ғалым Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов және басқалар қызмет істеді. Олар ең күрделі аграрлық мәселеде жерге Ресей патшалығының тарапынан мемлекеттік меншіктің күшін жою және оны қазақтардың меншігіне беру, жер сатуға тыйым салу талаптарын қойды.

Қазақ халқы дамудың қандай бағытын таңдауы керек, қандай жолмен жүруі қажет деген мәселе бойынша: «Айқап» газеті исламдық бағыттағы шығыстық үлгіні ұсынса, «Қазақ» газетінің төңірегіне орналасқан зиялылар ұлттық ерекшеліктерді сақтай отыра батыстық өркениет даму жолының бағытын ұсынды.

«Қазақ» газеті мен «Айқап» журналы қазақ халқының саяси және рухани өмірінде терең із қалдырды. Бұл жалпыұлттық деңгейге көтерілген басылымдар халықтың санасын жандандыруда маңызды роль атқарды. Ал Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, М. Сералин, Б. Қаратаев сынды зиялы қауымның алдыңғы қатарлы өкілдері қазақ халқының ғасырлар бойы отарлық езгіге қарсы азаттық күресін жаңа сапалық деңгейге көтерді. Ол бұрынғы қарулы көтерілістерден саяси-интеллектуалдық деңгейге көтерілді.

3. Ресей империясының барлық саяси жүйесіне тән дағдарыстың салдары болып табылатын 1917 жылғы Ақпан революциясының нәтижесінде патша үкіметі құлатылды. Ол Ресей халықтарының, оның алдыңғы қатарлы күштерінің патша билігіне, крепостниктік құрылысқа және отарлық езгіге қарсы көп жылдық күресінің жеңісімен аяқталды.

1917 жылы 28 ақпанда М.В. Родзянконың басшылығымен Мемлекеттік Думаның комитеті құрылып, мемлекеттік және қоғамдық тәртіпті қалпына келтіруді өз қолына алғанын мәлімдеді. 2 наурыз күні Мемлекеттік Думаның Уақытша комитеті мен Петроград Кеңесінің арасындағы келісім бойынша Уақытша үкімет құрылды.

Патшалық билікті құлатқан Ақпан революциясын қазақ қоғамы зор қуанышпен қарсы алды. «Қазақ» газеті 9 наурыздағы санында: «...Қазақтың оң жағынан ай, сол жағынан күні туды, жақсылық, қуаныш тек орыстікі емес, отаны Руссия болған жұрттың бәріне тегіс жақсылық, бәріне тегіс қуаныш» - деп жар салды. Ақпан революциясы қалың бұқараның саяси құқықтарын кеңінен пайдалануына мүмкіндік жасады, олардың саяси күреске ашық араласуын қамтамасыз етті. Елдегі қоғамдық өмірде саяси партиялардың рөлі орасан өсті. Революция патшалық цензураны жойды. Жұртшылық сөз және жиналыс бостандығын кеңінен пайдаланды.

Уақытша үкіметтің ұлттық мәселе бойынша қабылдаған алғашқы актілерінің бірі 1917 жылы 20 наурызда Ресей азаматтарының құқындағы діни

наным-сеніміне, ұлтына қарай шектеушілікті алып тастау болды. Көктен іздегендері жерден табылғандай болған халық Уақытша үкіметке барынша қолдау көрсетуге даяр екендіктерін білдіріп, империяның түкпір-түкпірінен құттықтау жеделхаттар жөнелте бастады.

Ақпан революциясының қазақтар үшін қаншалықты маңызды болғанын А. Байтұрсынов: «Алғашқыда революцияны қазақтар тура түсініп, қуанышпен қарсы алса, ол, біріншіден, бұл революцияның оларды патша өкіметінің қанауы мен зорлығынан құтқаруына, екіншіден, оларды өзіміз басқарсақ деген ескі үмітінің нығая түскенінде еді», - деп түсіндіреді. Халықтың Уақытша үкіметке барынша қолдау көрсетуіне оның 1916 жылғы 25 маусым жарлығының күшін жойып, бұратаналарды қара жұмысқа алуды тоқтатуын, ал 7 наурызда 1916 жылғы көтеріліске қатысушыларға амнистия жариялау сияқты шараларды да ықпал етті. Бұл жөнінде М. Дулатов: «Сары әскер» қарсылық қылған елдерге лек-легімен аттанып, казак-қырғыз даласын қызыл қанға бояуға кірісіп еді. Он айға жетпей патша өкіметі құламаса, Ресейдегі ұлы төңкеріс болмаса, не болар еді», - деп жазды.

Ақпан революциясының жеңісі Қазақ өлкесі мен Түркістан аймағында халықтың мұң-мұқтажын жоқтайтын саяси күштер: «Алаш» ұлттық демократиялық партиясын, большевиктердің мүддесін қорғайтын «Үш Жүз» радикалдар партиясын және түрікшілдік пен исламды жақтайтын «Шуро-и-Ислам» т.б. саяси ағымдар, ұйымдар, партияларды тарих сахнасына шығарды. Аумалы төкпелі 1917 жылғы қос революция тұсында құрылған «Алаш», «Шоро-и-Ислам», «Үш жүз» партияларының қызметіне қысқаша тоқталайық.

«Алаш» партиясының құрылуы, мақсаты мен қызметі 1917 жылдың жазына қарай қазақтың либерал-демократиялық қозғалысы жетекшілерінің Уақытша үкіметке деген сенімі әлсіреуінен туындады. Өйткені Уақытша үкімет Қазақстанда түбірлі әлуметтік-саяси мәселелер бойынша іс жүзінде құлатылған патша үкіметінің саясатын жүргізуін жалғастырды. Өзінің мәні жөнінен империялық билеу мен басқару органы болған Уақытша үкімет нағыз демократиялық тұрғыдан ұлт және аграрлық мәселелерді шешуді қолға алған жоқ. Басқа езілген халықтар сияқты, қазақ халқының өзін-өзі билеу, Қазақстан өз алдына ұлттық-демократиялық автономия болу жөнінде мәселені мемлекеттік дәреже деңгейінде көтереді деген үмітті Уақытша үкімет ақтамады. Осыдан кейін Уақытша үкіметтегі шешуші позицияға ие болып отырған кадеттерге деген Ә Бөкейхановтың көзқарасы күрт өзгерді. Ә Бөкейханов кадет партиясынан іргесін аулақ салып, енді қазақ автономиясын құруға мұрындық болуға тиісті ұлттық-саяси партия ұйымдастыруға бел шеше кірісуі үлкен саясаткерге тән батыл қадам болды. Бірінші бүкілқазақтық съезд 1917 жылғы 21-26 шілдеде Орынбор қаласында өтті. Съезде «Алаш» ұлттық-саяси партиясының бағдарламасы жарияланды, жыл соңына қарай ұйымдық тұрғыдан қалыптасты.

«Алаш» партиясы күрделі 1917 ж. үш ірі мәселені шешуге үлкен үлес қосты. Біріншіден, партия мүшелері халық арасында, қазақ зиялылары ішінде ең алдымен шешілуге тиіс жалпыұлттық зәру мәселелерді талқылауға

мұрындық болып, сол мәселелер бойынша ортақ тұжырымдарға келуде басты роль атқарды. Бұл тұжырымдар партия бағдарламасының жобасында («Қазақ», 1917, № 251) берілді. Екіншіден, партияның ұйтқысы болған қайраткерлер қазақ елінің Алаш автономиясы атанған ұлттық мемлекетінің өмірге келгенін жария еткен екінші жалпықазақ съезін (1917 ж. желтоқсан) даярлап өткізді. Осы съезде өмірге Алашорда ұлттық үкіметі келгені мәлім. Үшіншіден, осы жылғы қарашада болып өткен Бүкілресейлік Құрылтай депутаттар сайлауында барлық қазақ қайраткерлері «Алаш» партиясы атынан депутат сайланды. Осы Құрылтайға депутаттар сайлау барысында барлық қазақ облыстарында «Алаш» партиясы ең көп дауыс алған партия болды. Объективті жағдай, күрделі де қатал өмір ағымы «Алаш» партиясының саяси күреске білек түріп араласып кеткен ірі саяси күшке айналуына мүмкіндік бермеді.

Исламшылдар «таза ислам» жолын, ал түрікшілдер модернизм және прагматизм бағытын ұстанды. «Шуро-и-Ислам» алғашқы кезде бұл екі бағытты біріктірсе, құрылғаннан кейін үш айдан соң, яғни 1917 жылы шілдеде оның құрамына «таза ислам одағы» - «Шуро-и-Улем» бөлініп шықты. Улемшілер өздерінің жетекшісі адвокат С. Лапиннің басшылығымен «шариғат бойынша таза мұсылман ұстанымдары негізінде мұсылмандардың өзін-өзі билеу құқықтарын іске асыру» бағытында тұрды. Біз қарастырып отырған уақыт аралығында бұрынғы Сырдария және Жетісу облыстарында қазақ пен қырғыз және мұсылмандар арасында «Шуро-и-Ислам» партиясы беделге ие болды. Өйткені қым-қиғаш 1917 жылдың дүрбелең тұсында Қазақ комитеттері, «Алаш», «Шуро-и-Ислам» т.б. саяси партиялар мен ұйымдар ұлттық мүддені қорғаштаған еді.

Ал енді «Үш Жүз» партиясына тоқталатын болсақ, бұл партия өзінің саяси ықпалы Қазақ өлкесінің солтүстік-шығыс аймағында жүрді. «Үш Жүз» партиясының Орталық комитеті Омбыда орналасты. Оның негізін қалаушы Мұқан Айтпенев болды. Бірақ «Үш Жүз» партиясының қызметі Көлбай Төгісов есімімен тығыз байланысты еді.

1917 жылдың соңы мен 1919 жылдың наурызына дейінгі аумалы-төкпелі саяси дүрбелең жағдайында К. Тоғысов «Алаш» партиясына қарсы күрес жүргізіп, оның саяси сахнадан кетуіне күш салды. «Үш Жүз» партиясының қызметіне терең талдау жасаған М. Қойгелдиев: «...Үш жүз» аталатын саяси ұйым өзінің пайда болу негізі жағынан да, әлеуметтік базасы жағынан да, терең, табиғи қоғамдық сұраныстан гөрі, сол тарихи кезеңдегі саяси дүрмек ағымында әлеуметтік саяси айқындамасы толық қалыптасып үлгермеген, бірақ ықпалды саяси күшке айналу ниеті саяси ұйым құруға алып келген түрлі әлсіз элементтердің жиынтық көрінісі болып табылады» деген тұжырым жасады. 1919 жылы наурызда, жетекшілерінен айрылған «Үш Жүз» партиясы да өз қызметін тоқтатты.

Бақылау сұрақтары:

- 1) Қазақ интеллигенциясын қалыптастыруда қандай оқу орындары айтарлықтай роль атқарды?
- 2) 1907 жылы 17 мамырда Ресейдің II- Мемлекеттік Думасында депутат М. Қаратаев қазақ халқы үшін ең маңызды қандай мәселені көтерді?
- 3) Ақпан революциясының қазақтар үшін қаншалықты маңызды болғанын не сипаттайды?

4 дәріс. Кеңестік Қазақстанның қалыптасуы: жергіліктендірудің мәселелері

1. Қазақстанда Кеңес өкіметін орнатудың ерекшеліктері.
2. Азаматтық қарсыласу жылдарындағы Қазақстан. «Әскери коммунизм саясаты».
3. Қырғыз (Қазақ) АКСР-ң құрылуы. Территориялық шекараның командалық-әкімшілік жолмен шешілуі. Жаңа экономикалық саясат (ЖЭС).

Дәрістің мақсаты: Қазан төңкерісінен кейінгі кеңес өкіметінің орнатудың ерекшеліктері, мәні, саяси күштердің тартысы, зардаптары мен елдің шаруашылығының күйзелуін көрсету. Кеңестік Қазақстан республикасының құрылуы күрделі жағдайда жүзеге асқандығын зерделеу.

Дәрістің мазмұны: Қазақстанда Кеңес өкіметінің орнауы барысы талданып, кеңестік биліктің азаматтық қарсыласу жылдарындағы саясаты мен одан кейінгі халық шаруашылығын қалпына келтіру жолындағы іс-шаралары және Қазақ АКСР-нің құрылуы мәселелері қарастырылады.

1. 1917 жылдың басындағы Ақпан революциясының нәтижесінде патша тақтан құлады. Оның орнына қос үкімет орнады. Бір жағынан негізгі буржуазиялық уақытша билік орнаса, оған балама жұмысшы, солдат және шаруа депутаттарының Кеңестері күш ала бастады.

Алайда 1917 жылғы Ақпан буржуазиялық-демократиялық революциясының нәтижесінде орнаған Уақытша үкімет халықтың мұң-мұқтажын толық шеше алмады. Ұлт мәселесі, отарлық езгі, жер мәселесі мен әлеуметтік қанаушылық өз шешімін таппады, патша үкіметінің заңдары өз күшінде қалды. Қазақ өлкесіндегі шұрайлы-шүйгін жерлер казак-орыс иеліктерінде қалса, әлеуметтік артықшылықтар кулактардың, бай-шонжарлардың қолында болды.

1917 жылдың жаз айларынан бастап барлық өлкеде қара халықтың басым көпшілігі большевиктерді қолдай бастағаны белгілі. Жұмысшы-шаруалардан құрылған Кеңестердің ықпалы күшейді. «Бүкіл өкімет Кеңестерге берілсін!» деген ұран қарулы көтеріліске жетелеп, Уақытша өкіметті құлатуға шақырды.

1917 жылдың 24 қазанында Петроградта қарулы көтеріліс басталып, жұмысшы-солдаттар жасақтары стратегиялық нысандарды басып алады. Ал, 25 қазан күні Уақытша өкімет құлатылды. Нәтижесінде большевиктер

партиясы Ресейде Кеңес билігін орнатады. Олар халықты өздеріне қарату мақсатында «Жер туралы», «Бейбітшілік туралы», «Ұлттардың тәуелсіздігі туралы» декреттерді жариялады. Қазақстанда Кеңес өкіметі екі жолмен орнады. Қазақстанның өндірістік аймақтарында бейбіт түрде, ал казактар шоғырланған өлкелерде қарулы күшпен орнады.

1917 жылдың қазан айынан бастап, 1918 жылдың наурыз айына дейін Кеңес өкіметі Қазақстанның ірі елді мекендері мен қалаларында орнаса, ауылдар мен селолық жерлердің басым көпшілігінде бұл үрдіс азамат соғысы басталғанға дейін созылды. Қазақ өлкесінде Кеңес өкіметін орнату жолында Ә. Жангелдин, О. Жандосов, Т. Бокин, С. Сейфуллин, Ә. Майкөтов, А. Асылбеков, А. Иманов, Т. Рысқұлов, П. Виноградов, Л. Емелев, Я. Ушанов, Ә. Айтиев, Т. Өтепов, А. Розыбакиев тағы да басқалары белсенді қатысты.

Кеңес өкіметі Перовскіде (Қызылорда) 1917 жылдың 30 қазанында, Шымкент қаласында қараша айында, Түркістан, Әулиеата, Қазалы жерінде желтоқсан айында орнады. Петропавлда жұмысшы-шаруа депутаттары Кеңесі темір жол жұмысшыларымен бірлесе отырып, 1917 жылдың 12 қарашасында өз билігін орнатты, ал Өскемен, Семей, Атбасар, Көкшетау, Павлодар жерінде Кеңес өкіметі казак-орыстар мен билеуші топтардың қарсылығына тап болып, қиыншылықтарға кездесті. Семей өлкесіндегі Кеңес өкіметі 1918 жылдың ақпанының 17-де орнады.

Торғай, Қостанай, Ақтөбе жерлерінде Кеңес өкіметі 1917 жылдың желтоқсанынан 1918 жылғы наурыз айының аралығында орнады. Жетісу өңіріне келсек, Кеңес өкіметін орнату қарсы күштердің басымдылығына байланысты 1918 жылдың көктеміне дейін созылды.

1918 жылдың наурыздың 2-нен 3-не қараған түні Верныйда әскери-төңкеріс комитеті басқаруымен жұмысшылардан құрылған «Қызыл ұлан» жасақтары және большевиктік әскери полктің жауынгерлері еңбекшілердің қолдауына сүйене отырып, пошта-телеграф, қару-жарақ қоймаларын, маңызды нысандарды басып алып, Кеңес өкіметін орнатты. Наурыз айында Жаркент, Аякөз, Талдықорған, ал сәуірдің бас кезінде Лепсіде Кеңестік билік орнатылды.

1917 жылдың 15-22 қарашасында болған Ташкентте өткен өлкелік съезд Түркістан Халық Комиссарлар Кеңесі орнағанын атап өтті. Оның құрамында 14 адам болды. Бірақ құрамында бір мұсылман өкілдері болған емес. Большевиктердің жергілікті халыққа деген сенімсіз бұл әрекеті 1917 жылдың 22 қарашасында Қоқандта Бүкілтүркістандық Төтенше IV съездің ашылуына алып келді. Съездің шешімімен оның төрағасы болып алғашқы кезде Мұхаммеджан Тынышпаев сайланса, кейін Мұстафа Шоқай сайланды. Түркістан аумақтық жағынан Ресей Федерациясының құрамындағы Автономиялық Республика болып жарияланды. Түркістан Уақытша Кеңесі құрамында 32 адам болды. Мұны Түркістан автономиясы немесе орыстар айтқандай «Қоқанд автономиясы» деп атады. 1917 жылдың қарашасында Түркістан автономиясын жақтаған мұсылмандардың үлкен халық шеруі болды. Алайда большевиктер үкіметі Ташкент қаласындағы Қызыл Армия

бөлімінің әскерлеріне сүйене отырып, түркі халықтарының бірігуінен қорыққан олар 1918 жылдың қаңтар айында Түркістан автономиясын құлатып, аяусыз басып жаншыды.

Осылайша, 1917 жылдың қазан айынан 1918 жылдың наурыз айына дейінгі аралықта Кеңес өкіметі Қазақстанның басым көпшілігінде орнатылды.

2. Ресейде басталған Азамат соғысы Қазақстанды да шарпып үш жылдан аса уақытқа созылды. Осы соғыста 8 млн. жуық адам опат болды.

1918 жылдың мамырында Қиыр шығыста чехословак корпусы бүлік шығарды. Олар Сібірдің, Оралды, Орта Волганың, Солтүстік-Шығыс Қазақстанның бірнеше қалаларын басып алды. Мамыр айында Петропавл, маусымда Көкшетау, Ақмола, Омбы, Павлодар, Семей, Қостанай басып алынды. Олар кеңес қызметкерлерін өлтіріп, елді мекендерде озбырлық, айуандық әрекеттер жасайды. К. Сүтішев, И. Дубинин, Ғ. Ыдырысов, П. Шугаев сияқты Кеңес қызметкерлерін азаптап өлтіріп, Өскемен Совдепінің төрағасы Я.Ушаковты кеменің оттығына жағып өлтіреді.

1918 жылдың маусымында Дутов Орынборды басып алды. Осыдан кейін 1918 жылдың жазында Шығыс майдандағы қиыншылықтарға байланысты 2 маусымда Қызыл әскер бөлімдері Орынбор қаласынан кейін әскерлерге Ташкент, Қазалы, Қызылорда, Шымкент, Әулиеата т.б. қалаларда құрылған халық жасақтары көмекке келіп, соның негізінде Жетісу, Орынбор, Орал, Батыс Қазақстанда әскери бөлімдер құрылды.

Алайда кеңес үкіметінің жергілікті мұсылман халықтардан құралған бөлімдеріне сенімдері болмады. Соғысқа адам алу алғашқы уақытта еріктілік негізінде жүргізілді. Артынан міндетті болып есептелінеді. 1918 жылдың қараша айында жауынгерлерді ұлттық белгі бойынша құру туралы жарлық шықты. 1918 жылдың соңы мен 1919 жылдың басында Торғай және Ырғызда Ә. Жанкелдин мен А. Иманов бастаған екі атты әскер эскадроны, пулеметшілер тобы жасақталды. 1918 жылдың күзінде Бөкей Ордасында тұңғыш қазақ атты әскер полкі құрылды.

1919 жылдың басында Ә. Жанкелдин бастаған экспедиция майданға Мәскеуден көптеген қару-жарақ пен оқ-дәрі жеткізеді. Ақтөбе майданының әскери күші 1919 жылдың 22-ші қаңтарында Орынборды, 26-шы қаңтарда Орал қаласын азат етті. М. Фрунзе басқарған әскер Қазақстанның солтүстік өңірінде, В. Чапаев бастаған әскер оңтүстік-батыс аудандарда сәтті соғыс қимылдарын жүргізіп, Колчак пен Деникин әскерлерінің қосылуына жол бермеді. 1919 жылы Ә. Жанкелдин мен А. Иманов Торғайда Кеңес өкіметін қалыпқа келтірді.

Атаман Дутовтың, Аннековтың іс-әрекеттері халықты партизандық соғысқа итерді. Олардың саны 10 мыңға дейін жетті. Қостанай өңірінде Боровский ауданында 25 мың партизандар болды. Атбасар уезінде Мариновка селосы партизандық қозғалыстың орталығы болды. Оны Ирченко басқарды. Ақмола, Семей жерлерінде партизандық күрес өрістеп, Жетісу майданының солтүстік-шығыс бөлігінде 1919 жылдың қазан айының ортасына дейін ақ гвардияшыларға күрес жүргізіп, негізгі орталығы Черкасское ауылы болды.

Шығыс майданның Солтүстік және Оңтүстік топтары болды. Оңтүстік топты М.В. Фрунзе басқарды. Олардың әскерлері 1919 жылдың мамыр айында Уфаны, ал жазында Челябині азат етті. Осының нәтижесінде 1919 жылдың қыркүйегінде Ақтөбе майданы жойылды. Колчак армиясының жеңілуі, солтүстік-шығыс Қазақстанның азат етілуі Орал майданының жойылуына әкелді. Осыған сәйкес Түркістан майданының әскери бөлімдері Солтүстік Жетісуға жеткізіліп, Кеңес үкіметіне қарсылықты тез арада басты.

Бұл орайда «Алтайдың қызыл тау қырандары» ерекше көмек көрсетті. Нәтижесінде 1920 жылдың басында Жетісу майданы жойылды.

Азамат соғысы жылдарында ел экономикасын соғыс жағдайына ыңғайлап қайта құру және майданды толық қамтамасыз ету мақсатында төтенше шара: «Әскери коммунизм саясаты» енгізілді. Оның негізгі белгілері: азық-түлік салғырты, жеке саудаға тыйым салу, азық-түлікті теңгерме ұстанымы бойынша бөлу, ірі және орта және ұсақ өнеркәсіпті мемлекет меншігіне көшіру, еңбек міндеткерлігі, басқаруды орталықтандыру, бірыңғай мемлекеттік бюджет құру. Азық-түлік салғыртының мәні: ауылшаруашылығы өнімінің артылғанының бәрін шаруалардың мемлекетке міндетті түрде өткізуі міндеттелді. Оны іске асыру жолындағы асыра сілтеушілік, солақайлық саясат кең орын алғаны да белгілі. Соғыстың аяқталуы барысында жүргізіліп отырған бұл саясат Кеңес өкіметіне деген сенімді азайтып, халықтың наразылығын тудырды. Аяғы көтерілістерге ұласты. Сондықтан ол 1921 жылы «жаңа экономикалық саясатпен» (ЖЭС) алмастырылды.

3. Азамат соғысы жүріп жатқан кезде Алаш қайраткерлері көксеген Қазақ мемлекеттігін құру туралы мәселе қойыла басталды. 1919 жылдың шілде айының 10-да Қырғыз өлкесін басқару жөніндегі революциялық комитет құру туралы декретке қол қойылды. Онда Қазақ революциялық комитеті өлкенің ең жоғарғы әскери-азаматтық басқармасы ретінде құрылады делінген. Оның территориясына мынадай аймақтар енді: Астрахань губерниясының қазақтар тұратын аймағы, Орал, Торғай, Ақмола, Семей облыстары қарады. Басшысы болып С. Пестковский тағайындалды. Оның құрамында: Ә. Жангелдин, А. Байтұрсынов, М. Тұнғаншин, С. Меңдешев, Б. Қаратаев, М. Сералин, С. Сейфуллин тағы басқалар болған. Сібір үкіметі Семей, Ақмола облыстарының Қазақстанға қосылуына қарсы болды. 1919 жылдың 19 қыркүйегінде Орынбор Қазақстанның астанасы болып белгіленді. А. Байтұрсынов, М. Сералин Қостанай облысының қазақ халқының ата-мекені екендігін дәлелдеп жөнді, айқын пікірлер айтумен бұл жерлердің Қазақстанда қалуына барынша еңбек етті. Саяси тартыстар нәтижесінде Семей, Ақмола губернияларын Қазақстан құрамына қалуға А. Байтұрсынов, Ә. Ермеков, С. Сәдуақасов т.б. ат салысты.

Нәтижесінде 1920 жылдың 26 тамызында құрамында Ақмола, Торғай, Семей, Орал облыстары, Маңғыстау уезі, Адай болысы қараған Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы құрылды. 1920 жылдың қазан айының 4-12 аралығында Орынбор қаласында Қазақ АКСР Кеңестерінің Құрылтай съезі болып өтті. Онда жоғарғы үкімет органдары сайланды: Орталық атқару

комитетінің төрағасы болып С. Меңдешев, ал Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы болып В.А. Радус-Зенькович сайланды.

1924 жылы Орта Азияны ұлттық-мемлекеттік межелеу нәтижесінде Сырдария облысының Ақмешіт, Қазалы, Түркістан, Шымкент уездері, Ташкент, Мырзашөл уездерінің бір бөлігі, Әулиеата уезінің көп бөлігі, Самарқан облысының Жизак уезінің бір бөлігі, Жетісу облысының Алматы, Жаркент, Лепсі, Қапал уездері, Пішпек, уезінің бір бөлігі Қазақстанға қосылды. Қазақстан құрамынан негізгі халқы орыстар болып келетін Орынбор губерниясы бөлінді. Республика территориясы 2,7 млн-ға өсті. Халқының саны 5 млн. 230 мың адамды құрады. Қазақтар 61 пайыздан асты. 1925 жылдың 15-19 сәуірдегі Ақмешітте болған Кеңестердің 5 съезінде «қырғыз» орнына «қазақ», орысша «казак», «Казакстан» деп өзгертілсе, 1936 жылдан бастап «казах», «Казахстан» деген атау қабылданды.

1918-1920 жылдардағы азамат соғысы Қазақ өлкесінің экономикалық ахуалын құлдыратты. Халық шаруашылығының жалпы өнім өндіруіндегі өнеркәсіптің үлесі 1920 жылы бар болғаны 6,3 процент болды. Ауыл шаруашылығы дағдарысқа ұшырады. Орал губерниясында егістік жерлер 2 есеге, ал Жетісу аймағында 3 есеге кеміді. Соғыс жылдарында мал саны 10,8 млн басқа азайды, оның 2 млн-ы жылқы, 6,5 млн-ы ұсақ мал болды. Сонымен қатар 1921 жылы Қазақстанның жеті губерниясының бесеуі құрғақшылыққа душар болды. Осы жылдары 2 млн 300 мыңнан аса адам ашықты, 1 млн-ға жуығы аштық пен аурудан өлді деген мәліметтер бар.

Партияның X съезі (8 наурыз, 1921 ж.) жаңа экономикалық саясатқа көшу туралы шешім қабылдады. Ол бойынша мемлекеттің қолында ірі өндіріс орындары, банктер қалдырылып, мемлекеттік жерлер, кішігірім мемлекеттік кәсіпорындар белгілі мерзімге жеке тұлғаларға жалға берілді. Мемлекеттің бақылауымен жеке саудаға рұқсат берілді. Жаңа экономикалық саясаттың аясында қабылданған міндеттердің ішіндегі ең маңыздысы – азық-түлік салғыртын азық-түлік салығымен алмастыру туралы шешім болды. Жеке қожалық өндірілген өнімнің белгілі мөлшерін ғана мемлекетке тапсырып, қалған өнімді сатуға немесе өзінің басқа қажеттерін өтеуге мүмкіндік алды. Осыған байланысты енді шаруа қожалықтары егістік көлемін ұлғайтуға, сөйтіп өнімді көп өндіруге, яғни еңбек өнімділігін арттыруға ынталы болды. Көшпелі жеке қазақ шаруашылықтарына 3-5 жылдық мерзімдерге жеңілдіктерге негізделген несиелер, ауылшаруашылық машиналары мен құралдарын сатып алуға негізделген несиелер де берілді. 1924 жылдан бастап азық-түлік салығы орнына ақшалай енгізді. Осының бәрі ұсақ товар өндірушінің материалдық күштарлығын арттырды, оның өз шаруашылығындағы қорларына иелік ету еркіндігін күшейтті. Нарықтық қатынастардың күшеюі сауданың дамуына ықпал етті. 1926 жылы Қазақстанда 128 жәрмеңке жұмыс істеді. Бұл кездегі ірі жәрмеңкелер қатарына – Ойыл, Қоянды, Қарқара, Темір, Көкшетау, Атбасар жәрмеңкелерін жатқызуға болады. Осы кездегі жәрмеңке саудасының жалпы айналымы 20–23

млн. сомды құрады. Сондай-ақ, осы өркендей бастаған жәрмеңкелік сауда да ауыл шаруашылығының дамуына ықпалын тигізді.

«Жаңа экономикалық саясат» өз жемісін берді. 1925 жылы егістік жердің көлемі 3 млн гектар болса, 1928 жылы 4 млн гектарға өсті, яғни бұл 1913 жылдың (4,4 млн га) деңгейіне жеткендігін көрсетеді. 1925 жылы 92 млн пұт астық жиналса, 1927 ж. астықтың жалпы түсімі 1,4 млн пұтты құрады. 1925 жылы мал саны 1922 жылы салыстырғанда екі есе өссе, 1925-1928 жж. аралығында 29 млн басты құрап, жыл сайын 5 пайызға артып отырды. Ұжымдастыру қарсаңында мал басы саны 40 млн ірі қараны құрады.

Алайда экономиканы мемлекеттің тарапынан жоспарлы түрде дамыту мен әкімшілік басқару әдістері нарықтық қатынаспен қарама-қайшы еді. Таптық идеологияны ту еткен Кеңес үкіметі экономиканы жоспарлы түрде дамыту идеясына сүйеніп, 1925 жылдың аяғында өнеркәсіп өндірісін халық шаруашылығының жетекші саласы етіп белгіледі және оның жоғары қарқынмен дамуын ауылшаруашылығы есесінен қамтамасыз етті. Соның нәтижесінде 1920 жылдың соңында нарықтық қатынас тоқырап, ЖЭС тоқтатылды.

Бақылау сұрақтары:

- 1) Қазақстанда кеңес өкіметін орнатудағы ерекшеліктерді атап көрсетіңіз?
- 2) Азамат соғысы жылдардың қасіреті жергілікті халықтың әл ауқатына қалай әсер етті?
- 3) Қазақстандағы жүргізілген жаңа экономикалық саясаттың қорытындылары қандай?

5 дәріс. Кеңестік тоталитарлық Қазақстанның қалыптасуы: сипаты, шаралары, сабақтары

1. Қазақстандағы индустрияландыру, оның отаршылдық сипаты.
2. Қазақстандағы ауыл шаруашылығын ұжымдастыру: әлеуметтік-экономикалық және демографиялық салдарлары.
3. Жаппай және саяси куғын-сүргін, оның ауқымы және ауыр зардаптары. Қазақстанға халықтарды депортациялау.

Дәрістің мақсаты: 1920-1930 жылдардағы Қазақстандағы социализм Доктринасын жүзеге асыру үрдістерінің сипатына талдау жасап, тоталитарлық, казармалық жүйенің орнау барысын зерделеу.

Дәрістің мазмұны: Кеңестік тоталитарлық Қазақстанның қалыптасуы жылдарындағы кеңестік биліктің отаршыл, әкімшіл-әміршіл сипаттағы реформалары мен олардың ауыр зардаптары қарастырылады.

1. 1920-жылдардың орта шенінде Кеңестер Одағында социализм орнату доктринасын жүзеге асыру науқаны басталды. Оның басты буындары ретінде мына үш шараны жүзеге асыру көзделді: индустрияландыру – елді аграрлы елден өнеркәсібі дамыған, индустриялы елге айналдыру, ауыл шаруашылығын ұжымдастыру – жеке, ұсақ шаруа шаруашылықтарын біріктіру негізінде социалистік ұжымдық шаруашылықтар құру, мәдени революция – сауатсыздықпен күрес, білім беру, ғылым және мәдениет жүйесін құру.

1925 жылдың 18-31 желтоқсаны аралығында өткен БК(б)П XIV съезі елде индустрияландыру жоспарын жүзеге асыру міндетін жүктеді. КСРО-ның экономикалық тәуелсіздігі мен қорғаныс қабілетін қамтамасыз ету үшін алдыңғы қатарлы дамыған капиталистік елдерді барынша «қысқа мерзім ішінде қуып жету», елді индустриалды державаға айналдыру міндеті қойылды.

Қазақстанда индустрияландыру саясатын жүзеге асыру барысы елдің орталық аудандарымен салыстырғанда өте күрделі жағдайда жүргізілді. Оның өзіндік себептері бар еді. Ең алдымен, Қазақстанның отар ел болуы себепті әлеуметтік-экономикалық жағынан артта қалушылығы (құрал-жабдық, техниканың ескі болуы, ақшалай қаржы тапшылығы, білікті мамандардың жетіспеушілігі, құрылысшылар үшін тиісті әлеуметтік жағдайлардың ескерілмеуі, т.б.), екіншіден, республика аумағының геологиялық тұрғыдан аз зерттелуі. Қазан төңкерісіне дейін-ақ өлкенің бай қоры бар кен көздері туралы мәліметтердің жеткілікті болуына қарамастан, кеңес өкіметіне дейін жер аумағының 94%-ы мүлде зерттелмеген еді.

Қазақстандағы социалистік индустрияландыру саясатының бағыттары мен механизмдері төңірегінде пікір айтушылар қатары бірнеше топқа бөлінді.

Орталықтың саясатын бұлжытпай орындап отырған Ф.И. Голощекин (1925-1933 жж.) Қазақстанда ұсақ және орта өнеркәсіпті, негізінен ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдейтін кәсіпорындарды дамытуды, республика өнеркәсібінің шикізаттық бағытын қалыптастырудың қажеттілігі мен дұрыстығын насихаттап, оны жүзеге асыруға белсене кірісті. Оны О. Исаев, Қ. Сарымолдаев сынды белсенділер қолдады.

Саяси қайраткер С. Сәдуақасов бұл ұстанымға ашық қарсылық танытты. Ол республика экономикасының кешенді даму жолын қолдады. Ол «... қай жерде тері болса, сол жерде тері зауыттары, қай жерде жүн болса, сол жерде жүн жуу және шұға фабрикалары салынсын», - деп республика өнеркәсібін кешенді түрде дамытуға шақырды. Әрине, бұл өнеркәсіптің түсті металл, мұнай, т.б. салаларына да қатысты еді. С. Сәдуақасов республикадағы айтулы қиындықтарға қарамастан барлық жағдайлар мен мүмкіндіктердің бар екендігін дәлелдеуге тырысты.

Егер 1928-1929 жылдары өлкенің жер қойнауларын 50 партия зерттеумен айналысса, 1931 жылы олардың саны 140-қа жетті. Геологиялық зерттеулер ірі жаңа кен көздерін ашуға мүмкіндік берді. 1928 жылы Қоңырат, 1930 жылы Бозшакөл, Жезқазған мыс кендерінің, Кенді Алтай, Қаратау мен Жоңғар Алатауы тауларында қорғасынның 1931 жылы Атасу темір кенінің,

Ақтөбе облысында хромит және никель кендерінің, фосфориттің қоры мол көздері ашылды. Орал-Ембі аумағында жаңа мұнай көздері табылып, Қарағандының тұтас көмірлі аймақ екендігі анықталды. Кейіннен Қ.И. Сәтбаев айтқандай «Қазақстан КСРО-да және дүниежүзінде шикізаттың маңызды түрлерінің сан алуандығы бойынша жетекші орынға ие» болды.

1920 жылдардың екінші жартысы және 1930 жылдары, яғни Ұлы Отан соғысы қарсаңында Республикада орасан зор жұмыстар атқарылды.

Өнеркәсіп өнімінің жалпы көлемі 1940 жылы 1913 жылмен салыстырғанда республика бойынша 7.8 есеге жетіп, Қазақстан жекелеген республикалардан жоғары тұрды: Молдавия – 5.8, Әзірбайжан – 5.9, Өзбекстан – 4.7, Түркіменстан – 6.7, Украина – 7.3.

Сол кездегі КСРО-ның басқа орталық аудандарымен салыстырғанда қалыптасқан күрделі жағдайға қарамастан Қарағанды көмір алабы, Балқаш мыс балқыту, Шымкент және Ертіс қорғасын зауыттары, Жезқазған, Қоңырат, т.б. кен орындары, Ембі мұнай кәсіпшіліктері, Түрксіб, Гурьев-Қандыағаш-Орск, Ақмола-Қарталы, Илецк-Орал жолдары салынды.

Ауыр өнеркәсіп, оның мұнай, көмір және түсті металл түрлерін өндіруде Қазақстан одақта шешуші маңызға ие болды. Көмір өндіруде Кузбасс пен Донбастан кейін үшінші орынды, мұнай өндіруде Ресей мен Әзірбайжаннан кейін үшінші орынды иемденсе, түсті металл өндіруде екінші орынға шықты. 1939 жылы Қазақстан одақ бойынша қорғасынның 73,9%-ы, мыстың 54%-ы, мұнайдың 20%-ын өндірді.

1928-1940 жылдары республиканың теміржол жүйесі 50%-ға артып 6 581 км құрады. Ұзындығы 1 445 км құраған алып құрылыс – Түрксіб те осы жылдардың жемісі.

Дегенмен, Орталық алғашқы жылдардан-ақ Қазақстан өнеркәсібінің дамуына шикізаттық бағыт берді. Негізінен «А» тобына, яғни өлкенің бай табиғи көздерін игеруге, көмір, мұнай және түсті металдардың өндіруші салаларын ғана дамытуға басымдық берілді. Ал «Б» тобы, яғни машина, прибор, станок жасау салалары, жаңа технологияларды игеру мүлдем назардан тыс қалды. Орасан зор табиғи байлық көзінің орталығы болуына қарамастан, жергілікті мамандарды даярлауға да жеткілікті мән берілмеді, бұл мәселеде орталық қаржыны «үнемдеуді» көздеді. Есесіне 1931-1940 жылдар ішінде 559 мың адам КСРО-ның орталық аудандарынан көшіріліп әкелінді.

2. 1927 жылдың 2-19 желтоқсаны аралығында өткен БК(б)П XV съезі ауыл шаруашылығын жаппай ұжымдастыру міндетін қойды. Съезд өз қарарында «ауыл шаруашылығы еңбегінің қоғамдастырылуын барлық жерде қолдай отырып, шашыраңқы ұсақ шаруа шаруашылықтарын ірі өндіріс арнасына біртіндеп көшіруді» міндеттеді. Дегенмен, бұл науқанның мерзімі мен қарқыны, әдістері мен формалары туралы мүлдем айтылмады.

Сол себепті де 1929 жылдың желтоқсанында Жер Халық Комиссары Я.А. Яковлев басқарған арнайы комиссия құрылды. Бірнеше түзетулерден кейін Саяси бюро Я.А. Яковлев комиссиясының жобасын бекітеді. Бұл жоба БК(б)П ОК «колхоздастыру қарқыны және мемлекеттің колхоздастыру

құрылысына көмектесу жөніндегі шаралары туралы» қаулысы түрінде жарияланды. Қаулыға сәйкес Қазақстан ұжымдастыруды (көшпелі және жартылай көшпелі аудандарды қоспағанда) 1932 жылдың көктеміне аяқтауы тиіс болды.

Жергілікті шенеуніктер жоспарды орындауға құлшына кірісті. Республиканың аудандары мен округтері өзара жарысқа түсті. Ұжымдастыру науқаны қарқынды түрде жүргізілді. Егер 1928 жылы ұжымдасқан шаруашылық не бәрі 2%-ды құраса, 1930 жылдың 20 ақпанында 35,3%-ға жетіп, 1931 жылдың қазанында 65%-ды құрады.

Деректердің көрсетуінше, ұжымдастыру науқаны қарапайым заңдылықтар мен еріктілік принциптерінің дөрекі бұзылуымен сипатталды. Ұжымдастыруға оң пейіл танытпағандарға қарсы түрлі «тәрбиелік» шаралар қолданылды. Мәселен, сайлау құқығынан айыру, тұрғылықты жерінен басқа жаққа көшіру, қамау, тыр жалаңаш шешіндіріп аязға үсіту, ұрып-соғу, т.б.

БК(б)П ОК-нің 1930 жылғы 5 қаңтардағы қаулысына сәйкес шаруаның қолында қалған қажетті тұтыну мұқтажын қамтамасыз ететін ұсақ жеке меншігі де (сауын және ұсақ мал, құс, жеке ауласындағы бау-бақша) «жаппай қоғамдастыру» ұранына ілінді.

Осылайша билік шаруаға үлкен соққы беріп, оларды «өмір сүру құралдарынан» айырды. Бұл «шаруа шаруашылығының жойылу» үрдісіне алып келді. Кейбір аймақтарда, мәселен, Петропавл және Қостанай округтерінде село халқының 25%-ы қалаға көшуге мәжбүр болды. Тек өз аудандары мен округтерінен ғана емес, тіпті республика, КСРО шегінен тыс Қытай, Иран, Ауғанстанға көшу кең өріс алды. Деректерге сүйенсек, күштеп ұжымдастыру жылдары 1 030 мың адам шетке көшіп кеткен.

Кей жағдайда мал өсіретін аудандарда қоғамдастыру шаралары тіпті шектен шықты. Қазөлком Пленумының бір шешімінде «мал өсіретін және малға қоса егін өсіретін аудандарда басты назар ауыл шаруашылығы артельдеріндегі барлық тауарлы-өнім беретін табындарды толық қоғамдастыруға бағытталуы тиіс» деп жазылды. Осындай «ұсақбуржуазиялық меншікке большевиктік шабуыл» нәтижесінде 1932 жылдың ақпанында Қазақстандағы колхозшылардың 87%-ы және жеке иелігі бар шаруалардың 51,8%-ы өз малдарынан толық айырылды.

КСРО ОАК мен ХКК-нің 1930 жылы 1 ақпанда қабылдаған «Жаппай ұжымдастыру аудандарындағы ауыл шаруашылығын социалистік қайта құруды нығайту және кулактармен күрес шаралары туралы» қаулысына сәйкес ауқатты шаруа қожалықтарына қарсы ашық террор басталды. Шаруа қожалықтарынан бай-кулактарды бөліп алып, оларды тап ретінде жою жүзеге асырылды. Осы шаралардың жүзеге асырылуы барысында жазалануға белгіленген топтармен қатар сол үкім шығарылып, жазаға тартылғандар арасында орташалар, тіптен кедейлер де болған. 1928-1929 жылдары бай-кулактар есебіне алынып жазаға тартылғандар, яғни қудаланғандар есебі 54 625 болды. 1931 жылы 5 500 шаруа бай-кулак ретінде аласталды.

Елде жаппай террор күшейе түсті. 1932 жылдың 7 тамызында «Мемлекеттік кәсіпорындардың, колхоздар мен кооперативтердің және қоғамдық (социалистік) меншіктің мүліктерін қорғау туралы» заң қабылданды. 1933 жылдың қаңтар айында БК(б)П ОК-нің Пленумында Әділет Халық комиссары Н. Крыленко осы заң қолданысқа енгеніне бес ай толмай жатып елде 54 645 адам сотталып, 2 110 адамға ең жоғарғы жазаға үкім шығарылғанын мәлімдеді.

Бүкіл елдегі сияқты Қазақстанда да шаруалардың бас көтерулері өрши түсті. Оның ауқымының қаншалықты болғандығын 1930 жылдың 31 наурызында Қазақ өлкелік комитетінің Сталинге жолдаған жеделхатынан байқауға болады. Онда «жазалау операцияларына тұрақты әскери құрамаларды пайдалануға» рұқсат сұрайды. Толық емес деректер бойынша 1929-1931 жылдар ішінде Қазақстанда 372 шаруа көтерілістері болды. Ең ірі қақтығыстар Бетпаққара, Созақ, Ырғыз, Қазалы, Қызылқұм, Қармақшы, Ақсу, Сарқан, Шұбартау және т.б. аудандарда өтті.

Күштеп ұжымдастыру мен отырықшыландыру науқаны малдың жаппай қырылуына алып келді. 1930 жылы Торғай облысында 1 млн бас малдан 98 мың, Әулиеата уезінде 500 мың бастан 7 мың, 1933 жылы Шұбартау ауданында 98 мыңнан 917 бас мал қалған. Жалпы Қазақстан бойынша 40 млн бас малдан 4 млн ғана мал қалды.

Ұжымдастыру қазақ ауылдарын өртше жайпап өтті. Мәселен, Оңтүстік Қазақстан облысының Түлкібас ауданында 1934 жылдың 1-жартысында колхоз мүшелерінің 99,8%-ның және жеке иеліктердің 93,4%-ның бірде-бір жылқысы, 74,9 және 82,1%-ның бірде-бір сиыры калмады.

Күштеп ұжымдастырудың ауыр зардаптары Қазақстанда 1932-1933 жылдардағы ашаршылыққа, орасан зор адам шығынына алып келді. Тарихшы-демографтар аштықтың, түрлі аурулардың және соның салдарынан табиғи өсімнің бұзылуы есебінен 2 млн астам халық құрбан болды деп есептейді.

3. Егер 1920 жылдардың орта кезіне дейін большевиктер Алаш зиялыларына қарсы күресте әртүрлі айыптаулармен ғана шектелсе, одан кейінгі кезеңде ол қатал жаппай саяси қуғынға ұласты.

1928 жылдың аяғында қазақ зиялыларының бір тобы және Алашорда қайраткерлері А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев, М. Дулатов, Ж. Аймауытов, Х. Ғаббасов және т.б., барлығы 44 адам қуғындалып, тұтқындалды.

1930 жылдың қыркүйек-қазан айларында ұлт зиялыларының екінші бір тобы (40-қа жуық адам), құрамында Х. Досмұхамедов, Ж. Досмұхамедов, М. Тынышпаев, Ж. Ақпаев, Ә. Ермеков және өзге де зиялы қауым өкілдері тұтқындалды.

Большевиктік тәртіп нығайған сайын қоғамдық өмірді толық бақылауға алу күшейді. Жаппай қуғын-сүргінді ұжымдастыру үшін большевиктер социализм жеңісі күш алған сайын тап күресі шиеленіседі деген тұжырымды желеу етті.

Жаппай репрессия толқыны Қазақстанды да қамтыды. Қазақстанда бір жылдың ішінде үш іс қарастырылды. Олар Үржар, Пресновка және

Қарағандыдағы «контрреволюциялық ұлшыл-фашистік залалдық ұйымдардың» істері болды. Ең алғашқы іс Қарағандыдағы сот ісі еді. Ондағы айыпталушылар тізімінде округтік партия ұйымының хатшысы М. Гатаулин, мүшелері А. Асылбеков, Н. Нұрсейітов бар. Гатаулин 1932 жылы Сталинге жазылған «Бесеудің хаты» авторларының біреуі еді. Олар 1937 жылы қарашада өткен сот процесінде өздерінің «Мәскеудегі «троцкистік орталықпен» қалай байланыс орнатып, олардың тапсырмасын Қазақстанда қалай жүзеге асырғандарын» мойындады.

Партия кеңес қайраткерлерінің тізімін Н. Нұрмақов (БОАК президиумының жауапты қызметкері), Т. Рысқұлов (РКФСР ХКК төрағасының орынбасары) Мәскеуде ұсталып бастаса, кейін ол тізімді Қарағанды облыстық атқару комитетінің төрағасы А. Асылбеков, Қарағанды облыстық партия комитетінің екінші хатшысы Н. Нұрсейітов жалғастырды. Өлкенің партия және кеңес қызметкерлерін айыптап жауапқа тарту шаралары нәтижесінде көрнекті қайраткерлер: К. Сарымолдаев, У. Кұлымбетов, Г. [Тоғжанов](#), А. Лекеров, А. Розыбакиев, Ж. Садвакасов, И. Құрамысов және т.б. ұсталып ату жазасына немесе лагерлерге ұзақ мерзімге айдалды.

Жаппай репрессия саясаты нәтижесінде қазақ халқының ең таңдаулы азаматтары, тіпті, олардың ішінде кеңес өкіметін орнатуға қатысқан А. Айтиев, С. Арғаншеев, Т. Рысқұлов, Н. Сырғабеков сияқты қайраткерлер де атылып кетті.

Жалпы сталиндік қуғын-сүргін көлемі әлі толық анықтала қойған жоқ. Кей деректерде 1937-1938 жылдары қазақстандықтардың 44 мыңы түрмелерге түсіп, 22 мыңы атылды десе, басқа деректер 1930-1950 жылдары 100 мыңнан астам адам репрессияға ұшырады, оның ішінде 20 мыңнан астамы атылғанын айтады.

Большевиктік жаппай репрессия жылдары жекелеген адамдар ғана емес, тұтас халықтар да қуғын-сүргінге ұшырап, жазықсыз жапа шекті.

Ресейлік ғалым П.Поляннің пікірінше, КСРО-да он халық жаппай депортацияға ұшырады. Олар [кәрістер](#), немістер, [финн-ингерманландықтар](#), [қарашайлар](#), [қалмықтар](#), ингуштер, [шешендер](#), [балқарлар](#), [Қырым татарлары](#) және [түрік-месхетиндер](#).

КСРО ХКК 1936 жылдың 28 сәуіріндегі қаулысы негізінде батыстан 35 820 поляк депортацияланды, олардың 35 739-ы, яғни 99,8%-ы Қазақстанның солтүстік облыстарына қоныстандырылды. Ал КСРО ХКК-і мен БК(б)П Орталық комитетінің 1937 жылдың тамызындағы бірігіп шығарған «Корей халқын Қиыр Шығыс өлкесінің шекаралық аудандарынан көшіру туралы» қаулысына сәйкес 172 мың кәріс Қиыр Шығыстан көшіріліп, олардың 95 421-і Қазақстанға қоныстандырылды.

1941 жылдың 28 тамызында КСРО Жоғары Кеңесі Президиумының Бұйрығымен Поволжьеде Неміс Автономиялық Республикасы жойылып, 367 000 неміс шығысқа, негізінен Коми, Орал, Қазақстан, Сібір және Алтайға депортацияланды.

1943-1944 жылдары шешен, ингуш, карашай, балкар, қырым татарлары, ноғай, түрік-месхетиндер, грек, т.б. Кавказ халықтарын күштеп қоныс аудару жалғасты.

Осы жылдары Қазақстанда бірнеше лагерь бөлімдерін біріктірген ГУЛАГ-тың КСРО-дағы ең ірі лагерьлерінің бірі – Карлаг пайда болды.

Осылайша 1920 жылдардың аяғы - 1930 жылдары әкімшіл-әміршіл большевиктік тәртіп қоғамдық-саяси өмірдің барлық саласында бақылауын орнатты.

Бақылау сұрақтары:

- 1) «Әкімшіл-әміршіл басқару жүйесі», «казармалық социализм» түсініктерінің басты белгілері ретінде нені айтар едіңіз?
- 2) «Жеделдетілген индустриаландыру», «күштеп ұжымдастыру», «жаппай және саяси қуғын-сүргіннің» себептері неде?
- 3) Халықтарды жаппай депортациялаудың салдарлары қандай болды (депортацияланған халықтар және Қазақстанның тұрғылықты халқы үшін)?

6 дәріс. «Жеке басқа табынушылықтың» шарықтау шыңы және «жылымықтың» қоғамдық – саяси өмірге әсері

1. Соғыстан кейінгі Қазақстанның халық шаруашылығындағы проблемалар мен қиындықтар. Әскери-өндірістік базаларды күшейтудің басталуы.
2. Қоғамдық өмірде партиялық басқарудың нығайтылуы. Қоғамның барлық салаларында «кеңестік цензураның» үдей түсуі.
3. Қазақстан - Н.С. Хрущевтың «жылымығы» жылдарында. Әлеуметтік-экономикалық даму реформалары және олардың жартыкештік сипаты.

Дәрістің мақсаты: «Жеке басқа табынушылық» пен «жылымық» жылдарындағы қоғамдық – саяси өзгерістердің Қазақстандағы қасіретін ашып көрсету.

Дәрістің мазмұны: Ұлы Отан соғысынан кейінгі жылдардағы әміршіл-әкімшіл сипаттағы басқару мен «кеңестік цензураның» өршуі, оның зардаптары талданып, Н.С. Хрущев «жылымығы» тұсындағы реформалардың сипаты қарастырылады.

1. Соғыстан кейінгі Қазақстанның халық шаруашылығындағы негізгі проблемалар АҚШ-тың Жапон елінің Хиросима және Нагосаки деген екі қаласына атом бомбасын тастаудан басталды. Осыған байланысты туындаған КСРО мен АҚШ арасындағы бақталастық екі ел арасындағы «Қырғи қабақ соғысқа» ұласқан еді. Ел үшін болған осы ауыр проблемаға соғыс кезінде бүлінген шаруашылықты қалпына келтіру қиындығы тағы келіп қосылды. Бұлардың өзі КСРО құрамындағы Қазақстанның халық шаруашылығына да әсер етпей қоймады. Кеңестік басшылар, соғыстан кейінгі жылдары тәжірибеден өткен қатаң да бір орталыққа бағындырылған социалистік

экономиканының тиімді жағын қаперге алып, оның тұрақты идеологиялық сипатын күшейте түсті. Сөйтіп, оны нығайтудың бірнеше бағыттарын белгіледі. Олар: ауыр өнеркәсіп ішінде әскери өнеркәсіптік комплексті дамыту; одақтық республикалар экономикасын орталықтан басқаруды күшейту; еңбеккерлерге еңбек етудің барынша мәжбүрлеу әдістерін қолдану.

Соғыстан кейінгі алғашқы 1946 жыл – кеңестік ауыл шаруашылығы үшін тосыннан болған қуаңшылықтың салдарынан оңай болмады. Оған соғыстың ауыр зардаптары келіп қосылып, Молдавия, Украина, Ресейдің орталық бөлігіндегі қаратопырақты аудандарында, Төменгі Поволжьеде және т.б. аудандарда аштық орын алды. Осыған байланысты Қазақстан, астықты өлке болмаса да, сол жылғы жиналған астықтың 56% мемлекетке тапсыруға мәжбүр болды. 1950 жылы, 1946 жылмен салыстырғанда Қазақстандағы егістік көлемі 1 млн 173 000 га. артты. Бірақ астық өндіру сапасының төмендігінен, 1953 жылы жоспарланған 8 млрд пұт орнына 5,6 млрд пұт қана астық жиналды. Қалай болғанда да бұлар ашығып жатқан аудандарға жөнелтілуі керек еді. Алайда, идеологиялық доктрина жетегіндегі билік басындағылар ел тағдырынан айналып өтіп, әрең жиналған астықты «халықтық-демократиялық дамушы мемлекеттерге көмек» ретінде шығыс еуропа елдеріне жөнелтті. Осылайша астық тиелген он мыңдаған вагондар аштықтан қырылып жатқан украин, молдаван селоларына соқпай, Болгария, Румыния, Венгрия, ГДР сияқты социалистік жүйені құрастыра бастаған шығыс Еуропа елдеріне жіберілді.

Соғыстан кейінгі Республиканың мал шаруашылығы да мәз емес еді. Мәселен, тез өсетін қой малының өзі 1928 жылғы санына төмендеді. Осыған қарамастан, жаудан азат етілген республикаларға көмек ретінде ақысыз 17,5 мың ірі қара, 22 мың жылқы, 350 мың қой, сөйтіп арнайы жеңілдетілген бағамен жалпы саны 500 мың мал соларға жіберілді.

Негізінде, соғыстан кейінгі Республиканың ауыл шаруашылығын дағдарыстан шығарудың 2 жолы бар еді. Бірінші жолы - өндірістік қатынастарды қайта қарудағы осы уақытқа дейінгі жүргізілген бағыттан бас тарту: жерді жеке меншікке беру, нарықтық қатынасқа көшу, осы арқылы ауыл еңбеккерлерінің ынтасын арттыру. Екінші жолы - ауыл шаруашылығын дамытудың экстенсивті жолы, яғни осы уақытқа дейінгі жүргізіліп келе жатқан бағытты сақтай отырып, оны жеделдету жолы. Соғыстан кейінгі Қазақстанның халық шаруашылығының дамуы осы екінші жолда, яғни «жеке басқа табынушылықтың» шырмалған жолында қала берді...

2. КСРО басшылығы Ұлы Отан соғысының қиын-қыстау жылдары, нақтырақ айтқанда неміс басқыншылары Москва іргесіне жақындағанда «Халықтар достығы» ұранын көтеріп, КСРО халқына жақындаған сыңай көрсеткен еді. Ол ұран бойынша КСРО ның құрамындағы ұлт өкілдеріне бұрын ел қорғаған батырларын еш бір лауазымына қарамай, дәріптеуге рұқсат берілген еді. Тарихшы Е.Бекмаханов болса, осы ұранға елігіп, қазақтың соңға ханы Кенасары Қасымұлын ұлттық батыр ретінде тарихи аренаға шығарып үлгірген еді. 1941-1943 жж. Сталинград қаласының түбінде жау әскерлерінің бүтіндей

бір армиясын қоршап алып, жойып жібергеннен кейін шовинизмге бағытталған «ұлы орыстық» ұрандар үстем бола бастаған еді. Соғыстан кейін, жасандылықпен ойластырылған «Халықтар достығы» деп аталатын жоғарыда айтылған даңғаза ұран су сепкендей басылып, 46-50 жылдары соғыс басталар алдында халық ішінен жау іздеуге дағдыланған әкімшіл-әміршілдік жүйе қайта жанданды. Бұл тұста өзгеше ойлайтын адамдарды қудалауға жаңа науқан ашқан БКП (б) Орталық Комитетінің 1946 жылдың 14 тамыздағы «Звезда» және «Ленинград» журналдары туралы қаулысы соғыстан кейінгі зұлматтың нақты дәлелі бола алады. Ол қаулыда Ленинград қаласы мен орталық басшылықтағы жас партия және дәрігерлер кадрлары нақақтан айыпталған болатын. Қазақстан партия комитеттері болса, өз жұмысын дәл осы қаулының аясында жүргізді.

Қазақстанда тарихшы «Бекмахановтың ісі» ұйымдастырылды. Б. Бекмаханов соғыс жылдары А.П. Кучкин, А.М. Панкратова, Б.Д. Греков, Н.М. Дружинин сияқты тарихшыларымен бірлесіп, Қазақ КСР тарихы кітабын даярлаған болатын. Кітап 1943 жылы баспадан жарық көрді. Бірақ, көп ұзамай сынға алынып, кітаптағы *хан* Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтерілістің ұлттық сипатына берілген баға қызу айтыс тудырды. 1950 жылғы «Правда» газетінде Е.Бекмахановтың ашқан жаңалығы теріске шығарылды. 1951 жылы 10 сәуірде Қазақстан КП-ның Орталық Комитеті сол газетіндегі мақала бойынша арнайы қаулы қабылдап, Бекмаханов 1952 жылы 4 желтоқсанда 25 жылға сотталды.

Е. Бекмахановпен бірге көптеген көрнекті қоғамтанушы ғалымдар – Қ. Жұбанов, Х. Жұмалиев, Б. Шалабаев, тарихшылар - Б. Сүлейменов, Х. Әділгереев, С. Бақшылов, антрополог - О. Смағұлов т.б. жазаланды. Ал Ә. Марғұлан, Ә. Әбішев, С. Бегалин секілді ғалымдар мен жазушылар саяси және буржуазиялық-ұлтшылдық қателіктер жіберді деп айыпталды.

1948 жылы «космополитизммен», яғни шетел мемлекеттерінің мәдениетіне көңіл бөлушілермен күрес науқаны басталды. Нәтижесінде кейінгі кеңес әдебиетшілері - Б. Кенжебаев, Г. Нұртазин, Ә. Қоңыратбаев, Е. Ысмайылов, ұлтшылдар ретінде қудаланды. Ғылым Академиясының президенті Қ. Сәтбаев «Едіге батырға» алғысөз жазғаны үшін «ұлтшыл» және кадр мәселесінде төңірегіне ағайын-туыстарын жинаған «ымырашыл» атанса, М. Әуезов Абайдың ұлтжандылығын көрсетіп, «феодалдық ақындар» - Шортанбай, Шернияз, Жүсіп Бабатайұлы сияқты зар-заман ақындары мен өз заманында ойшыл-ғұлама атанған Мәшһүр Жүсіп Көпеевті халық ортасында суреттегені үшін» қудаланады. Бірақ, Қ. Сәтбаев пен М. Әуезов ретін тауып, Москвадағы достарын паналаудың арқасында зұлматтық жазаланудан жүріп аман қалды.

Тек 1953 жылы, Сталин қайтыс болғаннан кейін қуғын-сүргін науқаны біраз баяулады. 1953 жылы мамыр айынан бастап социалистік қоғамдағы қайшылықтар, жеке тұлға мен халықтың тарихтағы рөлі, Сталиннің жеке басына табыну мәселелері төңірегінде алғашқы пікірлер айтыла бастады. Кезінде ОГПУ, НКВД-ні басқарып, әкімшіл-әміршіл жүйенің адамзатқа қарсы

жасалған қылмыстарын заңдастырған Берия ату жазасына кесілді. Бірақ бұл - әкімшіл-әміршіл жүйенің күйреуі емес болатын. Сотталған адамдар бұрынғыша лагерьлерде қала берсе, Сталинді жақтаушы көптеген саяси қайраткерлер жоғарғы өкімет орындарында отыра берді.

3. Сталин кадрларының билікте қалуының салдары 1954 жылы орталыққа Н.С. Хрущев билікке келген тұста, Қазақстанда тың және тыңайған жерлерді игеру кезінде байқалды. Осы науқанды игеру барысында Қазақстанның билік басындағы кадрлары өрескел түрде алмастырылды: он жыл ішінде Қазақстан Компартиясының Орталық Комитетінің бірінші хатшысы алты рет өзгертілді. Бірінші хатшы Ж. Шаяхметовтің орнына КСРО мәдениет министрі П. Пономаренко тағайындалды. 1955-1957 жж. Л.И. Брежнев П. Пономаренконың орнына көтерілді. Кейінгі басшылар: Н.И. Беляев (1957-1960 жж.), Д.А. Қонаев (1960-1962 жж.), И. Юсупов (1962-1964 жж.) болды. Бұл басшылардың көбі қазақ тарихы мен оның ұлттық табиғи ерекшеліктерін білмейтін. Сондықтан науқан нәтижесі экологиялық, демографиялық, рухани зардаптарға алып келді.

1956 жылы 14 ақпанда Москвада КОКП-ның XX съезі өтіп, онда Сталиннің жеке басына табыну айыпталды. Съезд өткен соң, жарты жылдан кейін, 30 маусымында «Жеке басқа табынушылықтың зардаптарын жою» жөнінде қаулы қабылданып, елде бірқатар демократиялық өзгерістер басталды: кеңес және қоғамдық ұйымдардың рөлі біршама өсті; қоғамдық өмірді демократияландыруға бағытталған бұл шаралар адамдардың ой еркіндігін туғызды. Нәтижесінде мыңдаған кінәсіз сотталған адамдар лагерьлерден босатылып, партияның кейбір көрнекті қайраткерлері ақталды. 1930-1950 жылдары істі болған зиялылардың істері қайта қаралып, 1953-1956 жылдары партия қатарынан шығарылған 5 456 адам, Ұлы Отан соғысы жылдары жау басып алған территорияларда қалғандары үшін жазаланған 243 коммунист ақталды. Сондай-ақ, 1954 жылы Е. Бекмаханов, Қ. Сәтбаев, М. Әуезов елге оралды. К. Бекхожин, С. Мұқанов, С. Кенебаев сияқты көрнекті мәдениет қайраткерлері партия қатарына қайтадан алынды. Әйтсе де, әбден орныққан әміршіл-әкімшілдік жүйенің тамыры жойылмай қалды. Кінәсіз сотталған адамдардың көбі әлі де түрмелерде қалды. Қазақстанның Ресейге өз еркімен қосылғандығы кеңінен насихатталды. Орыс тілінің рөлін ұлтаралық тіл ретінде көтеру мәселесі өте қауіпті болды. Тарихи шындықтар ақтаңдақ күйінде қала берді. А. Байтұрсынов, Ә. Бөкейханов, М. Жұмабаев, М. Дулатов, Ж. Аймауытов және т.б. Алаш қайраткерлерінің қызметіне саяси әділ баға берілген жоқ. Жалпы айтқанда, «жылымық» кезіндегі қайта құрулар соңына дейін жеткізілмеді.

Н.С. Хрущев республиканың бүкіл қоғамдық саяси өміріне тікелей араласты: Қазақстанның оңтүстік аудандары Өзбекстанға берілді. Тың өлкесінде 6 облыстың өлкелік партия комитеті біріктіріліп, тікелей Мәскеуге бағындырылды. Ақмола - Целиноградқа, Батыс Қазақстан - Орал облысына айналды. Теміртаудағы саяси толқу ұлт саясатына байланысты емес, тәртіпсіздіктің салдары ретінде бағаланды.

1956 жылдың ақпан айында өткен КОКП-ның XX съезінің ұйғарымымен Қазақ КСР-нің алдына жаңа міндет - астық өндіруді 5 есеге арттыру міндетін қойды. Осыған орай, 60-шы жылдардың ортасына қарай Қазақстанда жыртылған тың және тыңайған жер көлемі 25 млн. гектарға жетті. Бірақ, жаңадан игерілген тың жерлер 60-шы жылдардың ортасына қарай өз мүмкіндіктерін сарқи бастаған болатын. Осының салдарынан әрбір гектардан жоспарланған 14-15 ц астық орнына 1954-1958 жылдары 7,4 ц жиналса, 1961-1964 жылдары - 6,1 ц, ал 1964 жылы - 3,1 ц ғана астық алынды. Тіпті осы кезден бастап КСРО АҚШ, Канада, Аргентина, Франция сияқты елдерден астық сатып алуға мәжбүр болды.

Тың игеру науқаны кезінде рухани саясаттың да үлкен зияны болды: Қазақ халқы тың игеруге ынталандырылған жоқ; қазақ тіліндегі мектептер саны 700-ге кеміп, қазақ тілінде шығарылатын әдебиеттер мен баспасөздің саны күрт төмендеп кетті; 3 мыңнан астам елді мекеннің тарихи аттары өзгертіліп, ұлттық сананың өшуіне нұқсан келтірілді; Орасан үлкен аймақта жер жырту оқиғасы орны толмас экологиялық апаттарға, дәстүрлі мал жайылымының қысқаруына алып келді. Тың игерудің алғашқы жылдарында жердің бет қыртысына (гомусы) нұқсан келіп, 18 млн. га. астам жер эрозияға ұшырады.

Негізі, бұрынғы Кеңестер Одағы, оның ішінде Қазақстанда тың және тыңайған жерлерді игеру науқаны 3 кезеңнен тұрады:

- 1) 1954-1955 жж.
- 2) 1956-1958 жж.
- 3) 1959-1965 жж.

Тың игеру жылдарының осы кезеңдерінде Қазақстанның солтүстік облыстарында мемлекетке қолайлы совхоз ұйымдастыруға ерекше көңіл бөлінді. Сөйтіп, 1958 жылдың ақпан айынан бастап колхоздар совхоздарға, МТС-тар жендеу станцияларына айналдыра бастады.

Тың игерудің алғашқы кезеңінде өзге республикалардан орталыққа қолайлы 640 мың адам көшіріліп әкелінгенде, Қазақстанда 18 млн га тың жер игеріліп, республикадағы егістік көлемі 22,4 млн гектарға жетті. 1956 жылы Қазақстан алғаш рет миллиард пұт астық алып, Ленин орденімен марапатталды.

Осылайша, Қазақстанды орталықтан басқару-республиканың құқығын шектеді. Оның шектен тыс сорақы көрінісі - 1949 жылы 29 тамызда басталған Семейдегі сынақ полигоны болатын. Бұл Қазақстанға орны толмас қасіретін әкелді: 1963 жылға дейін осы полигондағы ашық ауада 113 жарылыс жасалса, 1964 жылы жер астына көшіріліп, 1989 жылға дейін 343 сынақ жасалды. Ал оның зардаптары 1990 жылға дейін жалғасып келеді.

Ақыры, 1964 жылдың қазан айында өз билігін жүргізуде басшылықтың ұжымдық нормаларын бұзып, оны волонтаризм мен субъективизмге қарай бұрған Н.С. Хрущев биліктен кетті. КСРО-ның 1-хатшылығына Л.И. Брежнев, Министрлер Кеңесінің төрағалығына А.Н. Косыгин тағайындалды. Қазақстан

КП ОК 1- хатшылық қызметіне аса көрнекті қоғам қайраткері Д.А. Қонаев келді.

Сонымен, ХХ-шы ғасырдың 50-60 жылдары республикада интернационализм түсінігі шектен тыс үстем идеологияға айналды. Бірақ, ұлттық мәселелердің барлығы тек интернационалдық жолмен шешіледі дегенмен, ол түсініктің негізінде шын мәнінде ұлы державалық шовинизм жатты. Бұның бәрі, негізінен «жылымық» жылдарында жүргізілген Н.С. Хрущев реформаларының жарты кештік сипатына байланысты еді.

Бақылау сұрақтары:

- 1) «Жеке басқа басқа табынушылықтың» түп-тамыры неде?
- 2) «Жылымық» жылдарында қандай реформалар жүргізілді?
- 3) Д.А. Қонаевтың билікке қайта келуін қалай түсіндіруге болады?

7 дәріс. Әлеуметтік – экономикалық және рухани «тоқырау»

1. 1965-1966 жж. экономикалық реформалар және оның нәтижесі.
2. Қазақстан өнеркәсібінің дамуы мен қиыншылықтары.
3. Этнодемографиялық үрдістегі келеңсіздіктер мен жетістіктер.

Дәрістің мақсаты: ХХ ғасырдың 60-70 жылдарындағы экономикалық құлдырау, шаруашылық реформалардың халық шаруашылығы дамуына ықпалы мен этнодемографиялық жағдайға талдау жасау.

Дәрістің мазмұны: 1960 жылдардағы реформалардың нәтижелері мен Қазақстан өнеркәсібінің даму деңгейі талданып, республиканың этнодемографиялық ахуалы қарастырылады.

1. 1960-шы жылдардың бас кезінде ауыл шаруашылығының жағдайы қайта нашарлап, өзінің өсу деңгейін тоқтатқан болатын. Тың игеру барысында жіберілген кемшіліктердің бірқатары КОКП ОК 1965 жылдың наурыз, 1966 жылдың мамыр пленумдарында ашық айтылып, оларды жоюдың шаралары белгіленді. Ауыл шаруашылығының берік негізін жасау, жоспарлауды жақсарту, колхоздар мен совхоздарда шаруашылық есепті енгізу, еңбекті материалдық және моральдік ынталандыру міндеттері қойылды.

1966-1970 жж. республика ауыл шаруашылығын дамытуға 5,5 млрд сом қаржы бөлінді. Осының арқасында 8-ші бесжылдықта ауыл шаруашылық өнімі 54% өсіп, Қазақстан Кеңестер Одағының өзіндік ерекше ауыл шаруашылық ауданына айналды. Оның үлесіне Одақтағы ауыл шаруашылығы өнімінің 11% тиді. Мемлекеттік қорға республикадан әрбір 4-ші тонна жүн, 12-ші тонна ет және 5-ші тонна астық түсті. Ауыл шаруашылығына жұмсаған мемлекет шығыны өскенмен қайтарымы аз болды. Еңбекшілердің еңбек ақысы мен халықтың табысы өскенімен, ауылшаруашылығы мен өнеркәсіп саласы қоғамды қажетті тауармен, азық-түлікпен, сервистік қызметпен қамтамасыз ете алмады. Осындай жағдайдың негізінде тапшылық (дефицит),

тамыр-таныстық, ұзын-сонар кезектер сол кезеңнің күнделікті көрінісіне, дағдыға айналды.

Қарастырылып отырған кезеңдегі өнеркәсіптегі жағдайға келер болсақ, 50-ші жылдардың екінші жартысынан кейінгі жылдардағы Қазақстанның индустриялық дамуының негізгі бағыттары 1956 жылы өткен КОКП-ның XX съезінде қабылданған халық шаруашылығын дамытудың 6-шы бесжылдық, 1959 жылы XXI съезде қабылданған 1959-1965 жылдарға арналған жетіжылдық және 1966 жылы XXII съезде қабылданған 8-ші бесжылдық жоспарлармен белгіленді. 60-шы жылдардың өзінде ғана 700-дей кәсіпорын қатарға қосылды. Оның ішінде Жезқазған байыту комбинаты, Өскемен су-электр станциясы, Бұқтырма су-электр станциясының бірінші кезегі, Қарағанды-2 жылу электр станциясы, Соколов-Сарыбай кен байыту комбинаты, Павлодар трактор зауыты, Алматы мақта-мата комбинаты, Жамбыл былғары аяқ-киім комбинаты және т.б. болды. «Қазақсельмаш» зауыты ауылшаруашылық машиналары бөлшектерін шығара бастады.

И. Сталин қайтыс болғаннан кейін Н. Хрушев тұсында «қырғи-қабақ соғыс» өршіп, жеңіл және тамақ өндіріс салаларына тежеу жасалынып, шикізат пен отын өндірілетін салалар жедел қарқынмен дамығандықтан, халықтың материалдық жағдайы төмен қалпында қала берді.

Республикада 200-дей жаңа өндіріс орындары салынды. Қазақстаннан орталыққа шикізат жіберу үшін темір жол құрылысы жедел қарқынмен дамып, 1953 жылы Мойынты - Шу темір жол торабы пайдалануға берілді. Сібір, Оңтүстік Қазақстан мен Орта Азияны байланыстырған Павлодар темір жолы ашылды. Ал Қазақстанның мұнайлы аудандарын игеруге байланысты Батыс Қазақстанда Мақат-Ақтау, Ақтау-Жетібай-Өзен, Атырау-Астрахань, Бейнеу-Қоңырат секілді темір жол жүйелері салынды. Халық шаруашылығын дамытуда темір жол транспортымен бірге республикада автомобиль, құбыр, әуе, су жолдары да негізгі рөл атқарды. Республикада 60-шы жылдары құбыр транспорты Маңғыстау түбегінің мұнай байлығын игеруге байланысты Өзен-Жетібай-Шевченко, Өзен-Атырау-Куйбышев мұнай құбырлары іске қосылды. Транспорттағы бұл нәтижелерге қарамастан Қазақстанда сол уақытта жол қатынасымен қамтылудың жеткіліксіздігі байқалды.

Өнеркәсіптегі прогресс Қазақстандағы индустрия саласында жұмысшы табының өсуіне мүмкіндік жасады. 1970 жылы 3,4 млн жұмысшы болды, бұл 1940 жылдан 5 есе көп еді. Бірақта экономикалық реформалардың сәтсіздігі қоғамның әлеуметтік құрамына және тұрмыс жағдайына өз әсерін тигізді. Жергілікті ұлт өкілдерінен маман жұмысшы кадрларын даярлауға қамқорлық жасалмағандықтан, 1957-1973 жылдар жұмысшылар арасында қазақтардың алатын үлесі 17,4%-тен, 11,7%-ке дейін төмендеді. 1970 жылдың басында қазақтар тек мұнай және газ саласында ғана басым болды.

Осыған қарамастан республикада машина жасау жеткіліксіз қарқынмен дамыды, өнеркәсіп өндірісінде оның үлес салмағы 1961 жылы - 10,4%, 1970 жылы - 10,6 % дейін ғана өсті. Республиканың машина, құрал-жабдықтар жөніндегі құрамының 72 % басқа республикалардан әкелу арқылы шешілді.

60-шы жылдары халық шаруашылығын әміршіл-әкімшілдік, бюрократтық жолмен басшылық жасаудың тиімсіз екендігі сезіліп, елдің сол кездегі басшылығы оны қайта қарауға талпыныс жасады. 1959 жылы түсті металлургияның барлық кәсіпорындары Қазақстанның қарамағына берілді. КОКП ОК 1965 жылғы қыркүйек пленумында экономикадағы әкімшілдік айыпталып, өндіріс басшылығын салалық принцип бойынша ұйымдастыру қажет деп табылып, өндірістің сапалары бойынша одақтық, республикалық және жалпыодақтық министрліктер құру жөнінде шешім қабылданады. Өндіріс орындарына біршама өзіндік еркіндік беріліп, жаңаша жоспарлау мен экономикалық ынталандыруға көше бастады. Халық шаруашылық кеңестері жойылып, жаңадан құрылған министрліктердің қызмет ауқымы кеңейді. Әр министрлік өз саласын қаржыландыру, басқару, шикізат пен жабдықты бөлу, өнім сапасын қадағалау және т.б. күрделі міндеттерді атқарды.

2. Бұл реформаның нәтижесі жоғары болды. Сегізінші бесжылдықта (1966-1970 жж.) халық шаруашылығы жоспарлы экономикаға көшкен кезден бері алғаш рет ең жоғарғы көрсеткішке жетті. Сегізінші бесжылдықта өндіріс күші жоғарғы қарқынмен дамыды. Қазақстан Одақ бойынша көмір өндіруден, қорғасын қорытудан алға шықты. Мұнай өндіру, химия өнеркәсібінің маңызы артты. Кен орындары көптеп ашылып, жаңа өнеркәсіп аудандары ашылды. Бесжылдықтың соңына қарай 445 ірі өнеркәсіп орындары мен цехтар ашылып, зауыттар мен фабрикалар қайта жабдықталды. Қазақстанда минералды тұз, синтетикалық каучук, химия өндірістері кеңейді. Қаратау бассейніндегі фосфорит қоры, КСРО-дағы сары фосфор мен тыңайтқыш шығаратын ірі орталыққа айналды. Қарағанды металл зауытының Одақ бойынша маңызы өсті. Ол жоғарғы сапалы шойын, мыс өндірді. Республика хром өндіруден бірінші орынға, темір және марганец өнімдерін өндіруден үшінші орынға көтерілді. Машина жасау өнімін өндіру 1,6 рет, соның ішінде ауыл шаруашылығы машиналарын өндіру 2 есе артты. Республикадағы трактор жасау саласының негізі болған Павлодар трактор зауыты іске қосылды.

Жеңіл өнеркәсіп салалары да біршама дамыды. Қазақстан жеңіл өнеркәсібі 1970 жылы Одақ бойынша өндірілген барлық өнімнің 16%-ін берді.

Осыларға қарамастан 60-шы жылдардың 2-ші жартысындағы экономикалық реформалар сәтсіз аяқталды. 1965 ж. басталған экономикалық реформа бастапқы кезде экономикалық дамуға белгілі дәрежеде серпін берді. Тоғызыншы бесжылдықта жоспарлау жүйесі бойынша Қазақстанда 1578 кәсіпорын жұмыс істеді. Тоталитарлық жүйе оның өмір сүріп отырған экономикалық құрылымының шеңберінен шығуына жол бермеді. Осының салдарынан 1970 ж. басында экономикалық реформаның қоғамдық өндірістің тиімділігін арттыруға бағытталған идеялары бұрмаланды. Көптеген кәсіпорындар пайда табудың қызығына беріліп, өз өнімдерінің бағасын қолдан жоғарлату жолына түсті. Бағаның өсуі есебінен алынған пайда жалақыны көбейтуге мүмкіндік берді, оның өсуі еңбек өсімділігінің өсуін басып озды,

мұның өзі 1970 ж. бас. инфляция процестердің басталуының себебі болды, бұл экономиканың дамуына теріс ықпал жасады. Реформаның сәтсіздікке ұшырауының негізгі себебі саяси саладағы демократияландыру процесінің тежелуі болды. Ол тек экономикалық ұйымдық-техникалық саласымен ғана шектеліп, қоғамның саяси құрылымына, меншік қатынасына соқпады, мемлекеттік меншіктің монополиясын сақтады, нарықтық қатынастарды теріске шығарды. 70 ж. басында реформаны жүргізу тоқтатылды.

КОКП ОК-нің бірінші хатшысы Л.И. Брежнев басқарған басшылық өткеннен сабақ алмады. Осының салдарынан ауыл шаруашылығына, өндіріске қатысты қаулы-қарарлар бұрынғысынша әкімшіл-әміршіл сипатта қала берді. Қабылданған қаулылар іс жүзінде кеңес атқару комитеттері мен шаруашылық ұйымдарының атқаратын міндеттерін облыстық, аудандық және бастауыш партия ұйымдарына жүктеп, өндіріс орындары, колхоздар мен совхоздарды өзіндік еркіндіктен айырды. Реформалар кредиттік-қаржылық жүйемен материалдық-техникалық жабдықтаумен байланыстырылмады. Осылардың салдарынан бір жағынан Қазақстанның экономикасының қуаты арта түссе, екінші жағынан оның орталыққа тәуелділігі күшейе түсті.

XX ғасырда Қазақстан күрделі демографиялық дамуды бастан кешті. Ғасыр басында қазақ даласы тұрғындарының негізі көшпелі мал шаруашылығымен айналысатын ауыл адамдары болған ел тек ғасыр соңында ғана қала халқы көпшілік болған мемлекетке айналды. Қазақ халқы талай «тар жол – тайғақ кешулерге» душар болды. Бұл Қазан төңкерісіне дейінгі және одан кейінгі кезеңдердегі тарихи жағдайларға тікелей байланысты. Патша үкіметінің Қазақстанға шаруалар мен әскери-казактарды қоныстандыру саясатының жеделдете жүзеге асырылуы, 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысы мен Қазан төңкерісінен кейінгі «Кіші Қазан төңкерісінің» салдары, 1921-1922 жылдардағы, 1931-1933 жылдардағы ашаршылықтар мен 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысының зардаптары, өндірістің ірі «алыптарын» тұрғызу мақсатында республикаға жан-жақтан мыңдаған жұмысшылар мен мамандардың әкелінуі, тың және тыңайған жерлерді игеру, «комсомолдық бауырластық жолдамалар» нәтижелері көңілді қынжылтатын демографиялық ахуалға еріксіз әкеліп тіреді.

3. Әлеуметтік-саяси, экономикалық үрдістер республика халқының құрамында, оның табиғи қозғалысы, көші-қон процестері, әлеуметтік құрылымы және т.б. көрсеткіштерінің өзгерістерінде демографиялық дағдарыс сипатында көрінді. Мысалы, 1937 жылы республика халқы 1926 жылғы санақпен салыстырғанда 1,3 есе, соның ішінде, қазақтар – 1,7 есе, украиндар – 1,6 есе, өзбектер – 1,9 есе, қырғыздар – 2,1 есе, басқа ұлт өкілдері – 1,6 есе кемісе, елге сырттан қоныс аудару саясатының пәрменді жүргізілуіне байланысты орыстар – 1,5 есе, немістер – 1,6 есе, татарлар – 1,1 есе көбейген.

КСРО-дағы халық санының жоспарланған деңгейден 11 миллионға кемдігін көрсеткен 1937 жылғы санақ Кеңес өкіметінің 1917-1933 жылдары

жүргізген саясатының демографиялық дағдарыстарға әкелгенінен хабардар етті. Сондай демографиялық дағдарыс 1939-1959 жылдар аралығында да өтті. 1939-1959 жылдардың қазақ тарихындағы ерекшелігі сонда, кеңес өкіметінің сыналап жүргізген көші-қон саясатының нәтижесінде, қазақтардың өз жеріндегі үлесі 29,8%-ға дейін төмендеп, Қазақстан халқының үштен бірін де құра алмаған мүшкіл жағдайды бастан кешті. Айта кететін бір жайт: 1950-жылдардан бастап, халықтың 1931-1933 жылдардағы ашаршылық пен 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы нәтижесінде төмендеп кеткен саны мен табиғи өсімін көтеру мақсатында бірқатар әлеуметтік жағдайлар жасалынды. Он жылдық білім енгізілді, жалақы мөлшері өсті, ауруханалар салынды, тұрғын үйлер салу қолға алынды («хрущевтық үйлер»), екіқабат әйелдерге жағдай жасалып, балалы әйелдерге берілетін жәрдемақы енгізілді, тегін дәрігерлік көмек халықтың барлық әлеуметтік тобына қызмет етті. Міне, осы жағдайлар 1960-1982 жылдары Қазақстандағы «демографиялық жарылысқа» мүмкіндік туғызды, Қазақстан халқы осы жылдары 22-25% аралығында өсім берді.

Қазақстан халқы Ресейге бодан болғаннан бастап, Кеңес заманында да негізінен сырттан көшіп келушілер есебінен өсіп, 1897 ж. 4147,7 мыңнан 1989 ж. 16464,4 мыңға жетіп, осы 92 жылда 4 есеге жуық көбейген. Қазақстан халқының 81,7%-ы қазақ, 10,9% - орыс, 1,9%-ы украин, 1,3%-ы татар, 1,3%-ы ұйғыр, 0,7%-ы өзбек болса, 1914 ж. қазақтар үлесі 58,8 %, орыстар 29,6 %-ға, өзге ұлттар 11,6 % болып, ұлттық арасалмақта қазақтар үлесінің төмендеу үрдісі басталды. 1939-1959 жж. көші-қон үдерісінің нәтижесінде 1959 ж. санақта тарихи отанында азшылыққа айналу үрдісінің төменгі мөлшеріне жетті – 29,7%. Қазақтар өз отанында азшылық ұлтқа айналды. Соның ішінде осы көрсеткіштің 1959-1989 жж. ерекшелігін талдасақ, 1959-1970 жылдары Қазақстанға сырттан келушілердің көші-қоны аздап саябырлай бастады. Сырттан қазақтардың келуі оқиғалары осы кезеңде орын алды. Бұл кезеңде қазақтардың табиғи өсімін көтерген «демографиялық жарылыс» деп тарихта аты қалған туу көрсеткіштерінің күрт өсуі тұрғылықты ұлттың мөлшерін 2,9 пунктке ғана көтерді. Қазақ жеріндегі қазақтар үлесі 1970 ж. 32,6%-ға жетіп, халық құрамында азшылық ұлт мәртебесін жоя алмады.

Кеңестік жүйенің алғашқы қырық жылы ішінде республика халқы механикалық қозғалыс негізінде өссе, ендігі өсім табиғи қозғалыс арқылы жүзеге асырылды. 1955-1970 жж. Қазақстан халқы 8,3 млн-нан 13,2 млн-ға өсті немесе 15 жыл ішінде 5,5 млн-ға көбейген. Қала халқының өсу қарқыны тіпті жоғары- 15 жылда екі есеге, 3 365 мыңнан 6 725 мыңға немесе 199,7 % - өскен. 1970-1989 ж аралығындағы табиғи өсім 12,9 % ға көбейген. 1989 ж. санақ бойынша қазақтар- 37,7 %, орыстар- 37,8 %, украиндар – 5,4 %, немістер – 5,8 %, өзбектер – 2,7 %, басқа ұлттар – 10,6 % болған.

1959-1979 жж. қазақ халқының демографиялық тарихында «алтын кезең» деп бағаланады. Бұл кезеңнің ішінде ХХ ғ. бірнеше демографиялық апатты кезеңдерден кейінгі жағымды құбылыс – 1958-1962-жж. демографиялық «жарылыс» орын алды. Осы жылдары республика тарихында

табиғи өсім ең жоғары көрсеткіштерге жетті: 1960 ж. дүниеге 371,8 мың сәби, әрбір 1000 адамға шаққанда 37,2 сәби, ал ең көп сәби туылған 1961 ж. 377 мың сәби келген, әрбір мың адамға шаққанда 36 сәби, табиғи өсімде осы жиырма жыл ішіндегі ең нәтижелі жыл болды. Осы екі санақ аралығында республика халқы 1959 ж. – 9 294 741 адамнан 1970 ж. – 13 008 726 адамға жетіп, халықтың жалпы саны 3 713 985 адамға өскен, өсім 39,9% құраған. Қазақ этносы осы кезеңде 1446,9 мың адамға, яғни 51,9%-ға өскен, орташа жылдық өсімі 131 532 адам, ал республика тұрғындары табиғи өсімнің есебінен жылына 258 мың адамға өсіп отырған, республикадағы үлестік салмағы 1959 ж. - 30%, 1970 ж. - 32,5% құрайтын қазақтар, осы он жылда республика тұрғындарының жалпы өсімінің 38,96%-ын берсе, қалған этностар 61,04%-дық өсім берген, әрине бұл республика көлемінде қазақ этносының санының және үлестік салмағының тез өсуіне жайлы демографиялық ахуалдың туындауына жол ашты. Болашақтағы қазақ халқының демографиялық өсу әлеуетінің негізі 1950-1960 жж. демографиялық дүмпу кезінде қаланды деп пайымдауға толық негіз бар.

Одан кейінгі 1970-1991 жж. көші-қонның ерекшелігі сонда, ХХ ғ. өн бойында сырттан келуші көші-қоншылардың қозғалысы осы уақытқа дейін ішке бағытталса, 1968-ж. бастап Қазақстанға өзге республикалардан келушілер саны азайды. Бұл 1970 ж. санақта көрінді. Осы кезді сонау ХІХ ғ. ортасынан Қазақстанға қарай ағылған көші-қонның бағыты кері бұрылу межесі деп алуға болады. Оған себеп болған факторлар – ұлттық сана сезімнің оянуы, халық шаруашылығында ұлттық мамандар үлесінің өсе бастауы және т.б. Бұл кезеңде Қазақстан халқының демографиялық мінез-құлқында да өзгерістер жүрді. Көп балалы отбасыдан аз балалыққа өту, бала тууды сандық жағынан реттеуге негізделген бағыт осы кезеңнен бастау алды.

Қазақтар 1959-1979 жж. 2 502 мың адамға көбейген (89,8 %), ал республика халқының жалпы өсімі 58%. Яғни, осы жиырма жылда табиғи өсімнің негізгі салмағы қазақ этносы есебінен жүзеге асқан деп пайымдауға болады.

Қазақ этносының 1959-1989 жж. туылғандары 1999 ж. 20-40 жас аралығындағылар республика халқының 2 709,2 мың адамы (34 %), өз кезегінде 20 жасқа дейінгі 3 504,5 мың адамның (43,9 %) ата-аналары, барлығы республика қазақтарының 77,9 %-ы 40 жасқа дейінгі азаматтар қазақ этносының сандық және сапалық өсуінің қайнар көзі болды.

Қазақстанның демографиялық дамуы бүкіл әлем халқының дамуының негізгі үрдістерімен сәйкес келеді. Қазақ халқының демографиялық дамуы қоғамдық дамудың дәстүрлі кезеңіндегі әлеуметтік-экономикалық, саяси қатынастардың нақты әсеріне ұшырады. Қазақ халқының қоғамдық дамуының дәстүрлі кезеңіне туудың да, өлімнің де жоғары көрсеткіштері сәйкес келеді. Қазақстан ХХ ғ. 90-жылдарынан кейін бала санын шектеу негізінде аз балалық кезеңге аяқ басты. Яғни, жеделдетілген әлеуметтік-демографиялық даму тұжырымдамасын қазақтардың тарихи өсіп-өну, даму тәжірбиесінде көруге болады.

Бақылау сұрақтары:

- 1) Шаруашылық реформалардың негізгі жаңалығын атаңыз.
- 2) Өндірістегі прогрессивтік өзгерістерді атап көрсетіңіз.
- 3) 1960-1970 жж. демографиялық өсудің негізгі себептерін атаңыз.

8 дәріс. Кеңестік Қазақстан «қайта құру» кезеңінде

1. Ел басшылығындағы өзгерістер және реформаның қажеттігі.
2. Қайта құру реформасын жүзеге асыру және оның сәтсіздіктері.
3. Еліміздегі саяси жаңару және КСРО-ның ыдырауының алғышарттары.

Дәрістің мақсаты: XX ғасырдың 80 жылдарындағы экономикалық құлдырау, саяси-экономикалық реформаның қажеттігі, 1985 жылғы «қайта құру» реформасы және оның салдары КСРО-ның ыдырауына негіз болғандығына талдау жасау.

Дәрістің мазмұны: «Қайта құру» кезеңіндегі республика басшылығындағы өзгерістер, реформаны жүзеге асырудағы қателіктер мен сәтсіздіктер және КСРО-ның ыдырауы мәселелері қарастырылады.

1. XX ғасырдың 80-жылдарының орта шенінде кеңестік қоғамда түбегейлі өзгеріс қажеттігі айқын сезіле бастады. 1985 жылғы наурызда Н.У. Черненко қайтыс болғаннан кейін КОКП ОК-нің Бас хатшысы қызметіне М.С. Горбачев сайланды. Қызметінің алғашқы күнінен бастап елдегі дағдарыс жағдайының себептерін ашу үшін батыл шаралар жүргізіп, күн тәртібіне кадр мәселесін қойды. 1985 жылы сәуірде КОКП ОК-тың пленумында әлеуметтік, экономикалық дамуды жеделдету мәселесіне сәйкес экономикалық құрылымды қайта құру бағыты жарияланды. М.С. Горбачев саясатының ұрандары: жариялылық, жеделдету, қайта құру. Бұл қайта құру бағыты 1986 жылғы КОКП-ның XXVII съезінде мақұлданды. Сонымен партия елде жаңару бағытына бастауға міндет алды. Қайта құру ешқандай бағдарламасыз, ғылыми айқындамасыз жүргізілді. Бұл бағыттың қияли болжамдары көп болды. Қайта құру бағыты алғашқы кезден бастап сәтсіздікке ұшырай бастады. Бұған Москвада В.В. Гришин, Ленинградта Г.В. Романов, Қазақстанда Д.А. Қонаев, Әзірбайджанда Г. Әлиев сияқты басшылар кінәлі деп шешілді. Қайта құру бағыты мемлекетті сол кезде алғышарты қалыптасқан аса ірі дағдарыстан құтқара алмады.

Кеңестер Одағының жаңа басшылығының жариялаған әлеуметтік-экономикалық қайта құруға бағытталған бағыт, кейін уақыт көрсеткендей, оның алдындағы өкімет басшылары сияқты өзін демократиялық реформатор етіп көрсетуге бағытталған талпыныс еді. Оның алғашқы төрт жылында (1985-1989 жж.) жеделдету концепциясын жүзеге асыруға бағытталған бірқатар нәтижесіз бастамалар басталды. Жеделдетудің басты қадамы ретінде

өндірістік құрылымды, құрал-жабдықтарды техникалық жүйелерді жаңарту идеясы ұсынылды. Бұл идеяны ұсынушылар құрал-жабдық және машина жасаудың азаматтық салаларының құрал-саймандарының 90% әлемдік стандарт деңгейіне жеткізуге мүмкіндік әперіп, еңбек өнімділігін күрт өсіріп, жеделдетуге алып барады деп сенді. Аграрлық салада да ғылыми-техникалық революцияның жетістіктерін ендіру ауыл шаруашылық өндірісін жеделдетеді деп есептеді.

Бірақ, іс жүзінде, жеке меншіктің нарықтық қатынастың толыққанды ендірілмеуі жеделдету тұжырымдамасын қиялға айналдырып жіберді. Жеделдету тұжырымдамасы өзінің жарамсыздығын ауыл шаруашылығында да көрсетті. Бұл салада оның жүзеге асырылмауының басты себебі меншікке байланысты болды. Мемлекеттік колхоздық-совхоздық жүйе ғылыми-техникалық революцияның, жаңа технология мен егіншіліктің ғылыми жүйесінің жетістіктерін қабылдауға дәрменсіз болды. Арендалық әдістерді енгізу еңбеккерлердің қаржы мен еңбек нәтижелерін иемдену, табылған табысты бөлу принципін өзгертпеді. Өндіріс құрал-жабдықтары мен еңбек нәтижесінен шеттетілген колхоздар мен совхоз еңбеккерлерінің еңбек өнімділігін арттыруға құлқы болмады.

Маскүнемдікпен және тәртіпсіздікпен күрес қайта құрудың алғашқы жылында еңбек өнімділігін шамалы ғана арттыруға қол жеткізді. Оның есесіне маскүнемдікпен күрес мемлекеттік бюджетті азайтып, тұтыну саласындағы жағдайды шиеленістіріп жіберді.

«Қайта құру» тұжырымдамасы ұлт мәселесін де одан әрі шиеленістіре түсті. Қазақстанда Одақтың барлық жерлеріндегі сияқты басқару ісінде жағымпаздық, парақорлық, рушылдық, жершілдік сияқты көптеген келеңсіз құбылыстар кеңінен орын алды. Бұл жылдары ұлт саясатында, әлеуметтік-экономикалық және кадр мәселелерінде көптеген ауытқушылыққа жол берілді. Жалпы барлық кеңес қоғамы үшін бұл кезде қоғамдық ойдың мәні өзгеріп, сөз бен істің арасында алшақтық, қайшылық кең өріс алды. Кадр мәселелерін шешу партия комитеттерінің тек бірінші басшыларының айтуымен солардың таңдауымен жүретін болды. Оларды іріктеуде тек туыстық, жерлестік, бастыққа берілгендік жағдайлар маңызды рөл атқарды. Бұл Коммунистік партияның, соның ішінде Қазақстан Компартиясының да барлық деңгейінде көрініс тапты. Көптеген басшы партия қызметкерлері мен партия комитеттері ескіше қызмет етті. Осыдан келіп, аса маңызды мәселелерді шешуде принципсіздік, тұрақсыздық, қоғамдағы жағымсыз жағдайларды жасыруға, аздаған жақсы істерді ерекше мадақтап, жоғары көтеруге, болып жатқан істердің барлығын тек жақсы жағынан көрсетуге тырысты.

XX ғ. 80 жылдары Қазақстанда ұлттық табыс кісі басына шаққанда Одақтық деңгейден 12% кейін қалды. Сондай-ақ республикада үй құрылысы, мектеп, балалар бақшасы және басқа да мәдени-әлеуметтік құрылыстар салуда да ілгерілеу болған жоқ. Мысалы, 80-жылдары Одақ бойынша 10 мың адамға жыл сайын 75 пәтер салынса, Қазақстанда тек - 69, Одақта әрбір 10 мың адамға 404 дәрігерден келсе, мұнда тек 352 дәрігерден келді. 1987 жылы

мектеп жасына дейінгі баланы балалар мекемелерімен қамту 53% ғана болды. Міне, осымен байланысты 1986 жылғы ақпан айында болып өткен Қазақстан Компартиясы ХҮІ съезінде жасаған баяндамасында, ол кезде республика Министрлер Кеңесінің төрағасы болып істеген Н.Ә.Назарбаев және съезде шығып сөйлеген басқа да делегаттар мұндай келеңсіз жағдайларды өткір сынға алды. Олар көптеген күрделі және маңызды мәселелерді партия комитеттерінің уақытылы шешпейтінін, олардың қызметі ауқымынан тыс қалатынын, проблемалық мәселелерді шешуде ескіше қараудың кеңінен орын алып отырғанын ешқандай бүкпесіз айтып берді.

2. «Қайта құруға» сай жүзеге асырыла бастаған косметикалық реформалар республика басшылығын ауыстыруды қажет етті. Қазақстанның жоғарғы билік органдарына орталықтан басшы кадрлар жіберу жалғаса түсті. Оларды қызметке жібергенде жергілікті жердің пікірі, республиканың тарихи жағдайы, оның салт-дәстүрі есепке алынбады. Мұндай жағдай 1986 жылғы 16 желтоқсан күні Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Д.А. Қонаевты орнынан алған кезде айрықша көзге түсті. Пленум мәжілісі небары 18 минутқа созылды. Осы уақыт ішінде Қазақстан Компартиясының 1-ші хатшысы Д.А. Қонаев қызметінен алынып, оның орнына Мәскеу жіберген Г.В. Колбин сайланды. Мұның өзі қайта құру мен демократиядан үлкен үміт күтіп отырған республика халқының, соның ішінде қазақ жастарының наразылығын туғызды.

Қазақ жастарының 1986 жылғы желтоқсандағы бас көтеруінің түрі ұлттық болғанымен мазмұны ұлтшылдық емес еді. Бұл ереуіл саяси сипаттағы бейбіт демонстрация еді. Бірақ республиканың және орталықтың партиялық-бюрократиялық құрылымы тарапынан ол экстремистік пиғылдағы ұлтшыл жастар тобының бүлігі деп бағаланды. Өмір сүріп тұрған жүйе оны «Қазақ ұлтшылдығы» деп айыптауға дейін барды.

Осылайша «қайта құрудың» алғашқы кезеңінің нәтижелері экономиканы және қоғамдық-саяси өмірді жоғарыдан жүзеге асырылған жеңіл-желпі шаралармен реформалау мүмкін еместігін айдан-айқын көрсетті. 1988 жылдан бастап Коммунистік партия тарапына сындар айтылып, жаңа қоғамдық ұйымдар құрыла бастады. 1987 жылы тамызда тұңғыш тәуелсіз ұйым - әлеуметтік-экологиялық «инициатива» бірлестігі құрылып, ол өзінің алдына соғысқа қарсы тұру, экологияны, бейбітшілікті қорғау, қоғамды демократияландыру мақсатын қойды. Жұмысшы қозғалысы да елеулі саяси күшке айналды. Оның қатарында Қарағанды көмір бассейнінің шахтерлары ерекше рөл атқарды. 1989 жылы Жаңаөзендегі оқиға әлеуметтік-экономикалық саладағы көкейтесті мәселелерді көтерді.

Бір ерекше айтып кететін жағдай, қайта құру жағдайында бұқаралық хабарлама органдары елдегі, соның ішінде Қазақстанда болып жатқан жағдайларды, өзгерістерді ешқандай бүкпесіз ашық жариялап отырды. Әсіресе, республикада орын алған әлеуметтік және ұлттық қайшылықтар жөнінде жан-жақты айтылды. Соның арқасында халықтың азаматтық және ұлттық сана-сезімі едәуір өсті. Қоғамда орын алған жұмыссыздық, балалар

өлімі, халықтың мәдени-тұрмыстық, үй-жай жөнінде әлеуметтік зерттеулер жүргізіліп, оның қорытындылары ашық жарияланып отырды. Мұның өзі бұқара халықтың саяси-әлеуметтік белсенділігін күшейтуге көмектесті.

Қайта құру барысында қазақ халқы өзінің тарихы, ұлттық қайта даму, ана тілі, мемлекеттік егемендік алу жөнінде талаптарын қоя бастады, бұл мәселелер жаңа қырынан көрініс тапты.

Біздің қоғамымызда демократиялық қатынастардың одан әрі тереңдеп өрістеуі кеңестердің қызметінен айқын көріне бастады. «Барлық өкімет Кеңестерге берілсін!» деген ұран жанданды. 1987 жылғы шілде айында алғаш рет Қазақстанда жергілікті кеңестерге халық депутаттарын сайлау округтер бойынша көп мандатты негізде іске асырылды. Жаңа сайлау жүйесін сайлаушылардың басым көпшілігі мақұлдады. Өйткені, көптеген еңбек ұжымдары депутаттыққа кандидат етіп өздерінің қалаулыларын ұсынуға қолдары жетті, ал кандидаттар бұқара халықпен кездесу барысында өздерінің бағдарламаларын анықтауға, онымен еңбекшілерді жан-жақты таныстыруға мүмкіндік алды. 1988 жылғы шілде-тамыз айларында өткен Бүкілодақтық ХІХ партия конференциясында Кеңес қоғамының саяси жүйесіне реформа жүргізу қажеттігі атап көрсетілді.

1988 жылы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің қаулысымен 30-40-жылдары және 50-жылдардың бас кезінде сотталған және жазаға ұшыраған халқымыздың даңқты өкілдерінің есімі халқына қайтарылды. Әсіресе Шәкәрім Құдайбердіұлы, Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов, Міржақып Дулатовтың шығармашылық мұраларының ақталуы жұртшылық арасында зор қолдауға ие болды. Сөйтіп, қазақ халқының аталған бес арысы 1988 жылы ресми ақталды.

«Қайта құрудың» екінші кезеңі 1989 ж. көктемдегі сайлауға байланысты басталды. Сайлау науқаны кезінде нарықтық экономикаға және меншікке көшу үшін, ұлттық республикалар мен аймақтардың құқығын кеңейту үшін белсенді күрес басталды. Демократиялық процестердің даму барысында көрнекті рөл атқарған 1989 ж. наурыз айында өткен КСРО халық депутаттарының І съезі болды. Осы съезде Г.В. Колбин одақтық халық бақылау комитетінің төрағасы болып тағайындалып, Мәскеуге кетті. Оның орнына осы жылғы шілдеде Н.Ә. Назарбаев сайланды.

Саяси өмірде болған өзгерістер ұлттық сананың оянуын туғызды. Мұның айқын көріністерінің бірі ядролық қаруға қарсы халықтық қозғалыс болды. 1989 ж. ақпандағы республика жұртшылығының жиынында тұңғыш «Невада-Семей» қозғалысының бастамасы салынды. Оны белгілі қоғам қайраткері, ақын О.Сүлейменов басқарды. Бұл қозғалыс бүкіл Қазақстан халқы тарапынан қолдау тауып, осы жылдың 6 тамызында Семей облысы Қарауыл ауылында өткен жиында КСРО мен АҚШ-тың халықтары мен Президенттеріне ядролық сынауға бірлесіп мораторий жариялау қажеттігі жөнінде үндеу қабылдады.

Елдегі жүріп жатқан саяси реформаның екінші кезеңі - республикаларды, өлкелерді, облыстарды, қалаларды, аудандар мен

округтерді басқарудың жаңа жүйесін құру еді. Ондағы негізгі мақсат - бұқара халық өкілдері органдарының рөлін тек орталықта ғана емес, сондай-ақ жергілікті жерлерде де көтеру болатын. Оны тәжірибе жүзінде іске асыру үшін партия комитеттерінің бірінші хатшылары халық депутаттары Кеңесінің төрағаларына ұсынылды. Бірақ мұндай өзгеріс барлық жерлерде бірдей міндетті еместігі айтылды. Міне, осының нәтижесінде 1990 жылғы жергілікті кеңестер сайлауының қорытындысы бойынша Қазақстанда 9 қалалық және аудандық Кеңестерге кандидаттар бөлек-бөлек сайланды.

3. 1990 жылғы наурызда Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесіне сайлау ұйымшылдықпен етті. Онда Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің 1-ші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің төрағасы болып сайланды. Осыдан көп кешікпей-ақ орталықтағы сияқты біздің республикамызда да президенттік қызмет енгізілді. Сөйтіп, 1990 жылғы 24 сәуірде Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Н.Ә. Назарбаевты республиканың тұңғыш Президенті етіп сайлады. Н.Ә. Назарбаевтың Президент болып сайлануы республикада саяси-экономикалық мәселелерді шешуде жаңа идеялардың өрістеуіне ықпалып тигізді. Оның бастамасымен Қазақстанда елді басқару ісіне көптеген жаңалықтар, халық шаруашылығын басқарудың барлық сатыларында сапалы жаңа өзгерістер енгізілді. Республика Жоғарғы кеңесі 1986 ж. 17-18 желтоқсанда Алматыда болған оқиғаға байланысты жағдайларға түпкілікті баға беру жөнінде арнайы комиссия құрды.

Қоғамды демократияландыруда халық депутаттары Кеңесінің заң шығару қызметі маңызды рөл атқарды. Заңдар Қазақстанның саяси және экономикалық егемендігін іс жүзінде нығайтуға, демократия жолына бүкіл саналы күштерді топтастыруға бағытталды. Республика парламентінің қазақ тіліне мемлекеттік тіл дәрежесін берген «Қазақ КСР-нің тіл туралы заңын» 1989 ж. қыркүйекте қабылдауы маңызы зор оқиға болды.

Елде жүзеге асырылып жатқан демократиялық өзгерістер бұқара халық арасында әртүрлі көзқарастардың, түрлі қоғамдық пікірлердің ашық айтылуына және бірқатар саяси партиялар құрылып, олардың еркін жұмыс істеуіне жағдай жасалды. Мысалы, 1990 жылы Қазақстан социал-демократиялық партиясы құрылды. Бұл партияның алдына қойған басты мақсаты - республикалық парламент сайлауына қатынасып, оның құрамына өздерінің өкілдерін депутат етіп өткізу еді. Сондай-ақ, партия қоғамдағы жеке меншікті мойындады және өзінің қызметінде кәсіпкерлікті қолдап отыруды көздеді.

1990 жылы Қазақстанда «Азат» азаматтық қозғалысы қалыптасты. Оның басты мақсаты - Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігін, заң алдында барлық азаматтардың тең құқықтылығын, әлеуметтік әділеттілікті қорғау болды. Одан басқа республикада «Алаш», «Желтоқсан», т.б. саяси қозғалыстар пайда болды. Мұның өзі Қазақстанда көппартиялық жүйенің қалыптаса бастағанын көрсетті.

1986 ж. желтоқсан оқиғасынан кейін Балтық жағалауы республикаларында, Украина мен Белоруссияда халық майдандары басқарған қоғамдық қозғалыстар бас көтеріп ұжымдастыру кезіндегі депортация туралы, 1939 жылғы орыс-герман келісім шартының шындығын жариялауды талап етті. 1988 ж. Таулы Карабах үшін Азербайжан мен Армения арасында қарулы қақтығыс басталды. Ферганада өзбектер мен месхеттік түріктер арасындағы қақтығыс болды. 1989 жылғы апрелде Тбилисиде жаппай шеру болып, Грузияның тәуелсіздігі талап етілсе, Қазақстанда 17-18 маусымда Жаңаөзен оқиғасы болып өтті. Осындай жағдайда Кеңес басшылығы өзінің не ұлтаралық, не экономикалық мәселені шеше алмайтын дәрменсіздігін көрсетті.

1988-1990 жылдары одақтас республикаларда ұлттық қозғалыстар күш алып, КСРО құрамынан шығуды мақсат еткен партиялар құрылып, кейбір аймақта билікке келді. 1990 жылы Эстония, Литва, Латвия тәуелсіздігін жариялап, КСРО құрамынан шығып кетті. Одан кейін Грузия және т.б республикалар тәуелсіздігін жариялай бастады. КСРО-ны сақтап қалудың амалын ойластырған М.С. Горбачев «Жаңа одақтық келісім шарттың» жобасын ұсынып, оны КСРО халық депутаттарының IV съезді қолдап, сол жылы желтоқсанда төрт республика - Ресей, Украина, Белоруссия және Қазақстан егеменді мемлекеттер одағын құру туралы бастама көтерді. 1991ж. 17 наурызда Эстония, Литва, Латвия, Молдова, Армения, Грузиядан басқа республикалар халқы қатынасқан КСРО-ны сақтау және жаңарту туралы референдумда басым көпшілігі жақтап дауыс берген болатын. Жаңа одақ шартын құру келісіміне қол қою 1991 ж. 20 тамызға белгіленген болатын, бірақ Москвадағы «тамыз бүлігі» кедергі болды. Кейін 1991 ж. 14 қарашада жаңа форматтағы «тәуелсіз мемлекеттер одағын» құру туралы шешім қабылданып, 9 желтоқсанға белгіленген болатын. Бірақ 1 желтоқсанда референдум нәтижесінде Украинаның 24 тамыздағы тәуелсіздігі бекітіліп, оны Ресей мойындады. Ақырында 1991 ж. 8 желтоқсанда КСРО құрылтайшысы үш мемлекет басшысы қол қойған, КСРО-ны тарату туралы Беловежье келісімі жасалды. Бұл актіге 21 желтоқсанда Алматыда тағы 8 республика қосылып, 11 республика ТМД – ның құрылғанын жариялады.

Қорыта келгенде, XX ғасырдың 70 - 80 жылдары қоғамдық-саяси өмірдегі және әлеуметтік-экономикалық дамудағы теріс құбылыстар одан әрі өсіп, қоғамдағы қайшылықтар мейлінше шиеленісе түсті. Сол кездегі күшпен ұстап тұрған кеңестік тоталитарлық жүйенің құлдырауы жағдайында басқаша болуы мүмкін де емес еді. 1985 жылдан басталған қоғамдық-экономикалық өмірді қайта құру, горбачевтік социализмді «жаңарту» әрекеттері ешқандай оң нәтиже бермеді, КСРО-ны төніп келе жатқан терең дағдарыстан құтқара алмады және құтқара да алмайтын еді. Керісінше кеңестік әміршіл-әкімшіл жүйе тоқырауға ұшырап, қоғамның барлық салаларын қамтыған дағдарыс одан әрі тереңдей түсті.

Бақылау сұрақтары:

- 1) Қайта құру реформасының қажеттігін дәлелдеңіз.
- 2) Қайта құру реформасының негізгі принциптерін атап көрсетіңіз.
- 3) Қайта құру реформасының саяси өмірге тигізген ықпалын атаңыз.

9 дәріс. Қазақстан Республикасының мемлекеттік құрылысының қалыптасуы

1. «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі туралы» конституциялық заң. Тәуелсіз Қазақстанның мемлекеттік дамуының стратегиясын анықтау.

2. Мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатын қалыптастыру. Өзіндік даму жолын анықтау.

3. Президенттің Қазақстан халқына алғашқы жолдауы - «Қазақстан-2030».

Дәрістің мақсаты: Қазақстан Республикасының тәуелсіздігін жариялауы және келешек дамуының стратегиясы мен дүние жүзілік қауымдастықтағы ішкі-сыртқы саясаты және өзіндік даму жолын қалыптастыру тарихын талдап түсіндіру.

Дәрістің мазмұны: Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің жариялануы, елдің ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттары және ҚР Президентінің елдің стратегиялық даму бағытын айқындап берген тұңғыш Жолдауы – «Қазақстан - 2030» Стратегиясы мәселелері қарастырылады.

1. Елдегі мемлекеттік өкімет билігі жүйесі мен экономиканың шұғыл күйреуі жағдайында 1990 ж. 25 қазанда республика Жоғарғы Кеңесі Қазақ КСР-нің мемлекеттік егемендігі туралы Декларация қабылдады. Бұл Декларацияда негізінен мына мәселелерге мән берілді: КСРО мен Қаз КСР арасындағы қатынас келісім-шарт негізінде жүзеге асады; Республика әкімшілік-аумақтық құрылымға, саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени-ұлттық құрылыстарға байланысты барлық мәселелерді дербес шешеді; Республика өз аумағында Қазақ КСР заңдарын бұзатын КСРО заңдарының қолданылуын тоқтатуға құқылы; Қазақстанның өз шекарасындағы аумағына қол сұғылмайды, бөлінбейді және оның келісімінсіз өзгертілмейді; Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің келісімінсіз оның аумағында басқа мемлекеттердің әскери құрамалары, олардың әскери базалары орналаса алмайды; Қазақстан өзінің дербес ішкі әскерін, мемлекеттік және қоғамдық қауіпсіздік органдарын ұстауға құқылы. Қазақ КСР халықаралық қатынастарда дербес, өзінің мүдделеріне сай сыртқы саясатын жүргізеді. Декларацияның жаңа одақтық шарт жасасу және Қазақ КСР жаңа Конституциясын қабылдау үшін негіз болып табылатындығы туралы арнайы бапта көрсетілді. Егемендік алу Қазақстанда жалпы демократиялық процестердің барысын шапшаңдатты, мұның өзі елдегі болып жатқан оқиғалармен тығыз байланысты еді.

Міне, осындай күрделі жағдайда республикадағы жоғары атқарушы және билік жүргізуші өкімет басшысы ретінде Қазақ КСР-ның Президентіне

жеткілікті өкілеттік беру қажеттігі пісіп жетілді. Мұндай өкілеттіктер республика парламенті 1991 ж. 20 қарашада қабылдаған Қазақ КСР-ның «Қазақ КСР-нда мемлекеттік өкімет билігі мен басқару құрылымын жетілдіру және Қазақ КСР Конституциясына (Негізгі заңына) өзгерістер мен қосымшалар енгізу туралы» Заңы бойынша берілді.

1991 ж. 1 желтоқсанда Қазақстан тарихында тұңғыш рет республика Президентін бүкілхалықтық сайлау өтті. Халықтың демократиялық жолмен өз еркін білдіруі арқасында Н.Ә. Назарбаев Президент болып сайланды. Республикада көптеген өзгерістер жасалды: прокуратура, мемлекеттік қауіпсіздік, ішкі істер, әділет, сот органдары қайта құрылды; Қазақстанның мемлекеттік қорғаныс комитеті ұйымдастырылды; Президенттің одаққа бағынатын кәсіпорындар мен ұйымдарды Қазақ КСР-і үкіметінің қарамағына беру туралы, республиканың сыртқы экономикалық қызметінің дербестігін қамтамасыз ету туралы, Қазақстанда алтын запасы мен алмас қорын жасау туралы жарлықтары шықты. 1991 ж. 2 қазанда қазақ жерінде Байқоңыр ғарыш алаңы 40 жыл өмір сүргенде тұңғыш рет ғарышқа бірінші ғарышкер қазақ Т.О. Әубәкіров ұшты.

1991 ж. 10 желтоқсанда Қазақ КСР-ы атауы Қазақстан Республикасы болып өзгертілді. 1991 ж. 16 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің жетінші сессиясында парламент депутаттары «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» заң қабылдады. Заңның бірінші бабында Қазақстан Республикасы тәуелсіз мемлекет деп жарияланды. Ол өзінің жеріне, ұлттық табысына жоғары иелік ету құқы бар, тәуелсіз сыртқы және ішкі саясатын жүргізеді, басқа шет мемлекеттермен халықаралық құқықтық принциптері негізінде өзара байланыс жасайды деп көрсетілді. Республиканың барлық ұлттарының азаматтары Қазақстанның біртұтас халқын құрайды, олар республикадағы егемендіктің бірден-бір иесі және мемлекеттік биліктің қайнар көзі болып табылады. Республика азаматтары өздерінің ұлтына, ұстайтын дініне, қандай қоғамдық бірлестікке жататынына, тегіне, әлеуметтік және мүліктік жағдайына, шұғылданатын қызметіне, тұрғылықты орнына қарамастан бірдей құқықтар иеленіп, бірдей міндеткерлікте болады делінген. Заңда Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігі мен территориялық тұтастығын қорғау мақсатында өзінің Қарулы Күштерін құруға хақылы екендігі, республика азаматтарының әскери міндетін өтеу, оның тәртіптері мен талаптары жөнінде айтылған. Сөйтіп, 1991 жылғы 16 желтоқсан республиканың тәуелсіз күні ретінде бүкіл әлемге танылды. Өзінің тәуелсіздігін алған Қазақстан Республикасын дүниежүзінің ондаған елі таныды. Біздің елді алғашқылардың бірі болып Түркия, сол сияқты АҚШ, Германия, Франция, Ұлыбритания және т.б. ірі-ірі мемлекеттер мойындады. Қазақстан шет елдерде дипломатиялық және консулдық өкілдіктер ашуға кірісті. Ал Алматыда шетелдік елшілік пен миссия, халықаралық және ұлттық ұйымдардың өкілдіктері жұмыс істей бастады. Республиканың егемендікке қол жеткен алғашқы кезінен бастап-ақ мемлекетаралық және үкіметаралық келісім-шарттарға қол қою жүзеге асырылды.

2. Тәуелсіз Қазақстан Республикасының алдында үлкен келелі міндеттер тұрды. Олар - елдің ішкі жағдайында Егемен Қазақстан мемлекетінің тұтастығын нығайтып, нарықтық экономикаға көшу, көп ұлтты елдің бірлігін сақтауда барлық мүмкіндіктерді пайдалану. Ал, сыртқы саясаттағы басты міндеттер - Қазақстанның бүкіл дүниежүзі елдерімен байланыстарын одан әрі дамытып, алдыңғы қатарлы өркениетті мемлекеттердің қатарына қосылу, елдің қауіпсіздігін қорғау, әлемде бейбітшілікті сақтай отырып, ядролық соғысты болғызбау. Республика халқының ерік-жігері осындай аса маңызды міндеттерді жүзеге асыруға бағытталды.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін зайырлы, демократиялық, құқықтық және әлемге ашық мемлекет құруға кірісті. Елімізде саяси партиялардың және партиялық жүйенің орнығуына, күшті заң шығарушы органның, тәуелсіз баспасөз және автономиялық жергілікті басқарудың дамуына көп көңіл бөлінді.

Атамекен жеріміздің тәуелсіз ел екендігін, құдіретін, байлығын, бірлігін, мақсат-мұратын білдіретін қастерлі рәміздерді құрмет тұту, сыйлау, асқақтата дәріптеу қазақстандық әрбір азаматтың ең қымбатты борышы. Елтаңба, Ту, Әнұран - әрбір тәуелсіз мемлекеттің ажырамас бөлігі.

Қазақстан Республикасы туының авторы - Ш. Ниязбеков. Тудың біртүстілігі Қазақстан халқымың бірлігін білдірсе, көгілдір түс геральдика тілінде адалдықты, кіршіксіз тазалық пен пәктіктің нышаны, күн - энергия көзі, байлықтың нышаны. Тәуелсіз Қазақстанның жаңа Елтаңбасының авторлары - Ж. Мәлібеков пен Ш. Уәлиханов. Елтаңба мәңгі өмірдің белгісі, отбасы берекесін, бірлікті, байлықты, бейбітшілікті меңзейді. 2007 ж. 7 қаңтарда «Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы» конституциялық заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп, бұрынғы Әнұранның орнына жаңа Әнұранның мәтіні қабылданды. Еліміздің жаңа Әнұраны - жұртқа әйгілі «Менің Қазақстаным» әні. Оның сөзінің авторы - Жұмекен Нажмиденов, ал ән әуенінің авторы - Шәмші Қалдаяқов. Жаңа Әнұранның мәтіні бүгінгі өмір талаптарына сай ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев тарапынан толықтырылды. Ал 2007 жылы Елбасы Жарлығымен 4 маусым Мемлекеттік рәміздер күні болып белгіленді. Бұл - Мемлекеттік рәміздерге деген шынайы құрмет белгісі. Мемлекеттік рәміздерге деген құрмет - отаншылдық сезімнің аса бір жарқын көріністерінің бірі.

Астана - егеменді Қазақстанның жаңа ел ордасы. 1997 жылы Республика Президенті Н.Ә. Назарбаев астананы Алматы қаласынан Ақмола қаласына көшіру туралы тарихи шешім қабылдады. 1998 жылы 6 мамырда жаңа елорданы Астана деп атау туралы шешім қабылданды.

1999 жылғы 10 қаңтарда болып өткен Қазақстан Президенті сайлауына балама негізде 4 кандидат тіркелді. Олар: Коммунистік партия өкілі С.Ә. Әбділдин, Сенат депутаты Ә.Ф. Ғаббасов, Мемлекеттік Кеден комитетінің төрағасы Ғ.Е. Қасымов және Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев. Қазақстан Президентін сайлауға барлық сайлаушылардың 87,05

проценті қатысты. Дауыс беру қорытындысында Н.Ә. Назарбаев жеңіске жетіп, қайтадан Қазақстан Республикасы Президенті болып сайланды. Оған дауыс беруге қатысқан барлық сайлаушылардың 79,79 проценті өз дауыстарын берді.

Қазақстандағы болып жатқан демократиялық өзгерістер 1995 жылы қабылданған Ата Заңында өзінің басты көрінісін тапты. Еліміз егемендік алғаннан бері екі Конституция қабылданды. Оның біріншісі - 1993 ж. қаңтарында өмірге келді. Бірақ оның елеулі жетіспеушілігі мен кемшілігі бар еді. Жаңа Конституцияға, оның алдыңғысымен салыстырғанда, көптеген өзгеріс, ғылыми қағидалар енгізілді. Егер бұрынғы Ата Заң 4 бөлім. 21 тарау. 131 баптан тұрған болса, кейінгісі көлемі жағынан едәуір қысқарып, 9 бөлімнен, 98 баптан тұрады. Онда еліміздің экономикалық күш-қуаты мен мүмкіндіктері ғылыми тұрғыдан тиянақталып, халықтың әлеуметтік топтарына тиісті кепілдікті құқықтар беретін көкейкесті мәселелерді шешу ескерілді. Конституция бойынша Қазақстан Президенттік республика болып табылады. Жаңа Конституцияда екі палаталы парламенттің ерекшеліктері де жан-жақты көрсетілген. Жоғары мемлекеттік органдар жүйесіндегі үкіметтің тиісті орны, сот билігінің, прокуратураның қызметтері де айқындалған. 2007 жылы мамырда «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң қабылданды. Конституциялық реформалардың негізгі мақсаты - қоғамды одан әрі демократияландыру. Бұл жаңа өзгерістер мен толықтырулардың негізгі мәні қандай? Біріншіден, президенттік жүйеден басқарудың президенттік-парламенттік моделіне көшудің конституциялық негізі қаланды. Елбасы өз ұсынысымен біраз өкілеттілігін Парламентке берді. Конституцияға осыған байланысты бірқатар өзгерістер енгізілді. Парламенттің құзіреті едәуір кеңейтілді. Президенттің құзіреті біршама шектелді. 2012 жылдан кейін Президент 7 жылға емес, 5 жылға сайланатын болды. Мемлекет басшысы ел басқарудағы міндеттер мен жауапкершілікті Парламентпен бөлісті.

Парламенттің мәртебесін көтеретін бірқатар өзгерістер енгізілді. Біріншіден, оның сандық құрамы өсті. Мәселен, Мәжілісте енді 107 депутат болады. Екіншіден, оны сайлаудың түрі өзгерді. Бұрынғыдай мажоритарлық жүйемен жеке округтар бойынша емес, пропорционалды негізде партиялық тізім бойынша сайланады. Сонымен бірге қазір, Конституцияға енгізілген өзгерістерге сәйкес Мәжілістің 9 депутаты Қазақстан халқы Ассамблеясынан сайланады. Сенат депутаттарының бір бөлігі Ассамблеямен кеңескеннен кейін тағайындалады. Сенат та көп өкілеттілікке ие болады. Ол Ұлттық банктің төрағасын, Бас прокурорды, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасын тағайындау және оларды қызметтен босату жөнінде Президентке келісім береді. Сенат құрамы республика Президенті тағайындайтын 15 депутаттың есебінен көбейтілді. Парламенттегі 154 депутаттың 47-сі сенаторлардан құралады. Сенат пен Мәжілістің бірлескен отырысы ең қажетті жағдайда өтеді.

Конституциялық реформа бойынша жергілікті өзін-өзі басқару жана деңгейге көтеріледі. Мәслихаттардың бұл бағыттағы мәртебесі күшейтіледі. Жергілікті мәслихаттар мен олардың депутаттарының өкілеттілігі кеңейтілді. Олардың өкілеттік мерзімі 4 жылдан 5 жылға ұзартылады. Жергілікті өзін-өзі басқарудың негізі мәслихаттар болатыны Конституцияда баянды етілген.

Сот жүйесінің тәуелсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған шаралар ескерілді. Судьяны іріктеу-таңдау бір жүйеге келтіріліп, Жоғары Сот Кеңесінің қарауына берілді. Бұдан былай барлық деңгейдегі соттардың судьяларын тағайындауға ұсынымды Жоғары Сот Кеңесі жасайтын болады.

Конституцияға енгізілген жаңалықтардың ішінде парламентарийлердің ұсынысымен енгізілген 42-баптың 5-тармағындағы «Ел Президенті болып бір адам қатарынан екі реттен артық сайлана алмайды» деген тұжырым одан әрі күшінде қалып, ол «бұл шектеу Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентіне қолданылмайды» деген сөздермен толықтырылды. Тұңғыш Президенттің тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің іргесін қалаудағы ерен еңбегін бағалай отырып, елдің экономикалық қуатын арттыру, қорғаныс қабілетін күшейту, республиканы бүкіл әлемге таныту жолындағы қыруар істеріне көрсетілген құрмет ретінде осындай қадамға барғанын депутаттар ашық айтты.

2007 жылғы 18 тамызда өткен Қазақстан Республикасы Парламентінің төменгі палатасы - Мәжілісті, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқару органдары - облыстық және аудандық мәслихаттарын мерзімінен бұрын сайлау 2007 жылғы 21 мамырда Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізілуімен байланысты болып, тәуелсіз Қазақстанның тарихында тұңғыш рет бұл сайлау пропорционалды жүйе негізінде партиялық тізіммен өтті.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін нарықтық экономикаға көшу жолына түсті. Қазақстанда нарықтық экономикаға көшудің алғашқы кезде үш кезеңі белгіленді. Бірінші кезең - 1991-1992 жылдар, екінші кезең - 1993-1995 жылдар аралығы болып, үшінші кезең - 1996-1998 жылдарды қамтуға тиіс болды. Осыған байланысты көптеген жаңа заңдар, реформаны жүзеге асыруға қажет басқа да құжаттар қабылданды. Нарықтық экономикаға көшу мәселелерімен айналысатын жаңа мемлекеттік басқару органдары құрылды.

Әр елдің өзіне тән, оның ұлттық бітіміне, тарихына, дәстүріне, нақтылы саяси, әлеуметтік, экономикалық қалыптасқан жағдайына сәйкес өз моделі, өз жолы болу керек. Оны әлемдік тәжірибе де көрсеткен. «Жапондық», «Немістік» тағы басқадай әр елдің өз даму жолы болғаны белгілі. Қазақстан көп елде жақсы нәтиже бермеген, Халықаралық Валюталық Қоры ұсынған «есеңгіретіп емдеу» деп аталатын жолына түсті.

1993 ж. 15 қарашада мемлекеттің өз ақшасы - теңге енгізілді. Сөйтіп, біз экономикалық тәуелсіздіктің аса маңызды нышаны - ұлттық валютамыз теңгеге ие болдық.

3. Қоғам айқын мақсаттар мен оларға қол жеткізу жолдары баяндалған стратегиялық бағдарламалық құжатқа мұқтаж болатын. Олар «Қазақстан -2030» ел дамуының Стратегиясында тұжырымдалды. 1997 жылдың қазан

айында Президент Н.Ә. Назарбаев республика халқына «Қазақстан -2030» деген атпен жолдау қабылдап, онда еліміздегі дағдарыстан шығудың және жүріп жатқан реформаларды аяқтаудың, сондай-ақ алдыңғы қатарлы мемлекеттердің қатарына қосылудың, немесе «Қазақстан барысын» қалыптастырудың жаңа бағдарламасын ұсынды. Бағдарламада еліміздің саяси, әлеуметтік-экономикалық дамуының жақын арадағы және стратегиялық ұзақ мерзімдегі даму жолдары мен мүмкіндіктері жан-жақты көрсетілді. Онда елдің ішкі бекем тұстарын және сыртқы саясатындағы мүмкіндіктерді барынша пайдалана отырып, мемлекеттің дамуындағы ұзақ мерзімді жеті басымдықты іске асыру көзделген. Олар:

- ұлттық қауіпсіздікті сақтау;
- ішкі саяси тұрақтылық пен қоғамның топтасуын нығайту;
- нарықтық қатынастар негізінде экономикалық өсу;
- Қазақстан азаматтарының денсаулығы, білімі мен әл-ауқатын көтеру;
- энергетика ресурстарын жете пайдалану;
- инфрақұрылым, көлік және байланысты дамыту;
- демократиялық кәсіби мемлекетті құру.

Қазақстан осы стратегиялық міндеттерді орындай отырып, 2030 жылға қарай дамыған елдердің деңгейіне жетуге, дүние жүзінің ең дамыған жиырма елінің қатарына қосылуды көздейді. Реформалар стратегиясында экономикалық және саяси құрамдағы ырықтандырудың өзара ажырамайтын байланыста болатындығы ескерілген. Бәсекелестік қабілеті ашық та риясыз жағдайда қалыптасқан қоғам орнату одан әрі демократияландыру арқылы өтеді, ол, түптеп келгенде, сайлауды әділ өткізуге, саяси партиялардың, парламенттің рөлін, үкіметтің мүмкіндігін күшейтуге, сот жүйесін реформалауға, БАҚ-қа еркіндік беруге, әйелдердің қоғамдағы рөлін күшейтуге саяды. Тек осы аса маңызды шараларды іске асырғанда ғана Қазақстан халқының өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы мүмкін екендігіне сенім білдірілді. Бұл қысқа және ұзақ мерзімді негізгі бағыттарды іске асыру барысында, ең алдымен, еліміздің барлық азаматтарының бостандығына кепілдік беруге, халықтың әл-ауқатын жақсартуға және ертеңгі күнге деген сенімін нығайтуға бағытталған бірден-бір бағдарламалық-стратегиялық ресми құжат болып табылады.

Бақылау сұрақтары:

- 1) Қазақстан Республикасының тәуелсіздігінің алғышарттарын атаңыз.
- 2) Қазақстанның өзіндік даму жолын қалай түсінесіз.
- 3) Қазақстан-2030 стратегиялық бағдарламаның негізгі бағыттарын атаңыз.

10 дәріс. Экономикалық дамудың қазақстандық үлгісі

1. Қазақстанды экономикалық қайта құрудың жасампаздық кезеңі және олардың нәтижелері. Қазақстан экономикасын реформалаудың басты бағыттары.
2. Дүниежүзілік экономикалық дағдарыс және оны табысты еңсеру. 2010 жылдың 29 қаңтарындағы Қазақстан Республикасы Президентінің «Жаңа онжылдық – Жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» Жолдауының маңызы
3. «Нұрлы Жол – болашаққа бастар жол» жаңа экономикалық саясаты – Қазақстанның жаһандануға берген жауабы.

Дәрістің мақсаты: Қазақстанның тәуелсіздік жылдарындағы жүргізген экономикалық реформалары мен әлемдік экономикалық дағдарысты игеру жолындағы шараларының басты бағыттарына талдау жасау.

Дәрістің мазмұны: Қазақстанның тәуелсіздік жылдарындағы ел экономикасын жандандыру, нарықтық экономика тетіктерін қалыптастыру, дүниежүзілік дағдарыстарды еңсеру жолындағы экономикалық саясаты қарастырылады.

1. 1980 жылдардың соңы – 1990 жылдардың басындағы орын алған терең әлеуметтік-экономикалық дағдарыс КСРО-ның өмір сүруін тоқтатуына, шаруашылық байланыстардың бұзылып, елде жұмыссыздық пен инфляцияның күрт өсуіне әкелді. Дағдарыс Қазақстан экономикасын түбірімен қайта құру, нарықтық экономиканы қалыптастыру және жаңа экономикалық жүйеге тиесілі институттарды дамыту сияқты шешуші іс-шараларды жүзеге асыруды талап етті.

Ел экономикасын ырықтандырудың алғашқы кезеңі (1991-1993 жж.) мен өтпелі кезеңіндегі (1994-1997 жж.) әлеуметтік-экономикалық дағдарысты басқару тетіктерін іздестіру бағытында төмендегідей маңызды экономикалық реформалардың тұтас кешені жүзеге асырылды:

- бағаны ырықтандыру;
- мемлекеттік меншікті жекешелендіру;
- ұлттық валютаны енгізу;
- қаржы жүйесін құру, салық және бюджет жүйесін қалыптастыру;
- нарықтық инфрақұрылымды дамыту;
- шетел инвестицияларын тарту, т.б.

Бұр реформаларды жүзеге асыру экономиканың тұрақтандыру кезеңіне (1998-2001жж.) өтуге, нарықтық экономикаға қажетті алғышарттарды қалыптастыруға жол ашып, макроэкономикалық тұрақтандыруға негіз болды.

1992 жылы 6 қаңтарда Қазақстан Республикасы Президенті жарлығымен Қазақстан бағаны ырықтандырды. Баға алғашқы кезеңде –186,4 есеге өссе, 1992 жылы сәуірде 554,5 есеге өсті. Нәтижесінде ақшаның құны түсті. Халықтың тапқан айлық жалақысы тамағынан аспады. Қаңтар айынан тамызға дейін өндірістік тауарлардың бағасы бірнеше есе өсті. Қалаларда

қайыр сұраған адамдар көбейді. Әлеуметтік-экономикалық дағдарыс өршіп, инфляция үрдістері күшейді.

Реформа қарсаңында мемлекеттік меншіктің негізгі қордағы үлесі 80%-ды құрады. Дағдарыс жылдары олардың басым бөлігі қаңтарылып тұрды немесе жұмысын тоқтату шегінде болды. Бұл елдегі инфляцияны өршітті. Әлемдік практика көрсеткендей кәсіпорындар мен компаниялар қызметінің нәтижесі мен тиімділігі олардың меншік формасына байланысты еді. Республика басшылығы нарықтық экономиканың басты принциптерінің бірі ретінде елде мемлекет меншігін тарату мен жекешелендірудің кең ауқымды бағдарламасын іске асыру туралы шешім қабылдады.

Жекешелендіру Қазақстанда бірнеше кезеңмен өтті. Осы жылдары жекешелендіру туралы бірнеше заң жобалары қабылданып, оларға толықтырулар мен өзгертулер енгізілді.

Бірінші кезеңде (1991 — 1992) «Кіші жекешелендіру» бағдарламасы бойынша мемлекеттік сауда және қызмет көрсету кәсіпорындары (31 мың нысандардың 50%-і) жаппай сатылды, не болмаса еңбек ұжымдарына берілді. Бұл кезеңде жекешелендіру бастамашылық сипатта болды, яғни кәсіпорындар аукционға, конкурстарға қойылды немесе еңбек ұжымының меншігіне тегін берілді. Бұл кезеңде барлығы 4 770 субъект жекешелендірілді. Сонымен қатар осы кезеңде тұрғын үй нарығы қалыптасты. Тұрғын үй қоры тегін жекешелендірілді.

Екінші кезеңде (1993 — 1996 жылдары) 1993 жылғы сәуірде мемлекеттік меншікті мемлекет иелігенен алу және жекешелендірудің 1993-1995 жылдарға арналған ұлттық бағдарламасы қабылданды. Бұл кезеңде жұмыс істеушілерінің саны 200 адамнан 5 мың адамға дейінгі мемлекеттік меншік нысандарын жекешелендіруді көзделді. 1996 жылы республикадағы бұрынғы мемлекеттік бөлшек сауда, тұрмыстық және коммуналдық қызмет көрсету жүйесі толық жекешелендірілді, бәсекені дамыту мақсатында шағын жеке меншік кәсіпорындар құруға мүмкіндік берілді.

Үшінші кезеңде (1997 жылдан бастап) жекешелендіру отын-энергетика, көлік, денсаулық, ғылым салаларында өтті. Аталған кезеңдерде Қазақстанда жабық және ашық акционерлік қоғамдар көптеп құрылды. Ірі және орташа кәсіпорындар үшін жабық акционерлік қоғамдар жекешелендірудің негізгі түрі болды. Оның құрылтайшылары болуға тек еңбек ұжымы мен мемлекеттік басқару органдарына құқық берілді. 1994 жылдан бастап жекешелендіру нысандарын сату саясаты жүргізілді. Сенімгерлікпен басқаруға келісім-шарт жасалынған 66 кәсіпорынның кейіннен 26-сы басқарушы компанияларға сатылды. Жеке жобалар бойынша барлығы 93 кәсіпорын жекешелендірілді. Бұл республиканың барлық өндірістік қуатының 80%-ын құрады.

Жекешелендіруді Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүлік бойынша Мемлекеттік комитеті мен оның аумақтық органдары министрліктер, ведомстволар мен жергілікті әкімшіліктердің қатысуымен жүзеге асырды.

Дегенмен, жекешелендірудің негізгі мақсаттары орындалмады:

- 1) Кәсіпорындар экономиканы жандандыра алмады, оларда жеткілікті көлемдегі инвестиция да, шетел банкілерінің несиелері мен қарыздары бойынша мемлекеттік кепілдіктері де болмады.
- 2) Жекешелендірілген кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігін қолдау үшін құқықтық, экономикалық тетіктері болмады.
- 3) 1995-1996 жж. Қазақстанда толымды салық жүйесі де жоқ еді.
- 4) Әлеуметтік-экономикалық жағдайдың төмендеуін тоқтату мүмкін болмады. 1998 жылдың көктеміне қарай төленбеген қарыздар көлемі шексіз өсіп, осыған байланысты әлеуметтік жағдай әбден нашарлады. 1997-1998 жылдары Кентау (Оңтүстік Қазақстан облысы) және Жаңатас (Жамбыл облысы) тау-кен өнеркәсібі жұмысшылары ереуілдерге шығып, аштық жариялады.

Төртінші кезең - 1998 жылдың аяғында үкімет мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік саясатты жетілдіру қажеттігін түсінді. Жекешелендіруді және мемлекеттік мүлікті басқарудың тиімділігін арттырудың 1999-2000 жылдарға арналған бағдарламасы әзірленді. Меншікті республикалық және коммуналдық меншікке нақты бөлу көзделді. Жекешелендіруді конкурстық негізде жүргізу басты талапқа айналды. 2001 жылы мемлекеттік мүлікті басқару және жекешелендіру тұжырымдамасы қабылданды. Тұжырымдамаға сәйкес ұлттық мәртебесі бар «ірі нысандарды» конкурстық негізде жекешелендірудің формалары мен әдістері жетілдірілді. Жекешелендірілген ірі кәсіпорындарға бақылау, шетелдік және ұлттық компаниялар қызметіне қаржылық мониторинг күшейтілді. Инвестициялық ахуал оң нәтижелерін бере бастады, қазақстандық кәсіпкерлер капиталының құйылуы өрістеді. Негізгі капиталға инвестиция, негізінен мұнай-газ өнеркәсібіне, металлургияға және және тамақ өнеркәсібіне салынды. Мемлекеттік инвестиция туралы бағдарламалар инфрақұрылым жобалары мен күнкөрісті қамтамасыз ететін нысандарды қаржыландыру мақсатын көздеді. 1997 жылдан инвестициялық белсенділіктің артуы байқалды. Инвестицияның өсуі 1999 жылмен салыстырғанда 2000 жылы 29,4 %-ды құрады. 2000 жылдың бағалауы бойынша инвестицияның жалпы көлемінің 59%-ы кен өндіру өнеркәсібіне, 11%-ы өңдеуші өнеркәсіпке, 8%-ы көлік саласына бөлінген.

Жекешелендіру нәтижесінде 2000 жылдың басында 100 мыңнан астам жеке меншік кәсіпорын тіркелді, бұл кәсіпорындардың жалпы санының 82%-ы еді.

1993 жылдың қарашасында отандық ұлттық валюта - теңгенің енгізілуі республикамыздың жылнамасындағы ең маңызды оқиғалардың бірі. Теңге ресми түрде 1993 жылы 15 қарашада енгізілді. Ол еліміздің тәуелсіздігін

нығайту жолындағы түбегейлі әлеуметтік-экономикалық реформаларды жүргізу үшін қажетті тарихи қадам болды.

1992 жылы рубль аймағында Қазақстан, Өзбекстан, Ресей және Тәжікстан елдері ғана қалды. 1993 жылы Ресейдің Орталық Банкі жаңа 50 рубльдік ақша белгісін енгізді. Дегенмен оны Қазақстанға бермеді. Шын мәнісінде Ресей Қазақстанды рубльдік аймақтан ығыстырып шығарды.

1993 жылы 3 қарашада Президенттің Жарлығымен құрылған Ұлттық валютаны енгізу жөніндегі мемлекеттік комиссия ұлттық валютаны енгізудің тұжырымдамасын дайындады. Бұл құжатта жаңа валютаның енгізілу мерзімі, тәсілі, жаңа валютаны айырбастау пункттеріне жеткізу мәселелері, қолма-қол ақшаны айырбастау коэффициенті мен лимиттері, валюта бағамын қалыптастыру және басқа маңызды мәселелер айқындалды.

1994 жылы республикада рубльдің қолданылуы біржола тоқтатылды.

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 13 сәуірдегі Заңы оның банктік жүйедегі орны мен рөлін, құқықтық дәрежесін, қызметін, міндеттерін және Қазақстан Республикасының мемлекеттік өкімет органдарымен өзара қатынасын белгіледі.

Ұлттық Банк елдің орталық банкі ретінде еліміздің экономикалық дамуы және оның әлемдік экономикаға бірігуіне қолайлы макроэкономикалық жағдай жасауға мүмкіндік беретін мемлекеттік ақша-кредит саясатын қалыптастырады және іске асырады.

Ұлттық валюта енгізілгеннен кейінгі алғашқы екі жыл еліміз үшін өте қиын жылдар болды. Жалпы экономикалық сипаттағы объективтік қиындықтар (бағаны ырықтандыруға және өндірістің құлдырауына байланысты инфляцияның жоғары деңгейі, импорт тауарларына деген қанағаттандырылмаған сұраныстың едәуір көлемі) шетел валютасына сұраныстың өсуіне, ал ізінше бағаның өсуіне әкеліп соқты. Теңге айналымға енген алғашқы 7 айда 8 есе құнсызданды.

Теңгенің экономикалық өсімге тікелей қызмет жасауын қамтамасыз ету қажет болды. Бұған дейін теңге құлдырап бара жатса, Ұлттық банк өзіндегі алтын-валюта қорынан қосымша ақша жұмсап, оны реттеп отыратын. Бірақ бұл әрекет жасанды бағамның жасалуына жол ашты. Теңгенің шын бағамын белгілеу үшін оны еркін жүзуге жіберу керек болды.

Республика тарихындағы маңызды оқиғаның бірі – елдің дамуының болашақ бағыттарын айқындап берген 1997 жылдың қазан айындағы Ел Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан - 2030» даму стратегиясы. Стратегия аясында бірнеше ортамерзімді стратегиялық даму жоспарлары мен бағдарламалары өмірге келді. Ол бағдарламалар мен жоспарлар елді экономикалық дағдарыстан шығу жолдарын қарастыруды, реформаларды аяқтауды, алдыңғы қатарлы мемлекеттер қатарына қосылуды, «Қазақстан барысын» қалыптастыруды көздеді.

Қазақстан өзінің тәуелсіздігін жариялаған алғашқы күндерден-ақ жоспарлы орталықтанған экономикадан нарыққа өтудің басты тетіктерінің бірі

ретінде ел экономикасына инвестициялық ресурстарды тартуды қолға алды. Бұл отандық және шетелдік инвестицияларды тартуда қолайлы инвестициялық климат қалыптастыруды талап етті.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «біздің міндетіміз - әлемдік қоғамдастық алдында Қазақстанды инвестициялар үшін тартымды орын ретінде көрсету, маңызды салаларға инвесторларды белсене тарту», - деп көрсете келе, мәселеге ерекше басымдық берді. Шетелдік компаниялар, фирмалар мен жеке кәсіпкерлер де Қазақстанның инвестициялық климатын жоғары бағалайды. Олардың қатарында бай табиғи кен көздері, кәсіби маман кадрлар мен арзан жұмыс күшінің сыртында тиімді геосаяси жағдай, саяси ахуал мен ұлтаралық қатынастардың тұрақтылығы ерекше орын алады.

1991-2010 жылдар аралығында елге 140 млрд. долл. шетел инвестициясы, оның ішінде 80 млрд. тікелей инвестиция тартылған. Негізгі инвестор-елдер қатарында Нидерланды, АҚШ, Франция, Қытай, Жапония, Ұлыбритания бар.

Дүниежүзілік даму Банкі әлемнің инвестиция үшін тартымды жиырма елдің қатарына Қазақстанды да қосты.

2. 2007 жылы тамызда АҚШ-тың ипотекалық жүйесінде басталған дүниежүзілік экономикалық дағдарыс көптеген мемлекеттерді экономикалық құлдырауға әкеліп соқты. Дағдарыс Қазақстанды да айналып өткен жоқ. Қолайсыз сыртқы жағдай біздің компанияларымыздың мүмкіндіктерін азайтты. Әлемдік қор биржасында шикізат бағасының түсуі де оны өндіру көлемін тежеді.

2007 жылы күзде мемлекеттік бюджеттен 550 млн теңге бөлінді, бұл тұрғын үй құрылысының жандануына мүмкіндік берді. Шағын және орта бизнеске көмек ретінде 155 млрд теңге бөлінді. Аграрлық секторға азық-түлікті қамтамасыз ету үшін 135 млрд теңге бөлінді. Қаржы секторындағы қиындықты сезген Ел басы Н.Назарбаев 4 млрд доллар мөлшерінде ұзақ мерзімді несиені қамтамасыз етті.

Елбасының шешімімен 2008 жылдың қазан айында «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат Қоры» акционерлік қоғамы құрылды. Ол екі ірі холдинг – «Самұрық» пен «Қазынаны» қосу жолымен қаржы дағдарысының екінші толқынының басталуы кезінде маңызды мемлекеттік активтерді біріктіріп, Қазақстан экономикасын дамыту мақсатында құрылған. Қор дағдарыспен күрес іс-шараларында мемлекеттің маңызды құрылымдық құралы ретінде көрінді.

Қор қызметінің негізгі мақсаты – меншігіндегі біріктірілген активтерді басқару, олардың ұзақ мерзімді құндылығын арттыру және дүниежүзілік нарықта бәсекелестігін көтеру. Қор қызметінің бірінші дәрежелі ұстанымдары – бірден-бір акционер ретінде мемлекеттің мүдделеріне сай тиімді, икемді әрі таза жұмыс жүргізу.

2009-2010 жылдары экономика мен қаржы жүйесін тұрақтандыру үшін бірлескен әрекеттер жоспарын жасауда Қор негізгі оператор ролін атқарды. Дағдарысқа қарсы бағдарлама аясында Қор қаржы секторын тұрақтандыруға,

тұрғын үй саласын дамытуға, шағын және орта кәсіпкерлікті қолдауға, инновациялық, индустриялық және ішкі құрылымдық жобаларды жүзеге асыруға бағытталған 7 млрд АҚШ долларын игерді.

Қазақстан бірте-бірте Еуропаның Азиямен арадағы өңірлік көлік «көпіріне» айналды. Республикада транзиттік әлеует жасақталды, оның негізін бірқатар көлік бағыттары құрайды. Қазақстан маңызды екі стратегиялық міндетті шешті: Қазақстанның әлемдік теңіз порттарына шығуы және теміржол, автомобиль және әуе көлігінің негізгі үш бағыт: Ресей, Еуропа мен Балтық елдері; Қытай, Жапония, Оңтүстік Шығыс Азия елдері; Оңтүстік Азия, Кавказ елдері, Иран және Түркия бойынша транзиттік қатынас.

Бірқатар мемлекет басшылары көрші елдермен тығыз экономикалық қатынастардың қажеттілігін түсініп, 1994 жылы ТМД Еркін сауда аймағы құрылды. ТМД елдері арасында екі жақты еркін сауда шарттарына да қол қойылды. Қазақстан Президенті Н.Назарбаевтың интеграция мәселесінде атсалысуымен Шанхай ынтымақтастық ұйымы, ЕурАзЭҚ, Ұжымдық қауіпсіздік шарты тәрізді көрші елдер басшыларын бір үстел басына жинайтын, ынтымақтастықты талқылайтын бірнеше платформа өмірге келді.

2000 жылғы 10 қазанда [Астана](#) қаласында халықаралық экономикалық ұйым ретінде Еуразиялық экономикалық қоғамдастық (ЕурАзЭҚ) құрылды. Қоғамдастық мүшелері: [Қазақстан Республикасы](#), [Беларусь Республикасы](#), [Қырғыз Республикасы](#), [Ресей Федерациясы](#), [Тәжікстан Республикасы](#), [Өзбекстан Республикасы](#). Бақылаушылар қатарында [Армения Республикасы](#), Молдова Республикасы, [Украина](#) бар.

2010 жылдың 29 қаңтарындағы Қазақстан Республикасы Президентінің *«Жаңа онжылдық – Жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері»* атты Қазақстан халқына Жолдауының ерекшелігі - алдыңғы онжылдықты қорытындылай келе, Қазақстанның болашақ онжылдығының, яғни Қазақстанның 2020 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспарын анықтап беруінде болды.

2010 жылы «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы Қазақстан Республикасы Президентінің *«Жаңа онжылдық – Жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері»* атты Қазақстан халқына Жолдауын және Қазақстанның 2020 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспарын іске асыру үшін әзірленген.

Бағдарламаның мақсаты экономиканың шикізаттық емес секторларындағы өңірлік кәсіпкерліктің тұрақты және теңгерімді өсуін қамтамасыз ету, сонымен қатар бар жұмыс орындарын сақтау және тұрақты жұмыс істейтін жаңа жұмыс орындарын құру болып табылады.

Қазақстанның индустриалды–инновациялық бағдарламасы негізінен жалпы экономикалық өсуге бейімделген. Аталмыш бағдарлама мемлекеттің белсенді көмек көрсетуі арқылы жоғарғы құнды өнім өндіру және шетелге шығару, бәсекелестік қабілеті бар бейтараптандырылған өнеркәсіп құру және

ұзақ мерзімдік жағдайда сервистік-технологиялық экономикаға көшудің алғы шарттарын дайындау арқылы тұрақты экономикалық дамуды қалыптастыруды көздейді. Осы онжылдық бас жоспар екі бесжылдық кезеңге бөлініп жүзеге асырылмақ. Алғашқы кезеңде 2010-2014 жылдарға арналған индустриалды-инновациялық жедел даму бағдарламасы қолға алынды.

Қазақстан Республикасының индустриалды-инновациялық жедел даму бағдарламасы 2015 жылға қарай жалпы ішкі өнімді 7 триллион теңгеге дейін жеткізуді көздейді.

Қазақстан Республикасының президенті Н. Назарбаев ел экономикасының жедел индустриалды даму кезінде негізге алынатын басым бағыттарды айқындап берді.

Осы орайда индустриалдық-инновациялық бағдарламаны үш кезеңде іске асыру көзделген.

Бірінші кезең – 2003-2005 жылдарға жоспарланған.

Екінші кезең 2005-2010-жылдар.

Үшінші кезең - 2011-2015 жылдарға жоспарланды.

3. Мемлекет басшысы Н.Назарбаев 2014 жылғы 11 қарашадағы «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты Қазақстан халқына жолдауын жария етті. Жолдауды іске асыру мақсатында инфрақұрылымды дамытудың 2015-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы әзірленді.

Бағдарлама елдің макроөңірлерін біріктіру және хаб қағидаты бойынша бірыңғай нарықты қалыптастыруға негізделген жаңа экономикалық саясатты іске асыруға бағытталып отыр.

«Нұрлы жол» бағдарламасы негізінен экономикалық дағдарыстардың алдын алып, барша қазақстандықтардың әлеуметтік ахуалын төмендетпеуді көздейді. Бағдарламаны іске асыруға Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан 2015 жылы – 796 млрд теңге, 2016 жылы – 379 млрд теңге, ал 2017 жылы – 3 млрд АҚШ доллары эквиваленті көлемінде қаражат бағыттау жоспарланған. «Нұрлы жол» бағдарламасы негізгі екі блоктан тұрады. Оның бірінішісі – инфрақұрылымды дамыту. Бұл блогтағы жобалар төмендегі 7 бағыт бойынша өрбімек:

Бірінші. Көліктік-логистикалық инфрақұрылымдарды дамыту. Ол макроөңірлерді хабтар қағидаты бойынша қалыптастыру аясында жүзеге асырылатын болады. Оның үстіне, инфрақұрылымдық қаңқа Астанамен және макроөңірлерді магистралды автомобиль, теміржол және әуе жолдарымен шұғыла қағидаты бойынша өзара байланыстырады... Президент Н.Назарбаев Үкіметке Қытайдың, Иранның, Ресей мен ЕО елдерінің «құрғақ» және теңіз порттарында терминалдық қуаттар салу немесе жалға алу мәселесін ойластыруды тапсырды.

Екінші. Индустриялық инфрақұрылымдарды дамыту. «Инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыру құрылыс материалдарына, көлік-коммуникациялық, энергетикалық және тұрғын үй-коммуналдық салалар үшін өнімдер мен қызмет көрсетулерге үлкен сұраныс тудырады. Осыған байланысты, біріншіден, жұмыс істеп тұрған арнайы экономикалық

аймақтарда инфрақұрылымдар қалыптастыру жұмыстарын аяқтау керек. Екіншіден, өңірлерде ШОБ өндірісін дамыту мен қосымша инвестициялар тартуға бағытталған жаңа индустриялық аймақтар салу мәселесін ойластырған жөн...», - деп көрсетті Президент Н. Назарбаев.

Үшінші. Энергетикалық инфрақұрылымдарды дамыту. Мұнда Елбасы екі жобаға назар салу керектігін атап өткен. Олар «Екібастұз - Семей – Өскемен» және «Семей – Ақтоғай – Талдықорған - Алматы» бағыттарында жоғарғы вольтты желілер салу қажеттігі. Бұл қазақстандық электр стансаларының елдің барлық өңірлерін теңдестірілген энергиямен қамтамасыз етуіне мүмкіндік береді.

Төртінші. ТКШ-мен су және жылумен қамтамасыз ету желілері инфрақұрылымдарын жаңғырту. Инвестицияларға жалпы қажеттілік қаржыландырудың барлық көздерінен 2020 жылға дейін жыл сайын ең азы 200 миллиард теңге бөлгенде кем дегенде 2 триллион теңгені құрайды. Бүгін ТКШ-ны жаңғыртуға инвестициялар салуға Еуропа Қайта құру және даму банкі, Азия даму банкі, Ислам даму банкі, сондай-ақ, жеке инвесторлар үлкен қызығушылық танытып отыр.

Бесінші. Тұрғын үй инфрақұрылымдарын нығайту. Агломерациялар қалыптастыру айтарлықтай тұрғындар ағынымен қатарласа жүреді. Бұл еңбек нарығы мен қалалардың инфрақұрылымына, соның ішінде, тұрғын үй қорына қысым туғызады. Сондықтан жалға берілетін тұрғын үй құрылысына көзқарасты қайта қараған жөн. Мемлекет әлеуметтік жалдамалы баспананы салып, оны тұрғындарға сатып алу құқын бере отырып, ұзақ мерзімді жалға ұсынады... 2015-2016 жылдар ішінде жалға берілетін тұрғын үй құрылысын қаржыландыруды қосымша 180 миллиард теңге сомасында ұлғайтамыз, - деп көрсетті Н. Назарбаев.

Алтыншы. Әлеуметтік инфрақұрылымдарды дамыту. Бірінші кезекте, бұл – апатты мектептер мен үш ауысымда оқыту проблемаларын шешу. Бұл бағыт бойынша Елбасы Н. Назарбаев «Бұл - біздің Сайлауалды тұғырнамамыздың негізгі индикаторларының бірі. Үшжылдық бюджетте қарастырылған қаржы бұл проблеманы 2017 жылға дейін шешуге мүмкіндік бермейді. Сондықтан Үкіметке қосымша 70 миллиард теңге бағыттауды тапсырамын...», - деді Елбасы Н. Назарбаев.

Жетінші. Шағын және орта бизнес пен іскерлік белсенділікті қолдау бойынша жұмысты жалғастыру.

«Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламаындағы кешенді жоспардың екінші блогы – 2015 жылғы дағдарысқа қарсы шаралар. Бұл да 7 бағытта айқындалған.

Бақылау сұрақтары:

- 1) 1990-жылдары Қазақстан экономикасында қандай құрылымдық өзгерістер болды?
- 2) 2007 жылы тамызда басталған дүниежүзілік экономикалық дағдарыстың алдын-алу мақсатында қандай ауқымды іс-шаралар атқарылды?

- 3) Мемлекет басшысы Н. Назарбаевтың «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты Қазақстан халқына жолдауының мәні неде?

11 дәріс. Әлеуметтік реформалар және білім беру жүйесіндегі өзгерістер

1. Әлеуметтік реформалар және әлеуметтік жаңару: кедейшілікті еңсеру, халықты еңбекпен қамтуды көтеру, жастарды, студенттерді қолдау жөніндегі мемлекеттік бағдарламалар, зейнетақы мен жәрдемақыны арттыру реформасы.
2. Денсаулық сақтау, спорт және дене шынықтыруды дамыту: жетістіктер және қиыншылықтар.
3. Қазіргі білім жүйесін модернизациялаудың мақсаттары мен міндеттері. Президенттің «Интеллектуалды ұлт-2020» бағдарламасы және оның маңызы.

Дәрістің мақсаты: Қазақстанның тәуелсіздік жылдарындағы жүргізген әлеуметтік реформалары және отандық білім беру жүйесін модернизациялау мен оның жаһандану үрдісіндегі интеграциялануын қамтамасыз ету бағытындағы шараларға талдау жасау.

Дәрістің мазмұны: Қазақстанның тәуелсіздік жылдарындағы әлеуметтік саладағы реформалары, ондағы жетістіктер мен қиыншылықтар және білім беру жүйесіндегі модернизация үрдісінің барысы қарастырылады.

1. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары Қазақстан алдында тиімді әлеуметтік саясат пен қоғамның барлық саласында кешенді реформалар жүргізу міндеттері тұрды. Бұл реформалар халықтың әл-ауқатын күшейтуге бағытталуы тиіс болды.

Халықаралық тәжірибені зерделеу халықты әлеуметтік қорғаудың неғұрлым тиімді және кешенді жүйесінің төмендегідей басты элементтерден тұратындығын көрсетеді:

- мемлекеттік жәрдемақы;
- міндетті әлеуметтік сақтандыру;
- жинақтаушы зейнетақымен қамтамасыз ету;
- әлеуметтік көмек.

Республикада 90 жылдары осы бағытта біршама шаралар жүзеге асырылды. Бірнеше арнайы құрылымдар мен қоғамдық қорлар қалыптасты. Олардың қатарында Жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету мемлекеттік қоры (1991 ж.); Зейнетақы қоры (1991 ж.), Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры (1992 ж.), «Бөбек» қоғамдық қоры (1992 ж.), т.б.бар. Мұның сыртында бірқатар нормативті-құқықтық актілер қабылданды.

Дегенмен бұл құрылымдар мен заң актілері елдегі әлеуметтік-экономикалық, құқықтық, демографиялық жағдайды түзей алмады. КСРО заңдары мен ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі қабылдаған заңдар аясында өмірге келген бұл құқықтық нормалар арасында үлкен алшақтық байқалды.

Қаржылық-экономикалық дағдарыс тұрғындардың өмір сүру деңгейін күрт нашарлатты. Осы жылдардағы ұлттық армия құру, шекараны бекіту,

кедендік бақылау орнату, елдің дипломатиялық корпусын құру сияқты кезек күттірмес мәселелерді шешу, оны қаржыландыру әлеуметтік саланы қаржыландыруды қысқартуға мәжбүрледі. Республикада жұмыссыздар саны күрт өсті. Олардың 40%-ы ауыл тұрғындарының үлесінде болды. Осы жылдары жұмыссыздықтың ең жоғары деңгейі Маңғыстау, Солтүстік Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан облыстарында көрініс тапты.

Экономикадағы дағдарыс тұрғындарды жұмыспен қамтамасыз етуді қиындата түсті. Нәтижесінде 1996-2000 жылдар арасындағы жұмыссыздық деңгейі 13,5%-дан 12,8%-ға дейін тұрақсызданып тұрды. Азаматтардың нақты табысы қысқарды. 1991 жылмен салыстырғанда ол 1999 жылы шамамен 10%-ды құрады (мысал үшін – Молдавияда, Украинада, Әзірбайжанда – 25%, Ресейде-50%).

Елдегі әлеуметтік-экономикалық тұрақсыздық көші-қоң үрдісінің кен етек алуының бірден-бір себебіне айналды. 1993 -1999 жылдар аралығында елден 3 280,4 мың адам көшіп кетіп, 1 643 мың адам көшіп келді. Осындай көші-қоң салдарынан Республика халқы 1 637,3 мың адамға кеміді.

Әлеуметтік салада түбегейлі өзгерістер қажет болды. Бұл тұтас, әрі жүйелі мемлекеттік әлеуметтік саясатсыз мүмкін болмады. 1993 жылы Қазақстан Республикасы Президенті Н. Назарбаев осы бағыттағы тәуелсіз Қазақстанның алдындағы тұрған міндет «әлеуметтік үлгідегі нарықтық экономикаға негізделген мықты егеменді мемлекет құру» деп белгілеп берді. Президенттің осы тұжырымдамалық идеясын басшылыққа алған атқарушы үкімет әлеуметтік саладағы басты бағыттарды айқындады:

- зейнеткерлер, мүгедектер, көп балалы отбасылар, балалар мен жастар, басқа да жеткілікті түрде қамтамасыз етілмеген азаматтарды әлеуметтік қорғауды жүзеге асыру;

- әлеуметтік және экономикалық қайта құруларды жүзеге асырудың басты факторы ретінде жеке кәсіпкерлікті қалыптастыру;

- мемлекеттік емес құрылымдарда жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді және экономикалық тетіктің кеңейту есебінен тұрғындарды әлеуметтік топтастыруға жағдай туғызу;

- әлеуметтік қорғаудың қосымша тетіктері ретінде сақтандыру жүйесін дамыту;

- әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі төмен аймақтардың әлеуметтік даму деңгейін көтеру.

Елдің дамуының болашақ бағыттарын айқындап берген 1997 жылдың қазан айындағы Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан - 2030» даму стратегиясында Қазақстан азаматтарының денсаулығы, білімі мен әл-ауқатын көтеру басты жеті басымдықтың бірі болды.

1996 жылы Қазақстан Республикасының «Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы» Заңы, ал 2001 жылы «Қазақстан Республикасының халықты әлеуметтік қорғау Тұжырымдамасы» қабылданды. Тұжырымдамада Қазақстан Республикасының халықты әлеуметтік қорғау жүйесін дамытудың негізгі бағыттары, әлеуметтік қорғаудың негізгі тетіктері, халықты әлеуметтік

қорғау жүйесін қаржылық және институционалдық қамтамасыз етуді жетілдіру бағыттары және оны іске асырудың кезеңдері нақтыланды.

2010 жылы мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушылар саны 745, 8 мың адамды құрап. 184, 5 мың адам арнайы көмектерге ие болды.

1997 жылы «Қазақстан Республикасындағы зейнетақымен қамтамасыз ету туралы» Заң жарық көрді.

Қазақстан Республикасының Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігінің мәліметтері бойынша 2010 жылы Қазақстанда 1,6 млн зейнеткер тіркелген. Осы 2010 жылы зейнетақының төменгі көлемі - 18 325 теңгені, орташа деңгейі - 27 481 теңгені құрады.

Әлеуметтік қорғау саясатының бір тармағы – халықты жұмыспен қамтудағы кепілдіктер еді. Мәселені шешу жолындағы маңызды кезең – Жол картасы бағдарламасы болды. Бағдарлама елдегі жұмыссыздықты азайту жолындағы бірден-бір мүмкіндік болды. «Жол картасы» шеңберінде жүз мыңдаған адамдар қайта даярлықтан өтіп, 400 мыңға жуық жұмыс орны ашылды. Президенттің «100 мектеп, 100 аурухана» бағдарламасы өз нәтижелерін берді.

Тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен-ақ мемлекеттің әлеуметтік саясатында аналар мен балаларды қорғау, әйелдер арасында кәсіпкерлікті дамыту мәселелері ерекше жолға қойылды.

2009 жылы 2009-2015 жылдарға арналған әйелдер кәсіпкерлігін дамыту Бағдарламасы бекітілді. 2009-2010 жылдары оны жүзеге асыруға мемлекет 9 млн доллар қаржы бөлді.

2010 жылы мемлекет әйелдердің бала туу жәрдемақысына 15 млрд теңге, 1 жасқа толмаған балаларға қарау үшін 19 млрд теңге қаржы бөлген.

2010 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің арнайы тапсырмасымен «Балапан» Бағдарламасын жүзеге асыру қолға алынды. Бір жылдың ішінде 35 балалар бақшасы, 137 мектепке дейінгі жеке меншік мекемелер, 1,5 мыңнан астам балалардың шағын орталықтары салынды.

Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаев 2012 жылдың 3 шілдесінде «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» бағдарламасын жария етті. Онда басты мәселе - әр қазақстандыққа қамқорлық көрсету деп міндеттеді. Елбасы «...біздің әлеуметтік саясат бәсекеге қабілетті және күшті Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамын құруға бағытталуы тиіс, шындықты мойындайық: болашақта ХХІ ғасырда тек еңбек қана барлық қазақстандықтардың әл-ауқатқа және жаңа өмір сапасына қол жеткізуін қамтамасыз ете алады», - дей келе қазақстандықтарды әлеуметтік жаңғыру жолында еңбекке үндеді.

Әлеуметтік саясаттағы келесі бір қадам ретінде 2012 жылы 14 желтоқсанда Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан - 2050»: Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Жолдауы, онда жаңа стратегиялық мақсат - Қазақстанның әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарына кіру мақсатын қойды. Мемлекет басшысы дамудың екі шешуші бағытының маңызын атап көрсетті -

бұл адами капиталды дамыту және кәсіпкерлік пен инновациялардың одан әрі өсуі үшін қолайлы ортаны қалыптастыру.

2. 1990-1995 жылдардағы әлеуметтік-экономикалық дағдарыс халықтың денсаулығы мен денсаулық сақтау жүйесінің жағдайын да күрт нашарлатты.

80-жылдардың аяғынан бастап республикада бала туу ұдайы төмендеп, ал өлім-жітім, керісінше, көбейген еді. Соның салдарына табиғи өсіп-өну де қысқарды. Мәселен, табиғи өсіп-өну коэффициенті (халықтың 1000 адамына шаққанда) 1987 жылы 18,1 промилле, 1995 жылы 6,8 промилле, 1996 жылы 5,6 промилле, 1997 жылы 4,8 промилле, ал 1998 жылы 4,6 промилле болды.

Халықтың денсаулығына байланысты проблемалар қоршаған ортаның нашарлай түсуімен де байланысты еді. Семей ядролық полигонының зардаптары, Арал теңізі аумағындағы агрохимиялық ластанудың салдарлары осы өңірлердегі қатерлі ісіктер, генетикалық бұзылу сияқты ауру түрлерінің көбеюіне әкелді. Мәселен, Қазақстанда 1990 жылдан 1999 жылға дейін 100 мың адамға шаққанда 188,5 адамнан 410,0 адамға дейін онкологиялық дертке шалдыққан. Эндокриндік жүйе сырқатының, асқазанның бұзылуы, зат алмасудың бұзылуы көрсеткіштері де жоғары болды. Мәселен, 1990 жылы 398,8 науқас (100 мың адамға шаққанда) тіркелсе, 1999 жылы 610,3 адам тіркелген екен.

1990 жылдары елде орын алған қиын экономикалық жағдай денсаулық сақтауға жұмсалатын қаржы көлемін күрт төмендетті. Бұл өз кезегінде емдеу-профилактикалық мекемелердің жай-күйіне, медициналық көмек көрсетудің сапасына салқынын тигізді. Мемлекеттің бюджеттің бұл салаға жұмсайтын шығысы ұдайы азайып, межеленген қаржыландыру жоспарлары орындалмаған. 1995 жылы денсаулық сақтау саласын қаржыландыру межеленген көлемнің 92,2%-ын, 1998 жылы - 80%, ал 1999 жылдың 1-мамырындағы көрсеткіш бойынша денсаулық сақтауға арналған шығыс небәрі 51% -ға орындалған.

Халықтың өмір жасының ұзақтығы тұрмыс деңгейі мен сапасының нақты көрсеткіші болып табылады, бұл көрсеткіш республикада 90-жылдары бойы тұрақты төмендеген. Мәселен, 1991 жылдан 1998 жылға дейін өмірдің орташа ұзақтығы жалпы Қазақстан бойынша 67,6 жастан 64,4 жасқа дейін төмендеді (Жапонияда - 76,1 жасқа тең болса, Испанияда - 75,7 жас, Гонконг пен Израильде - 75,1 жас, Австралияда - 75 жас, Швецияда - 74,8 жас).

Денсаулық сақтау саласын дамыту Қазақстан үкіметі алдындағы басым міндеттердің біріне айналды.

2000 жылдардан бастап денсаулық сақтау саласын қаржыландыру оң үрдіске ие болды. Мәселен, 1999 жылы мемлекеттік бюджеттен осы салаға 44 825 миллион теңге бөлінсе, 2003 жылы – 89 781 миллион, яғни екі есе көп қаржы бөлінді, 2004 жылы – 131 184 миллион теңге, 2005 жылы – 185 456 миллион теңге бөлінді.

2011 жылғы 28 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашақты бірге қалаймыз!» атты Қазақстан халқына Жолдауында Денсаулық саласына жеке бөлім арналды. Елбасы денсаулық сақтау саласын қаржыландырудың 2002 жылы ЖІӨ-нің 1,9 %-дан 2010 жылы 3,2 %-ға өскенін атап өтті. Ауқымды іс-шаралар нәтижесінде 2000-2010 жылдары аралығында ана мен бала өлімі азайып, бала туу көрсеткіші 1,5 есеге өсті. Халықтың табиғи өсіп-өнуі 3 есеге артты. Бұл 2005-2010 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын реформалау мен дамытуға арналған мемлекеттік бағдарламасы негізінде мүмкін болды.

2010 жылдың мамырында ҚР Денсаулық сақтау министрлігі 2011-2015 жж. арналған Денсаулық сақтау саласын реформалау туралы мемлекеттік бағдарлама әзірледі. Бағдарламаның басты мақсаты - Қазақстан азаматтарының денсаулығын жақсарту және бәсекеге қабылетті денсаулық сақтау жүйесін қалыптастыруға негізделді. 2011-2015 жылдары денсаулық сақтау саласына 449,3 млрд теңге бөлінді.

2016 жылыдың қыркүйегінде Астанада «Қазақстандағы денсаулық сақтау саласын реформалау: ұлт саулығын қорғау» тақырыбындағы Форум өтті. Онда ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрі Т. Дүйсенова Денсаулық сақтау саласын дамытудың екі мемлекеттік бағдарламасын (2005-2015 жж.) іске асыру нәтижесінде Қазақстандағы күтілетін өмір сүру ұзақтығы 70 жастан асқанын, халықтың жалпы өлім-жітім көрсеткіші 15,3%-ға, ана мен сәби өлімі 1,8 есеге төмендегенін атап өтті.

3. 1990-жылдары орын алған әлеуметтік-экономикалық қиыншылықтар білім беру саласын да айналып өтпеді. Осы бағыттағы басты проблемалар қатарында мыналарды атауға болады:

- оқытушы еңбегін материалдық ынталандыру жүйесінің мүлдем болмауы, осы саладағы еңбекақы көлемі ең төменгі деңгейде болып, ол елдегі орташа еңбекақының 60 %-ын ғана құрады;
- оқытушы мамандығы беделінің күрт төмендеді;
- білікті маман кадрлардың білім беру саласынан халық шаруашылығының басқа саласына жаппай кетуі байқалды ;
- елде орын алған сыбайлас-жемқорлық күшейді;
- оқытушылардың 80%-нан астамын әйелдер құрады.

Жалпы білім беретін мектептерді жаппай жабу болмағанымен, жұмыссыздық пен кедейліктің өсуі салдарынан интернаттық мекемелер үш еседен астам қысқарды, бұрын-соңды болмаған құбылыс - мектеп жасындағы балалардың мектепке бармауы өршіді.

Республикада кәсіптік-техникалық білім беру саласының да жағдайы мәз емес еді. Кәсіптік-техникалық мектептердің саны 1991 жылмен салыстырғанда 1997 жылы 40%-ға, ал олардағы оқушылар саны 40%-дан астамға қысқарды.

Бюджеттен қаржыландыру мүмкіндігінің шектелуі мемлекеттік жоғары оқу орындарына қабылдау жоспарының қысқаруына әкелді. Ол 1991 жылғы 59 950 адамнан 1995 жылы 40 160 адамға дейін азайды, яғни 33%-ға дейін шегерілді. 1997 жылы студенттердің төрттен бірінен астамы шарт негізінде оқыды.

1990-жылдары білім беру саласын трансформациялаудың қажеттілігі айқын көрінді. Оған мынадай төмендегі факторлар түйткі болды:

- ақпараттық-технологиялық дүмпу, ақпаратты іздеу және қайта әрлеу дағдысы;
- әлемдік білім беру жүйесіндегі өзгерістер: білімді меңгеруден дағды жинауға өту;
- қазақстандық мамандардың әлемдік білім беру кеңістігіндегі интеграциясын қамтамасыз ету және тиісінше әлемдік білім беру стандарттарына өту.

Өтпелі кезеңнің қиыншылықтарына қарамастан 1990 жылдардың басында-ақ білім беру саласы мен маман-кадрлар даярлау саласын реттеу мақсатында алғашқы шаралар қолға алынды.

1992 жылдың 18-қаңтарында «Білім туралы Заң» қабылданып, ол Білім беру саласындағы негізгі мқсаттар мен міндеттерді айқындап берді.

1993 жылы Қазақстан үкіметі Жеке меншік оқу орындарын лицензиялау тәртібі туралы бірінші ережені, 1995 жылы Білім беретін мемлекеттік емес мекемелер туралы ережені бекітті.

1996 жылы Гимназия және лицей туралы ереже қабылданды. Мемлекет басшысының «Дарынды балаларға арналған мектептерді мемлекеттік қолдау және дамыту

туралы» өкімі шықты. Өкімге сәйкес дарынды балаларға арналған «Дарын» республикалық мектебі ашылды. Осылайша, мемлекет елдің зияткерлік әлеуетін күшейтуге арналған шараларын бастады. 2004 жылға қарай елдің жалпы білім беретін мектептері жүз пайыз компьютерлендірілді.

1993 жылы 10 ақпанда Қазақстан Республикасының «Жоғары білім туралы» Заңы қабылданды. Онда «жоғары білім үздіксіз білім беру жүйесінің аса маңызды құрылымдық буыны» деп жарияланды.

Осы бағыттағы айтулы оқиға - 1993 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашақ» халықаралық стипендиясының енгізілуі болды. Бағдарлама әлемнің алдыңғы қатарлы оқу орындарында маман-кадрлар даярлауға негізделді. Бүгінде Жоба аясында мыңдаған стипендия бөлініп, мыңдаған маман-кадрлар даярланды.

1999 жылғы 7 маусымда барлық білім беру деңгейі үшін ортақ Қазақстан Республикасының жаңа «Білім туралы» Заңы қабылданды. Кейін 2000 жылы осы заң аясында жоғары оқу орындарын жекешелендіру тұжырымдамасы қабылданды.

2004 жылғы 11 қазанда Елбасы «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы» туралы Жарлыққа қол қойды. Бағдарламаның басты бағыттары «Білім туралы Заңда» (2007 ж.) бекітілді. Бағдарламаны жүзеге асыру барысында қазақстандық ұлттық білім беру құрылымы ЮНЕСКО ұсынған Білім берудің Халықаралық стандарттау классификациясымен сәйкестендірілді.

Бастауыш және орта мектеп деңгейінде 12-жылдық білім беру моделін енгізуге жағдайлар жасалынды, техникалық және кәсіби білім беруді қайта құру жұмыстары басталды. Жоғары мектеп деңгейінде үш деңгейлі (бакалавриат-магистратура-PhD) маман-кадрлар даярлау енгізілді.

2010 жылдың 11 наурызынан Қазақстан Еуропалық білім беру кеңістігінің тең құқылы мүшесіне айналды. Бүгінде Қазақстан жоғары оқу орындары Tempus, Erasmus Mundus, INSPIRE, т.б. халықаралық бағдарламаларға белсенді түрде қатысады.

2010 жылы «Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспары» аясында қазақстандық білім берудің бәсекеге қабылеттілігін арттыру және адами капиталды дамытуда қолжетімді сапалы білім беруді қамтамасыз ету мақсатында «Қазақстан Республикасының 2011-2020 жж. арналған білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы» қабылданды.

2010 жылы 1 ақпанда Қазақстанда «Интеллектуалды ұлт – 2020» мемлекеттік бағдарламасы қабылданды. Бағдарлама мына негізгі үш басым бағыт негізінде жүзеге асырылуы тиіс болды.

Бірінші басым бағыты – білім беру жүйесінің инновациялық дамуы. Қазіргі таңда жастар тек білім алып қана қоймай, олардың өздігімен ізденуіне бағыттау қажет. Бүгінгі білім алудағы басты құндылықтар шығармашылық ой, алған білімді қорыта білу, шешім қабылдау, технологиялар мен инновациялар болып табылады.

Екінші басым бағыты – ақпараттық революция болуы тиіс, яғни ақпараттық технологиялар паркі базасында жетекші жоғары оқу орындары мен шет елдік беделді мамандарды қатыстыра отырып аймақтық университет ашу.

Үшінші басым бағыты - жастарды рухани құндылықтар негізінде тәрбиелеу ісіне ерекше мән беру. Бұл жерде жаһандану үдерістерін назарға ала отырып, жас буынның рухани тәрбиесіне, ұлттық-мәдени құндылықтарымызды нығайтуға көңіл бөлу керек.

Бақылау сұрақтары:

- 1) Қазақстанның тәуелсіздік жылдарындағы жүргізген әлеуметтік реформалары қандай негізгі мақсат-міндеттерді көздеді?
- 2) Денсаулық сақтау саласының бүгінгі басты проблемалары ретінде нені айтар едіңіз?
- 3) Отандық білім беру жүйесін модернизациялау мен оның жаһандану үрдісіндегі интеграциялануын қамтамасыз ету бағытында қандай іс-шаралар атқарылуда?

12 дәріс. Дамудың қоғамдық-саяси перспективалары. Этнотемографиялық үрдістер және ұлтаралық келісімнің күшейуі

1. Қазақстан Республикасының қоғамдық-саяси өмірін демократияландыру. Саяси партиялардың дамуы және партиялық жүйе.
2. Азаматтық қоғамның дамуы және оның саяси институттары. ҚР-ғы қоғамдық қозғалыс.
3. Қазақстандағы миграциялық және демографиялық үрдістер, халықтың этникалық және әлеуметтік құрамындағы өзгерістер. «Нұрлы көш» бағдарламасы.

Дәріс мақсаты: қоғам өмірін демократияландырудағы саяси партиялар мен қозғалыстардың рөлін ашып көрсету. Дәстүрлі және президенттік институттардың пайда болу тарихын талдау және халық құрамындағы өзгерістерді зерделеу.

Дәрістің мазмұны: Қазақстанның тәуелсіздік жағдайындағы қоғамдық-саяси өмірін демократияландыру, азаматтық қоғамды дамыту, республикадағы

миграциялық және демографиялық үрдістерді реттеу бағытындағы іс-шаралар қарастырылады.

1. 1985 жылдан кейінгі Қазақстан эволюциясының басты қорытындысының бірі - саяси плюрализм арқылы көппартиялық жүйеге өту болатын. Біртіндеп саясиландырылған қозғалыстардың жаппай өрістеуі Қазақстанда көппартиялықтың қалыптасуына жол ашты. Негізі, азаматтық және саяси қозғалыс барысында өз еркін білдіруге деген құқықты пайдалануға талпыныс 1986 жылғы Алматыдағы Желтоқсан көтерілісінен бастау алған еді. Ал көппартиялық үрдісін қалыптастыру болса, ол діни және саяси радикализм мен экстремизмге тосқауыл қоюға, барлық саяси партиялар мен қозғалыстардың, олардың қоғамдағы билік құрылымдарымен тиянақты және тұрақты пікірталас аясын кеңейту мүмкіндігін туғызды. Сонымен бірге, көппартиялық үрдіс кез келген партия мен топтар тарапынан саяси билікті монополиялауға тосқауыл қоюға жағдай жасады. Сөйтіп, еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін қоғамдық бірлестіктердің, ең алдымен партиялар мен қозғалыстардың қызметі арқылы басталған өзгерістер неғұрлым тиімді түрде жүзеге асырыла бастады.

Ақыры демократиялық үрдістер барысында қоғамда көппартиялық жүйе қалыптасты. Көппартиялықты құқықтық жағынан реттеу Қазақстан Конституциясының 5-бабында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының «Қоғамдық бірлестіктер туралы» (31.5. 1996.) және «Саяси партиялар туралы» (2.7.1996) заңдарында қамтамасыз етілді. Нәтижесінде, 1999 ж. республикада 14 саяси партиялар мен 30-ға жуық саяси қоғамдық қозғалыстар және бірлестіктер құрылды.

Қазақстанның көппартиялық жүйесі дамуының кейінгі кезеңінде Қазақстанның «Азаматтық» партиясы (1998 ж.), Қазақстан республикалық халықтық партиясы (1998 ж.), Қазақстанның аграрлық партиясы (1999 ж.), Республикалық «Отан» партиясы (1999 ж.) болып дүниеге келген партия, 2006 жылы «Асар» партиясымен бірігіп «Нұр Отан» партиясы болып өзгертілді), «Азамат» демократиялық партиясы (1999 ж.), Қазақстан әйелдерінің демократиялық партиясы (1999 ж.), Қазақстан патриоттарының партиясы (2000 ж.), «Нағыз Ақ жол» демократиялық партиясы (2006 ж.) құрылды.

2002 ж. 15 шілдеде қабылданған «Саяси партиялар туралы» жаңа заңның негізінде саяси партиялардың құқықтық негіздері, олардың жалпы құқықтары мен міндеттері, қызметтерінің кепілдіктері заңдастырылып, саяси партиялардың мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдармен қатынастары реттелді. Тәуелсіз Қазақстанның ширек ғасыр дамуында ресми мәртебе алған екі мыңға жуық түрлі қоғамдық және саяси бірлестіктер пайда болса, олардың 1300-і облыстық әділет басқармасы деңгейінде тіркелді.

2. Егемендік жағдайындағы Қазақстанның азаматтық қоғамының қалыптасуы 1900 жылдан басталады. Дәл осы жылдың қазан айында Қазақ КСР кәсіподақтарының XIV съезі болған еді. Онда 19 облыстық және 22 селолық кәсіподақ бірлестіктері *Қазақстан кәсіподақтары федерациясын* құрып, оның

құрылтайшылары мен мүшелері болып тіркелді. Федерация қызметінің негізгі формасы - еңбекшілердің әлеуметтік-экономикалық құқықтарын қорғау, тұрмыс, мәдениет, жұмыспен қамту, өз ұсыныстарын әзірлеу жолымен заң шығарушылық қызметке қатысу. Осы айтылғандардың көрінісі ретінде, 1993 жылы Республикадағы «Кәсіподақтар туралы» Заң қолданысқа енді де, бұл заң бойынша кәсіподақтарға депутаттыққа кандидаттар ұсыну құқығы берілді. Мұның өзі олардың мүдделерін жоғары заң шығарушы орындарда талап етуіне және мемлекетте жүргізілетін әлеуметтік-экономикалық саясат бағытына ықпал етуіне мүмкіндік берді.

Қазақстанның *әйелдер қозғалысы* да азаматтық қоғамдық сектордың дамуына өз үлесін қосып келеді. 1995-1998 жж. Қазақстанда *әйелдер қозғалысы* жанданып, республикадағы әйелдердің үкіметтік емес ұйымдары б есеге өсті. Республикалық мұсылман әйелдері лигасынан басқа «Айша», «Ақ отау», «Қазақстанның кәсіпкер әйелдер қауымдастығы», «Жанар» кәсіпкер әйелдерді қолдау қоры, Шығармашылық бастама көтеруші әйелдердің лигасы т.б. ұйымдар құрылды.

2002 жылы 20 қыркүйекте елімізде құқықтық реформаның жаңа кезеңі басталды. Қазақстандағы құқықтық реформаны жүзеге асыру бағытындағы маңызды қадамдар – Қазақстан Республикасы бойынша өкілдік институттарының (Омбудсмен) енгізілуі мен сот жүйесіндегі алқа билер сотының тәжірибеге енгізілуі болды. Сондай-ақ, Қарулы күштер мен Ішкі істер министрліктерінің басшылығына азаматтық министрлердің тағайындалуы да құқықтық реформадағы тәжірибелердің бірі болып табылады. Бір сөзбен айтқанда, елде азаматтық қоғам неғұрлым дамыған болса, мемлекет те соғұрлым дамיתын болады.

Егер біз дәстүрлі қазақ қоғамындағы *мемлекеттік билік мәселесін* сөз етер болсақ, өз кезегінде, халықаралық қатынастар мен сыртқы саясатты жүргізуде *хан* басты тұлға ретінде танылған. Ал хан атынан оның тапсырмасы бойынша сұлтандар, батырлар, билер келіссөздер жүргізіп, таяу-алыс шептерге сапарға шығып тұрған. Бүгінгі егеменділік жағдайында, ата заңымызға сәйкес хандық дәуірдегі сияқты Президент - мемлекет басшысы, мемлекетіміздің ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағытын анықтаушы және Қазақстанды ел іші мен халықаралық қатынаста көрсетуші ең жоғарғы қызмет иесі бола отырып, *біріншіден*, халық пен мемлекеттік биліктің бірлігін бейнелейді, Конституцияның мызғымастығын, адам және азамат құқықтары мен бостандықтарының нышаны әрі кепілі болып табылады, *екіншіден*, мемлекеттік билік тармақтарының өзара үйлесімді түрде әрекет етуін, билік орындарының Қазақстан халқы алдында жауапкершілікті сақтауын қамтамасыз етеді. Біздегі саяси институттар шеңберінде заң шығарушы органды жетілдіру мақсатында *екі палаталы Парламент* жұмыс істейді. Біздің еліміз президенттік республика болғандықтан «үкімет» деп аталатын атқарушы биліктің басшысы да - Президент.

Сонымен, Қазақстандағы қоғамдық қозғалыстар мен саяси ұйымдардың дамуын шартты түрде негізгі *бес кезеңге* бөлуге болады:

- I - 1986 жылдың күзінен 1989 жылға дейінгі аралық - партия ізін қуған (протопартиялық) құрылымдардың қалыптасуы, жастардың саяси пікір-сайыс клубтарының, тарихи-ағартушылық қоғамдардың, азаматтық бастама қозғалыстарының, бейресми бірлестіктердің, «Жасыл майдан» т.б. экологиялық топтардың пайда болуы;
- II – 1989 жылдың басы – 1991 жылдың тамыз аралығы- «Невада-Семей» қозғалысының, «Мемориал», «Әділет», «Желтоқсан», «Қазақ тілі» қоғамдарының, «Бірлесу» тәуелсіз кәсіподағының құрылуы;
- III – 1991 жылдың қыркүйегінен 1998 жылға дейінгі аралық - партиялар мен қоғамдық бірлестіктерді тіркеу;
- IV – 1989 жылдан 2007 жылға дейінгі аралық (партиялық заң жүйелерін өзгерту, жаңа партиялардың пайда болуы, 1999 және 2004 жылдардағы Парламент сайлауына партиялардың қатысуы);
- V - 2007 жылдан қазіргі кезге дейінгі аралық (конституциялық және партия жүйесінің құрылымындағы өзгерістер).

3. *Демографиялық ахуалдың өзгеруі.* 1991 жылдан Қазақстанда белсенді миграциялық үрдістер басталды. Қазақстан Республикасында Көш-қон туралы арнайы заң қабылданды, Тіпті, көші-қон және демография жөніндегі агенттік құрылды. Біздің еліміздің тәуелсіздік алуымен жүргізілген мұндай шаралар өмір талабы еді. Өйткені, сан жылдар бойы республиканың ұлттық құрамы *кірме* халықтардың есебінен мүлде азайып кетуімен ерекшеленетін. Мәселен, 1979 жылғы Бүкілодақтық халық санағының деректері бойынша Қазақстандағы байырғы тұрғындар өз жерінде не бәрі 36%-ды құраған. Ал бұндай көрсеткіш Өзбекстанда 68,79%, Әзербайжанда 79,196 ал Тәжік КСР-інде 59,89% құраған.

2009 жылғы халық санағының қорытындысы бойынша республика тұрғындарының саны – 16 004,8 мың адамды құрады. Сөйтіп, 1999 жылғы санақпен салыстырғанда халық санының өсімі 6,8 %-ды құрап, республика халқының саны – 1 052, 1 адамға өскен. Нәтижесінде, қазақтардың үлесі 63,1 %-ды, орыстар 23,7 %-ды, өзбектер 2,8%-ды, украиндар 2,1 %-ды, ұйғырлар 1,4 %-ды, татарлар 1,3 %-ды, немістер 1,1 %-ды және басқа этностар 4,5 %-ды құрады. Қазақтар саны өткен санақпен салыстырғанда 26,1%-ға өсіп, 10 098,6 мың адамды құрады. Ұлттық унитарлы мемлекетті дамытудың басты факторларының бірі ретінде мұнымен санаспауға болмайды.

Еліміздің ширек ғасыр ғұмырында 500-ден аса денсаулық сақтау объектілері салынды. Елдің барлық өңірлерінде заманауи медициналық орталықтар құрылуда, ең жаңа құрал-жабдықтармен жарақталған ауруханалар мен емханалар ашылып жатыр. Нәтижесінде Қазақстанда демографиялық ахуал жақсарып, халықтың табиғи өсімі 1,7 есеге дерлік артты.

Дүниежүзі қазақтарының құрылтайы. Дүниежүзі қазақтарының Құрылтайы 1992 жыл мен 2017 жылға дейін 5 рет өткізілді. Құрылтайда қабылданған шешімдер аясында атқарылған іс-шаралар нәтижесінде атамекенге ширек ғасыр ішінде 300 мыңға жуық отбасы көшіп келді.

Осылайша ел халқының саны 1 миллионнан астам қазақтармен толықты. Президенттің Жарлығымен 2008 жылдан бастап қандастардың жыл сайынғы көшіп келу квотасы 20 мың отбасыға өсті. Елге оралған ағайынның көшін жүйелеу мақсатында «Нұрлы көш» бағдарламасы қабылданып, мемлекет қазынасынан қомақты қаражат бөлінді.

Бақылау сұрақтары:

- 1) Тәуелсіздік жылдарындағы қоғамдық-саяси өмірді демократияландыруға Желтоқсан көтерілісінің қаншалықты әсері болды?
- 2) Азаматтық қоғам мен саяси институттардың халыққа пайдасы неде?
- 3) Еліміз тәуелсіздік алғанда қазақтан басқа 130-дан аса басқа да ұлт өілдерінің Қазақстанда тұрақтап қалуының себебі неде?

13 дәріс. Қазақстан Республикасындағы жастар саясаты және рухани жаңғыру жолдарының айқындалуы

1. Қазақстан Республикасы жастар саясатының негізгі бағыттары. ҚР жастар саясаты туралы «Қазақстан-2020» даму бағдарламасы.
2. Қазақстанда жаңа діни конфессионалдық шындықтың қалыптасуы, даму бағдарламасы.
3. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселесінде Қазақстанның конфессияаралық саясатының ұстанымы (Қазақстандағы діни конфессиялар мен деноминациялар, толеранттылық).

Дәрістің мақсаты: ҚР мемлекеттік жастар саясатының мақсаты мен міндеттерін айқындау және Қазақстандағы діни конфессиялардың қалыптасуы мен даму беталыс бағыттарын талдау.

Дәрістің мазмұны: Қазақстан Республикасындағы жастар саясатының басты бағыттары, республикадағы діни конфессионалдық жағдай, мемлекеттің конфессионалдық саясатының негізгі міндеттері мен ұстанымдары мәселелері қарастырылады.

1. Қазақстанды дамытудың маңызды мәселелері қатарында жастар тақырыбы ерекше орын алады. Қазіргі кезде жастар үшін негізгі әлеуметтік мәселесі - сапалы білім болып табылады. Жалпы, 1991-2016 жылдары 6 миллионға жуық қазақстандық өмірге келген. Осы жастардың білім деңгейі мынандай: 718 мыңы - жоғары білімді (15,9%), 306 мыңы – аяқталмаған жоғары (6,8%), 728 мыңы – арнаулы орта (16,2%) білімді. Қазақстан Республикасының Президенті – Ұлт көшбасшысы Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты жолдауы мен 12 сәуір 2017 жылғы жарияланған Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру атты мақаласында: жаңа бағыттың қозғаушы күші ретінде жастарды нақты атап көрсетті.

Жастар саясаты, оның қарқыны мен тиімділігі мемлекеттің мүмкіндіктеріне тәуелді. Алайда, екінші жағынан, жастарсыз мемлекеттің өздігінен дамуы мүмкін емес, бұл жастарға қатысты саясаттың озық сипатын, оның мемлекет қызметінің басқа бағыттары арасында көш басында орын алуы болып табылады.

«Қазақ КСР-ғы мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заң КСРО республикаларында алғашқы заңдардың бірі ретінде 1991 жылғы шілдеде қабылданды. Сондықтан осы заңды жүзеге асыруда проблемалардың туындауы, әсіресе қаржыландыру саласында, кездейсоқтық болмады. Біршама аз уақыт ішінде оған өзгерістер енгізу, кейінірек жаңа заң 1999 жылғы тамызда «Қазақстан Республикасының мемлекеттік жастар саясаты тұжырымдамасы» мақұлданды, ал 2004 жылғы 7 шілдеде «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңға қол қойылды. Мемлекеттік жастар саясаты мемлекет жүзеге асыратын және жастарды қолдауға бағытталған әлеуметтік-экономикалық, саяси, ұйымдастырушылық және құқықтық шаралар жүйесі ретінде қалыптасты.

«Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы» ҚР Заңының жаңа жобасы, мемлекет дамуының қазіргі кезеңіндегі мемлекеттік жастар саясатын қалыптастырудың және іске асырудың құқықтық негіздерін анықтауы тиіс.

ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқы Ассамблеясының XIX сессиясында сөйлеген сөзі мемлекеттік жастар саясатын жетілдіруге жаңа қарқын берді. Онда көтерілген мәселелер Мемлекет басшысының «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» бағдарламалық мақаласында және Президенттің Назарбаев университетіндегі «Қазақстан білім қоғамы жолында» интерактивті лекциясында одан әрі жалғасын тапты. Елдің болашағы үшін жас ұрпақтың мәнін атап көрсете отырып, Н.Ә. Назарбаев білім беруді жаңғыртуға, қазақстандық жастарды өз бетінше өмір сүруге бейімдеудің тиімді жүйесін құруға, бастамашыл еңбекке, жас мамандар үшін жұмысқа орналастыруға кепілдік туралы құқықтық нормалар мен әлеуметтік пакетті әзірлеуге, жастар тәжірибесін ұйымдастыру тәртібіне ерекше назар аударды.

Президент 2012 жылғы қарашада «Жас Отан» ЖҚ ІІ- съезінде бірнеше жаңашыл идеяларын айқын көрсетті. Бұл барлық министрліктер мен әкімдіктердің стратегиялық жоспарларына жастармен жұмыс жөніндегі индикаторларды енгізу және бұл бағытта жастар ұйымдарымен өзара қарым-қатынасты нығайту; жастар бірлестіктері өкілдерін ҮЕҰ-мен жұмыс кеңесіне ендіру және жастар бастамалары қорын құру; жастар саясатын тігінен басқаруды әрбір қала мен ауылға дейін жеткізу және ірі өндірістік ұжымдар мен ұлттық компанияларда жастар ісі жөніндегі комитеттердің рөлін нығайту; студенттер мен жастардың жатақханасын салуды қоса алғанда жастарды тұрғын үймен қамтамасыз ету және т.б.

2013 жылғы ақпанда ҚР Үкіметі 2020 жылға дейінгі Мемлекеттік жастар саясатының тұжырымдамасын бекітті. Бұрын республика Үкіметі

мемлекеттік, өңірлік және салалық бағдарламаларды әзірлеу кезінде орталық және жергілікті атқарушы органдар ұсынған жастардың бәсекеге қабілеттілігін қолдау және дамытудың 2008- 2015 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіткен болатын.

Мемлекеттік жастар саясатының басты басымдылығы қоғам мүддесін ескере отырып, жастардың өз мүдделеріне, бейімділігіне, дене мүмкіндіктеріне сәйкес олардың еркін әлеуметтік даму, құқығын іске асыруға жағдай жасау болып табылады.

Нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету. 2012-2013 жылдары ҚР Білім және ғылым министрлігі тарапынан мемлекеттік жастар саясатын тиімді іске асыруға бағытталған шамамен 30-ға жуық арнайы нормативті құқықтық актілер әзірленді және іске асырылуда.

Қазіргі кезеңдегі жастар саясатын іске асыруда мемлекеттің көзқарасын белгілейтін басты құжат – негізгі мақсаты жастарды әлеуметтендіру болып табылатын «Қазақстан 2020: болашаққа жол» Қазақстан Республикасының мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасы.

Тұжырымдаманың басты ерекшелігі – арнайы көзқарас және жастардың барлық санаттарын қамту, бұрынғы мемлекеттік актілер мен бағдарламалар негізінен білім алушы жастарға бағытталған болатын. Алғаш рет жастардың маңызды мүдделері мен қажеттіліктерін ескеретін арнайы бағыттар белгіленген (жұмысқа орналастыру үшін жағдай жасау, жастарға арналған қолжетімді баспана жүйесін дамыту және т.б.).

Жастар саясатының басым бағыттары қазақстандық қоғамның әлеуметтік- экономикалық тіршілігінің негізгі бағыттарын қамтитын бірнеше мемлекеттік және салалық бағдарламаларға біріктірілген.

Жастар саясатының мәселелері орталық және жергілікті атқарушы органдардың стратегиялық жоспарларында көрініс тапқан.

Сонымен қатар, әлеуметтік зерттеу нәтижелері көрсеткендей, қазақстандық жастардың басым бөлігі мемлекеттің басты құжаты – Қазақстан Республикасы Конституциясымен танысқан (77 %). Сауалнама нәтижелеріне сәйкес, жастардың 41%-ы «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы» Қазақстан Республикасы Заңымен танысқан. Керісінше, жастардың көпшілігі Тұжырымдамамен таныс емес, бұл жастар саясатын мемлекеттік институттарының ақпараттық түсіндіру жұмысының төмен екендігі туралы куәландырады. Тұжырымдама секілді маңызды құжат әрбір қазақстандық жас тұлғаның «үстел үсті кітабына» айналуы тиіс.

Институционалдық қамтамасыз ету. Соңғы үш жыл ішінде жастар ортасындағы процестерді басқарудың жана институционалдық үлгісі құрылды.

2012 жылғы шілдеде жастар саясаты саласындағы министрлігі құрылымында жастар саясаты стратегиясын әзірлеу, оны жоспарлау, нормативтік қамтамасыз ету, мемлекеттік органдардың қызметіне мониторинг жүргізу және бағалау, сондай-ақ осы салада бақылау секілді өкілеттік Жастар ісі жөніндегі комитет құрылды.

Жастар саясатын басқарудың 3 деңгейін белгілеуге болады:

- республикалық – ҚР БҒМ ЖІК; ҚР Президенті жанындағы, ҚР Үкіметі жанындағы Жастар саясаты жөніндегі кеңестер, республикалық жастар ҮЕҰ;

- облыстық – Астана, Алматы қалаларының және облыстардың жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармалары; Астана, Алматы қалалары және облыстары әкімдіктерінің жанындағы жастар ісі жөніндегі кеңестер; жергілікті жерлердегі жастар ресурстық орталықтары, өңірлік ҮЕҰ;

- аудандық – аудандық ішкі саясат бөлімдері, ауылдық жерлердегі жастармен жұмыс жөніндегі нұсқаушылар, қалалар мен аудандардың жастар ресурстық орталықтары, жастар ұйымдары.

Бұдан басқа, институционалдық құрылымға көрсетілген кеңестер тұлғасындағы консультативті-кеңестік органдардың үш деңгейі, сондай-ақ басқа да консультативті-кеңестік органдар (ҚР БҒМ жанындағы Жастар ұйымдарын дамыту жөніндегі үйлестіруші кеңес, ШЫО Жастар кеңесі, ТМД кеңесі және т.б.) енеді.

Мемлекеттік жастар саясатын дамытудағы маңызды қадам 2013 жылғы наурызда құрылған «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы болып табылады. Оның миссиясы – жастардың бәсекеге қабілеттігін дамыту және қазақстанды жаңғырту процесіне тарту мақсатында мемлекеттік жастар саясаты институттарын ғылыми-зерттеу, ақпараттық және консультациялық дүниелерді қамтамасыз ету. Бұл ретте мемлекетті дамыту және жаңғырту, ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілік деңгейін арттыру межелерін бағындыратын жастарға жүктелетін жауапкершілік жүгі салмақты.

Қазіргі заманғы жастардың тыныс-тіршілігі, оларды толғандыратын өзекті мәселелер, жас буынның әлеуметтік-экономикалық мәртебесі, болашақтағы басымдықтары – мемлекеттік жастар саясатын тиімді іске асыруға, жастардың негізгі проблемаларын шешуге негізгі өзек болатын басты мәселелер.

2. 1992 жылы қабылданған – «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» заң бойынша азаматтар діни бірлестіктер құра отырып, ұйымдаса алады. Діни бірлестіктерді Әділет Министірлігінде тіркеудің өзіндік шарттары бар. Бұл шарт орындалғанда ғана бірлестіктер тіркеліп, өз қызметін жүзеге асырады,

Дін мен қоғам бір-бірінен ажырамайтын құбылыс. Қазақстан мемлекетіндегі этносаралық, діни конфессиялар мен деноминациялық құрылымдардың татулығы, әрине көптеген елдерге үлгі. Қазақстан БҰҰ мүше мемлекет ретінде 1995 жылғы 16 қарашадағы ЮНЕСКО Бас конференциясы қарарымен бекітілген Төзімділік (толерантность) қағидаттары декларациясын қолдайтындықтан, діни төзімділік пен бейбітшілік қағидалары еліміздің қауіпсіздігін қамтамасыз ету саясатында 2017 жылға дейін басты орын алды және бұдан кейінгі жылдарда да, жалғаса береді.

Қазақстандағы діни конфессияаралық келісім саласындағы мемлекеттік саясат төмендегі қағидаттарға сүйенеді:

- мемлекет пен оның институттарының зайырлы, конфессиялық бейтарап сипаты;

- адам мен азаматтың дінге көзқарасына, діни немесе зайырлы бірлестіктерге қатыстылығына қарамастан олардың құқықтары мен бостандықтары тең;

- діни бірлестіктердің заң алдындағы теңдігі;

- халықтық түрлі топтарының этномәдени дәстүрлеріне, менталитет ерекшеліктеріне деген құрмет;

- мемлекеттік билік пен басқарудың барлық деңгейлерінде ар-ождан мен дін бостандығы саласындағы саясатты ашық жүргізу.

Ар-ождан мен дін бостандығы саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асырудың тиімді қызмет ететін тетіктерін құру алға қойылған мақсаттар мен міндеттерді табысты орындауға, негізгі құқықтар мен бостандықтардың сақталуын, түрлі дін өкілдері арасында және дінге сенбейтіндер арасында өзара түсіністік және ынтымақтастықты нығайтуға, қоғамда тұрақтылықты сақтауға мүмкіндік береді.

Қазақстан мұсылмандарының діни істерін ұйыдастырып, діни бірлестіктер, мешіттер мен шетелдердегі мұсылман ұйымдарымен халықаралық қатынастарды реттейтін дербес мекеме «Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы» 1990 жылы құрылды, ал 2016 жылы 13 қыркүйекте ҚР дін істері және азаматтық қоғам министрлігі құрылды.

Тәуелсіздік алған жылдардан бергі кезеңде дінді әртүрлі бағытта түсіндірулер көбейіп, соның салдарынан азаматтардың түрлі діни ағымдар ықпалына түскендігі де шындық. Азаматтық қоғамда діни плюралистік көзқарастардың болуы табиғи жағдай. Алайда діннің негізгі қағидалары бұрмаланбауы тиіс. Дін туралы сауатты ақпаратты жақсы игерген тұлға ғана діни адасудан аулақ болады. Елімізде дінді түрлі мақсатпен түсіндіруге 2016 жылы құрылған ҚР дін істері және азаматтық қоғам министрлігі тосқауыл қойып, құқықтық органдар олардың заңсыз іс- әрекеттеріне заң жүзінде сараптама жасап отырады.

2017 жылдың 1 ақпанына дейін ҚР дін істері және азаматтық қоғам министрлігі бұқаралық ақпарат құралдарының деректерінде елімізде 17 конфессия мен деноминацияларды біріктірген 3088 діни бірлестіктер бар екен.

Діни бірлестіктердің арасында: Ислам – 2724, Орыс православ шіркеуі – 304, Рим-католик шіркеуі – 87, протестантизм – 1267, дәстүрлі емес діндер мен жаңадан құрылған діни бірлестіктер (бақай, Кришнаидтер, «Соңғы өсиет шіркеуі» және т.б.) – 46 тіркелген.

Діни бірлестіктердің иелігінде үш мыңнан астам діни ғимараттары да бар, соның ішінде мұсылман мешіттері, православ шіркеулері католик костелдері, синагогалар, протестанттық ғибадат үйлері және т.б. атап өтуге болады.

Қазақстанда 8 жоғары (соның ішінде 2 ислам, 1 католик, 1 лютерандық, 4 протестанттық), 6 арнайы орта және 3 жалпы білім беретін діни оқу орындары бар. Қазіргі таңда республикада 20 елден 300-ге тарта шетелдік

миссионерлер жұмыс жасайды екен. Бұл біздің елдің діни мәселелері бойынша заңнамамен белгіленген процедуралардың либералдығын білдіреді.

3. Елбасы дін мәселесін ерекше назарда ұстап отыр. Дін – нәзік әрі өткір ұғым. Қазақстан көп ұлтты ғана емес, көп конфессиялы мемлекет. Сондықтан ел іші тыныш болу үшін конфессияаралық татулық саясатын да берік ұстану-елдік мұрат, басты ұстанымдардың бірі.

Қазақстан әлемдегі бейбітшілік пен тұрақтылықты нығайтуға қомақты үлес қосуда. Тәуелсіздік жылдары біздің мемлекет аймақтағы бейбітшілік пен тұрақтылықты нығайтуға бағытталған бірқатар бастамаларды ұсынды. Астанада әр үш жыл сайын әлемдік және дәстүрлі дін лидерлерінің съездері өтіп тұрады. I съезд -2003 жылы өтті, II съезд – 2006 жылы, III съезд – 2009 жылы, IV съезд-1012 жылы, V съезд-1015 өткізілді. Қазақстан басшысының шақыртуын ислам, православие, католицизм, протестантизм, буддизм, индуизм және басқа да көптеген діндердің өкілдері қабыл алды.

Форумға деген қызығушылық жылдан жылға өсіп келеді. Бұл съезге келетін делегация санының артуынан көрінеді. Форумға қатысушы беделді халықаралық институттар шеңбері ұлғаюда. Олардың қатарына БҰҰ, ЕҚЫҰ, ЮНЕСКО, «Ислам конференциясы» ұйымы бар.

Әлемдік және дәстүрлі дін лидерлерінің съезі конфессияаралық диалогтың басқа формаларымен салыстырғанда бірқатар ерекшеліктерге ие. Астанада өтетін форумның басты ерекшелігі – оны өткізу жөнінде бастаманы конфессиялардың басшылары емес, зайырлы мемлекеттің президенті – Нұрсұлтан Назарбаев көтеріп отыр.

Бұл аталған форум бір діннің мүддесіне қызмет етпей, жалпы адамзатқа ортақ өзекті проблемалар талқыланған дінаралық диалог құруға мүмкіндік жасайтынын көрсетеді.

Дін лидерлері Астанада әлемдік діндердің рухани және адамгершілік әлеуеті халықаралық шиеленістерді шешуде жаһандық қауіп-қатерлерге қарсы тұруда қалай пайдаланылуы мүмкін екенін талқылауға мүмкіндік алды.

Съездердің маңызды ерекшеліктерінің бірі – оның жұмысына әлемнің ірі конфессияларының өкілдерімен бір қатардағы белгілі саясаткерлер, мемлекет пен беделді халықаралық ұйымдардың басшылары да қатысады. Бұл әлемде қауіпсіздік нығайтып, мәдениеттер мен өркениеттерді жақындастыра алатын шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді.

Бақылау сұрақтары:

- 1) «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Қазақстан Республикасы Заңы мен жастар ісі жөніндегі саясаттың негізгі бағыттары қандай?
- 2) Қазақстан Республикасында конфессиялардың қалыптасуы ман даму бағыттары қандай?
- 3) Астанада әлемдік және дәстүрлі дін лидерлерінің 2003, 2006, 2009, 2012, 2015 жылдары өткен съездері әлемдік қауіпсіздікті нығайтуда және мәдениеттер мен өркениеттерді жақындастыруда қандай мүмкіндік береді?

14 дәріс. Ұлы Дала халқының жаңа тарихи санасы мен көзқарасын қалыптастыру саясаты

1. Ұлттық тарихтың ақтаңдақтарын жоюға арналған іс-шаралар.
2. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы, мақсаты және жүзеге асырудың негізгі бағыттары.
3. Ұлттық тарих мәселелеріне арналған «Халық тарих ағынында» атты Елбасының тарихты зерттеу бағдарламасы.

Дәрістің мақсаты: тарихи сананы жаңғырту істері бойынша іс-шаралардың негізгі бағыттарын қарастыру және ақтаңдақтарды ашудың мақсат-міндеттерін анықтау. Қазақстан халқының отаншылдығын тәрбиелеуде ұлттық тарих мәселелеріне арналған «Мәдени мұра», «Халық тарих толқынында» атты бағдарламаларының рөлін көрсету.

Дәрістің мазмұны: еліміздегі ұлттық тарихтың ақтаңдақ беттерін жою бағытындағы іс-шаралар мен «Мәдени мұра» бағдарламасын жүзеге асырудың маңызы және Елбасының осы бағыттағы еңбегі қарастырылады.

1. Қазақ тарих ғылымы да, өзге қоғамдық ғылымдар секілді, ХХІ ғасырда тың бағытта зерттеулер жүргізу арқылы жаңа серпіліске ие болды. Оның себебі еліміздің тәуелсіз ел болуымен, өзіндік саяси дамуымыздың бағыт-бағдарын анықтап, халқымыздың ертеңі үшін жаңаша ізденістерге жол ашылуы, қоғамда орын алған терең демократиялық бетбұрыстармен байланысты. Қазақ тарихының ғылыми зерттелуі, оған атсалысқан тарихшылар, өлкетанушылар, шежірешілердің қиын-қыстау жанпида еңбегі.

Кеңестік жүйе заманында қазақ тарихы біртұтас КСРО тарихы оқулығының құрамында шағын бетін ғана құрады. Жалпы алғанда, ол біртұтас орыс халқы тарихының құрамдас бөлігіне айналды. Кеңестік тарихта алдыңғы рөл «алып империяны біріктіруші», «құраушы», «бастаушы» деген айдармен орыс халқына берілді. Ал өзге ұлттар тарихы солардың көзімен қаралып, қатаң цензурамен КСРО тарихына енгізілді.

КСРО ыдырап, тәуелсіз Қазақстан Республикасы жарияланған тұста қазақ тарихшыларының алдында зерттеудің жаңа мүмкіндіктері ашылып, шынайы ұлттық тарихымызды жазуға түрен салынды.

Өткен ғасырдың 90-жылдарынан М. Қозыбаев, К. Нұрпейіс, М.Х. Асылбеков, К.Л. Есмағамбетов, З.А. Алдамжар, Ж.Қ. Қасымбаев, М.Х. Әбжанов, М. Қойгелдиев, Т. Омарбековтер өздерінің жаңа ойларымен көпшілікке танылды. Олар көтерген ұлт зиялыларының тағдыры, кеңестік билік кезеңіндегі Қазақстан, түрлі репрессиялар тарихы өз оқырмандарына жетті. Сонымен қатар 90-жылдардың басынан бастап «арнайы қоймаларда» сақталып келген ұлт зиялылары - С. Асфендияров, М. Тынышпаев, Ә. Бөкейханов, Х. Досмұхамедов, М. Шоқай, Т. Шонанұлы, Қ. Кеменгерұлы, А. Байтұрсынұлы т.б. шығармалары қолымызға тиді. Тарихшылар, қоғамтанушылар өткен өмірімізге жаңа қырынан қарауға мүмкіндік алды.

Бұрын ғылыми айналысқа енбеген ата-шежіремізді тануға ерекше ден қойылды. Сөйтіп, Әбілғазы Қосымұлының «Түрік шежіресі», Шәкәрім Құдайбердіұлының «Түрік, қырғыз, қазақ ьәм хандар шежіресі», Шоқанның, Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің, Мұхамеджан Тынышпаевтың шежірелік жинақтары халқымен қауышты. Ал Елбасымыздың 1998 жылды «Халық бірлігі және ұлттық тарих жылы» деп жариялауы, арнайы «Қазақстан Республикасында тарихи сананы қалыптастырудың тұжырымдамасы» тарихшыларға жана бағыт-бағдар сілтеді. Тұжырымдаманың басты қағидалары тарихшы, профессор Х. Әбжанов пікірінше, «бұдан былай Қазақстан тарихы, біріншіден, әлемдік тарихтың құрамдас бөлігі, екіншіден, шығыс әлемінің құрамдас бөлігі, үшіншіден, Ислам әлемінің құрамдас бөлігі, ал одан кейін Ресей империясы мен Кеңестер Одағындағы кезеңдер ретінде анықталды». Тұжырымдама мен тарих жылының мақсат-міндетін зор түсіністікпен қабылдаған тарихшылар өткен өміріміздің күрделі кезеңдерін жана ұстанымдар тұрғысынан саралауға белсене кірісті. Жаңа ХХІ ғасыр қазақ тарихын танудағы түбегейлі бетбұрыс кезеңін құрайды. Ол мынадан байқалады: біріншіден, тарихшыларымыз белгілі бір тақырып аясында ешкімге жалтақтамай-ақ қолда бар деректер негізінде жанаша пайымдаулар жасай бастады. Көп жағдайда олар қазақ-орыс қатынастарын саралауға және қазақ мемлекеттігінің қалыптасуына қатысты болды. Екіншіден, қазақстандық тарихшылар қазақ тарихына назар аударған алыс шетелдік тарихшылардың еңбектерімен, өзіндік пікірлерімен таныса бастады. Олар жаппай барлық еңбектерде көрініс тапты. Мұның өзі сол кезге дейінгі қалыптасқан тек қана орыс зерттеушілері еңбектерін пайдалануды біртіндеп ығыстырып, балама пікірлерге бастама жол салынды. Үшіншіден, мемлекетіміз қабылдаған «Мәдени мұра» бағдарламасы Қазақстанға Қытай, Иран, Араб, Америка, Еуропа елдерінен көптеген құнды деректерді әкеліп қана қоймай, оны қазақшаға аудару қолға алынды.

Бұл Қазақстанның тарихи ғылымының дамуына игі әсерін тигізді. Республика тарихының мәселелері бойынша дереккөздер мен монографиялық зерттеулер жарық көріп, бірқатар конференциялар өтті. Н.Ә. Назарбаевтың 1999 жылы жарық көріп, маңызды оқиғаға айналған «Тарих толқынында» атты еңбегінде тарихи үдеріс ұлттық рухтың, ұлттық идеяның дамуы тоғысында қаралып, ұлттық және мемлекеттік сәйкестіктің қалыптасуы мәселелері айқындалған.

Сөйтіп, Қазақстанның қазіргі заман тарихы дербес пән ретінде жоғары білікті мамандар даярлау ісінің оқу жоспарында құрметті орын алады. Ол төменгі курстарда оқытылып, студенттердің мемлекеттік емтихан тапсыруымен аяқталады.

Отандық тарихтың жоғары оқу орындарында оқытылатын курсы кез келген білікті маманның орта мектепте алған білімдерінің жалғасы іспетті және басқа пәндермен қатар, іргелі білім қорының қалыптасуына септігін тигізеді.

2. Тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен-ақ мемлекет тарих ғылымның дамуына және ел азаматтарының тарихи санасының қалыптасуына елеулі назар аударып келеді. Жаңа жалпы мемлекеттік идеялар іздеу – қазіргі Қазақстан мен тарихи ғылымы үшін күн тәртібінде тұрған міндет. Қазақстан халқына арнаған 2003 жылғы Жолдауында Елбасы республикамыздың мәдени мұрасын зерттеудің арнаулы бағдарламасын әзірлеуге, тарихи-мәдени және сәулет ескерткіштерін қайта жасауға, ұлттық әдебиет пен жазуды жинақтап қорытуға тапсырма берді. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев 2004 жылғы 13 қаңтарда «2004-2006 жылдарға арналған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы туралы» Жарлыққа қол қойды. Нәтижесінде, 2004 жылдан бері қарай «Мәдени мұра» атты мемлекеттік бағдарлама кезең-кезеңмен, яғни 2004-2006, 2007-2008, 2009-2011 жылдарға бөлініп, келесі бағыттар: тарих пен археология ескерткіштерін жүйелеу, сақтау, қалпына келтіру бойынша жұмыс істей бастады.

Аталған бағдарлама аясында отыздан астам ескі қала мен басқа да қоныстардың, қорғандар мен өзге де нысандардың қазба жұмыстары жүргізілді. Олардың қатарында: Ақмола облысында – Бұзықты, Алматы облысында - Қойлық пен Талғар, Атырау облысында – Сарайшық, Шығыс Қазақстанда – Берел–Шілікті, Жамбыл облысында – Мерке мен Жайсаң, Батыс Қазақстанда – Жайық пен Қараоба, сондай-ақ Қарағанды облысында – Токтыауыл, Айбас пен Кент, Қостанай облысында – Бестамақ, Қызылордада – Рабат, Маңғыстауда – Тоқсанбай, Павлодар облысында Шілдерті, Солтүстік Қазақстанда – Ботай, Оңтүстік Қазақстанда – Сауран мен Сейтек бар. Шетелдік жобалар – Сұлтан Әз–Зәкір Бейбарыстың Дамаскідегі кесенесі мен тарихи-мәдени орталықтың құрылысы табысты іске асты.

Бағдарлама қабылданғаннан кейінгі төрт жылда тарих пен мәдениеттің 51 ескерткіші қайта жаңғыртылып, Қазақстан аумағындағы 39 қалашық, қоныс, тұрақ, обалар мен қорғандарда маусымдық археологиялық зерттеулер жүргізілді. Қытайға, Түркияға, Арменияға, АҚШ пен Батыс Еуропа елдеріне 15 ғылыми экспедиция ұйымдастырылып, Қазақстан тарихы, этнографиясы, өнері жөнінде бұрын белгісіз болып келген 5 000-ға жуық қолжазбалар мен баспалық басылымдар табылды. Тек Қытайға жасалған ғылыми экспедицияның барысында Қазақстанның тарихы мен мәдениетіне байланысты бұрын зерттелмеген маньчжур тіліндегі 3 мың, қытай тіліндегі 300, шағатай тіліндегі 60, ойрат тіліндегі 70 дерек табылды. Ұлттық және әлемдік ғылыми ой-сананың, мәдениет пен әдебиет басылымдарының фольклортану, әдебиеттану мен өнертану, философия, тарих ғылымы, саясаттану, тіл білімі сияқты 16 бағыты бойынша бірнеше жүз томды құрайтын кітаптар шығарылды. 100 томдық «Бабалар сөзінің» 51 томы, «Қазақ философиясының» 16 томдығы, «Әлемдік философияның» 18 томдығы, «Баласағұн» қалашығы, Отырар, Орхон ескерткіштерінің толық атласы жасалды. «Қазақстанның электрондық кітапханасы» және «Мәдени мұра» ғаламтор – порталдары жасалды. Қазір «Мәдени мұра»

бағдарламасының 2007-2009 жылдарға арналған екінші кезеңі аяқталып, үшінші кезең бойынша жүйелі жұмыстар жүргізілуде.

Қазақ тілінде бірыңғай әлемдік көркем ойды қалыптастыруға бағытталған кітап басып шығару ісіне ерекше назар аударылды. Маңызды басылымдардың арасынан: «Қазақ фольклорын», «Дүниежүзілік әдебиеттің таңдамалы шығармаларын», «Қазақ музыкасының антологиясын», «Ұлттық философия мұрасын» және басқаларын атай аламыз.

3. ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың бастамасы бойынша 2013 жылы тарихи зерттеулердің «Тарих ағынындағы халық» деп аталатын арнаулы бағдарламасы әзірленді. Оның басты мақсаттары – алдыңғы қатарлы әдістемелер негізінде Қазақстанның тарихи ғылымының сапалы өркендеуі үшін жағдай туғызу; қазақтардың ұлттық тарихының көкжиектерін кеңейту; ұлттың жаңа тарихи дүниетанымын қалыптастыру; Қазақстанның қазіргі заман тарихының кейінгі екі онжылдығын жете ұғыну.

Бұның дәлелі ретінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік хатшысы М. Тәжиннің 2013 жылғы маусымда Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті қабырғасында сөйлеген сөзін келтіруге болады.

Қазақстанның тарихи ғылымының ары қарай даумының басымдық берілетін бағыттары төмендегідей тұжырымдалған.

Ұлттық тарих қоғамдық ғылымдар арасында орталық буын болуға тиіс.

Қазақстан тарихының жалпылама тұжырымдамасын сапалы жаңа деңгейде жасау қажет. Ол дүниежүзілік тарихпен тығыз ұштастырылып, жаһандық тарихи үдерістерде, олардың өзара байланыстары жүйесінде және ғылыми мерзімді басылымдарда Қазақстанның орнын айқын көрсетуге тиіс.

Қазақстан жайында өзімізде және шетелде сақталған барша тарихи материалдарды жинауға, жүйелеуге және жіктеуге жоғары дәрежеде көңіл бөлу қажет.

Тарихи артефактілердің (бұл жаңа тарихқа да қатысты) шетелдегі барлық қоймаларын егжей-тегжейлі зерттеп, сонымен қатар тарихи материалдардың елімізге әкелінуі немесе мүмкін болса, ғалымдар мен кең бұқараның кейіннен қол жеткізуін қамтамасыз ету үшін олардың көшірмелерін алу мүмкіндігі туралы мәселені де жете ойластыру керек.

Басым міндеттер қатарында Орталық Азияның көшпелі өркениетін зерттеп, білу тұр, себебі қазіргі таңда оның мұрагері ретінде қазақ этносы танылады.

Күн тәртібіне Қазақстан тарихы бойынша сапалы оқулықтар әзірлеп, баспадан шығару мәселесі өткір қойылып отыр.

Көріп отырғанымыздай, басты назар шын мәнінде, ұлттық тарихты әрі қарай дамыту мәселесіне аударылып отыр, ол түсінікті де. Ғылыми ілімнің жеке саласы ретінде ХХ ғасырдың ортасында қалыптаса отырып, Қазақстанның тарихи ғылымы сол ғасырдың соңындағы тектоника сипатында күшейе түскен, ұлттың өзін-өзі түсінуінің қызу үдерісі – КСРО тараған тұста жаңа мүмкіндіктерге ие болды.

Бақылау сұрақтары:

- 1) Отан тарихының «ақтаңдақ беттерін» анықтауда қандай мақсат-міндеттерді жүзеге асыру көзделіп отыр?
- 2) «Мәдени мұра» бағдарламасының негізгі кезеңдері мен бағыттары қандай?
- 3) Н.Ә. Назарбаевтың «Халық тарих толқынында» бағдарламасының жастарды тарихи отаншылдыққа тәрбиелеудегі ролін көрсетіңіз.

15 дәріс. «Мәңгілік ел» - Қазақстанның ХХІ ғасырдағы ұлттық идеясы. Қазақстан - қазіргі әлем таныған мемлекет

1. «Мәңгілік Елдің» негізгі кезеңдері: мемлекеттің пайда болуы мен халықтың бірігуі. «Мәңгілік Елдің» түйінді құндылықтары.
2. Қазақстанның сыртқы қатынастар саласындағы басымдықтары. Халықаралық қатынастағы қауіп-қатерді бәсеңдетуге ұмтылу - жаңа геосаяси жағдайдағы Қазақстан Республикасының негізгі бағыты.
3. Н.Ә. Назарбаевтың Манифесі. «Әлем. ХХІ ғасыр» Манифесінің негізгі бағыттары. Соғыс, атом қаруы және лаңкестікке қарсы күресу шаралары.

Дәріс мақсаты: «Мәңгілік ел» ұлттық идеясының мазмұнын ашу арқылы жаңа геосаяси жағдайдағы Қазақстан Республикасының сыртқы саясаттағы ұстанған бағытын Н.Ә. Назарбаевтың «Әлем. ХХІ ғасыр» - деп аталатын Манифесіне сүйеніп, елімізді дүние жүзі таныған мемлекет ретінде көрсету.

Дәрістің мазмұны: «Мәңгілік ел» идеясының түйінді құндылықтары, Тәуелсіз Қазақстанның халықаралық қауымдастықтағы орны және Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың. «Әлем. ХХІ ғасыр» Манифесінің негізгі бағыттары мен маңызы қарастырылады.

1. Адам баласы ғасырлар бойы мәңгілікке ұмтылып, ұрпағын сақтап отырған. Мәңгілік құндылығын алғаш байқағандар өлгеннен кейін де өмір барына сенген ежелгі тұрғындар, homo sapiens өкілдері болып табылады. Деректерден белгілі, «Мәңгілік тәңір» ұғымын түріктер ең жоғарғы және ең қасиетті ұғым ретінде танып, бағалаған. Сол түріктерден қалған Орхон-Енисей жазба ескерткішін адамзат өркениетінің жарқын беттері санатына жатқызсақ, қасиетті мұраның интеллектуалдық асқар шыңы - «Мәңгі ел» идеясы, идеологиясы, практикасы. Мәңгілікке құштарлық Египет пирамидаларын, мәңгі қала Рим тәмсілін, ажалдан қашқан Қорқыт пен жақсы жер іздеген Асан қайғы құбылыстарын дүниеге әкелді.

Бүгінде, Еуразия жүрегіндегі біздің елде тарих жаңаша қайталанып, 2014 жылдың 17 қаңтар күні жарияланған кезекті Жолдауында «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы жаңа қырынан туындады. «Мен, – деді Елбасы Н. Назарбаев, – Мәңгілік Ел ұғымын ұлтымыздың ұлы бағдары – «Қазақстан-2050» Стратегиясының түп қазығы етіп алдым».

Тарихи деректерге жүгінсек, қазақтың құт мекенін алыс-жақын көршілеріміз бен мемлекеттер түрліше атағанын көреміз. Ежелгі русьтіктер «половецтер даласы» деп айшықтаса, орта ғасырлардағы араб жазбаларында «Мафазат – ал гуз» (оғыз даласы), парсы авторларында «Дашт-и қыпшақ» (Қыпшақ даласы), «Улус ва ел қазақ» (Қазақ ұлысы) атауымен кездесетінін ғалымдар жазыпты. Ал XV-XVIII ғасырлар аралығында ұлттық тарихымыз «Қазақ ұлысы» (Қазақ хандығы) аясында тарих бетінен жоғалмай өрбігенін баршамыз білеміз.

Ресейге бодан болған ғасырда «Далалық өлке», «Түркістан өлкесі», «Қырғыз-қайсақ өлкесі» атансақ, большевиктер басқарған тұста «Қазақ автономиялы кеңестік социалистік Республикасы», «Қазақ кеңестік социалистік Республикасы» мәртебесімен мемлекетімізді құрдық, халқымыздың басы қосылды, жеріміз жинақталды. Әрине, бұл аралықта, «Мәңгі ел» ретінде жойылып кетпеу мәселесі басты міндетке айналды. Оны әр кезеңдегі ұлт зиялылары: «Оян, қазақ!», «Қазақ автономиясы», «Қорған, қазақ!», «Мен - қазақып» идеологемаларына сиғызған.

«Мәңгілік Елдің» түйінді құндылықтары туралы 1991 жылғы 17 желтоқсанда – ел тәуелсіздігінің бірінші күні-ақ, Елбасымыз былай деген болатын: «Кең-байтақ жеріміздің байлығы осы даланың түпкілікті халқына да, тағдыр қосып бірге өмір сүріп жатқан өзге ұлт өкілдеріне де молынан жетеді. Не істесек те ақылмен істейік, арзан ұранға ермейік, ұшпа сезімге ерік бермейік дегім келеді. Әсіресе, жастар салқынқандылықтан, үлкенді сыйлаудан, сөзге тоқтаудан айнымаса, қашанда достыққа адал болса, бауырмал, кеңпейіл болса, халықтың атына сөз келтіретін ұстамсыздық атаулыдан аулақ жүрсе деп тілейік». Осылайша Қазақстан, тұрақтылық пен жасампаздыққа, халықтың бірігуіне ұмтылған ізденіс жолын таңдады. Олай болса, болашақ ұрпақ алғыс айтатындай міндеттер шешімін табатын уақыт та басталды...

2. Қазақстанның сыртқы саясатындағы басты мақсат – бейбітшілік, соғысты болдырмау, даулы мәселелерді келісімдер жасау жолымен шешу. Тәуелсіздік алған алғашқы жылдардың өзінде Қазақстанды 108 мемлекет таныса, бұл біздің еліміздің сыртқы қатынаста ұстанып отырған сындарлы саясатының нәтижесі еді. Бүгінде Қазақстанды дүние жүзінің 180-нен астам мемлекеті танып, 120-дан астам ел дипломатиялық қатынастар орнатып үлгерді. Президент өзінің 2017 жылға арналған Жолдауында қазіргі заманғы адамзаттың лаңкестік әрекеттердің белең алуымен бетпа-бет келуіне алаңдаушылық білдіре келе, оларға *«қарсы күрес жүргізу ісі негізгі мәселе болып саналады»*-деп айтып, Қазақстанның сыртқы қатынастар саласындағы бүгінгі басымдықтарының жетекші саласын көрсетіп берді.

Қазақстан, жағрафиялық жағына байланысты, ең алдымен Ресей және Қытай сияқты көрші мемлекеттерімен ынтымақтасуда. Әсіресе, Қытаймен екі ел арасындағы қатынас жылдан-жылға жақсарып келеді. Айталық, 2016 жылдың қыркүйек айында Қытай жерінде болған G20 Саммитінің шешімімен Инвестициялық бағдарлама жүзеге асырылатын 2015-2019 жылдары

аралығында біздің елде 395,5 мың жұмыс орны ашылатын болды. Оның ішінде жалпы құны 23 млрд. долларды құрайтын 25 жоба бойынша қазіргі уақытта келісімге қол қойылды. Таяу болашақта Қытайдан біздің елге бұлардан бөлек тағы да 20-дан аса өндіріс орындарын көшіріп әкелу жобалары бар. Бұл жобалардың Қазақстанның «Нұрлы жол» инфрақұрылымдық даму бағдарламасы мен Қытайдың «Бір белдеу, бір жол» стратегиясы арасындағы синергия үшін негіз қалары сөзсіз. Ресей мен екі арадағы ынтымақтастыққа келсек, Н.Ә.Назарбаев пен Ресей Президенті В.Путин 2005 ж. 18 қаңтарда Қазақстан - Ресей мемлекеттік шекарасы туралы шартқа қол қойды. Осы құжат бойынша екі ел үшін де айрықша маңызы бар шекара мәселесі халықаралық нормаларға сәйкес шешімін тапты...

Қазақстан ежелден этностық туыс елдер - Әзірбайжан, Қырғызстан, Түркіменістанмен жан-жақты байланыстар жасап келеді. Қазақстанның Түркиямен қатынастары ерекше жақсы жолға қойылған. Сондай-ақ, Қазақстанмен терең тарихи тамырластығы бар Үндістан, Иран сияқты елдермен қатынастың болашағы зор болмақ.

Бүгін Қазақстан көптеген халықаралық ұйымдарға мүше. Айталық, 1992 жылғы 2 наурызда Қазақстан Республикасы БҰҰ-ға мүшелікке бірауыздан қабылданды. БҰҰ Бас Ассамблеясының 1992 ж. күзде өткен 47-сессиясында Президент Н.Ә. Назарбаев сөз сөйлеп, Қазақстанның Таулы Қарабақ пен Тәжікстандағы қақтығыстарды реттеуге айтарлықтай үлес қосқандығы баяндалды. Дүние жүзілік қауымдастық бұны барынша жылы қабылдады.

Қазақстан 1996 жылы 26 сәуірде дүниеге келіп, шекаралары шектесіп жатқан 5 мемлекетті біріктіретін *Шанхай бестігінің* мүшесі ретінде, оның құрылған күнінен бастап, айтарлықтай белсенділік көрсетуде.

Қазақстанның дамыған Батыс державаларымен қатынастары. Қазақстан үшін республика экономикасына айтарлықтай инвестиция беріп отырған Америка Құрама Штаттарымен іскерлік қатынастар орнатудың маңызы зор. АҚШ Қазақстанның мәдениеті мен білім саласын дамытуға да қол ұшын беруде. “Болашақ” бағдарламасы аясында қазақстандық студенттер АҚШ, Англия, Франция, Германияның оқу орындарында білімдерін жетілдіруде. Бұл елдермен де достық, ынтымақтастық және өзара түсіністік туралы шарт жасалынды. Н.Ә. Назарбаев жаңа Еуропаға арналған Париж хартиясына қол қойды. Қазақстан Венгриямен, Болгариямен, Чехиямен, Румыниямен өзара тиімді қатынастар орнатты.

Қуатты әскери-саяси ұйымдармен қатынастар. НАТО-ның Еуропа және ТМД елдеріне жәрдемдесуге, аймақтық қақтығыстардың алдын алуға мүмкіндіктері көп. Осыған орай Қазақстан, НАТО-мен байланысты кеңейту шараларын іздестіруде. Қазақстанның Оңтүстік-Шығыс Азияда АСЕАН (Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінің ассоциациясы) мемлекеттерімен және Монғолиямен қатынастары да жолға қойылып келеді.

2007 жылы 30 қарашада Мадридте ЕҚЫҰ-ға мүше мемлекеттер Сыртқы істер министрлері кеңесінің жалпы отырысында Қазақстан Ұйымының 2010 жылғы төрағасы болып сайланды. Қазақстан, Прибалтиканы қоса алғанда,

ТМД-нің ішінде осынау беделді халықаралық ұйымды басқару құрметіне ие болған бірінші ел. Қазақстанның төрағалығы сенім, дәстүр, ашықтық және төзімділік сияқты ұстанымдарға негізделіп, Қазақстан дипломатиясының жеңісімен аяқталды. Еліміздің халықаралық деңгейдегі дәрежесі 2011 жылы Ислам Ұнтымақтастық Ұйымының (ИКҰ) Сыртқы істер министрлері кеңесіне (СІМК) төрағалық ету мәртебесіне ие болумен де көрінді.

Дәрістің осы бөлімшесін қорыта келгенде айтарымыз, Қазақстан Орталық Азияның көшбасшысына, халықаралық лаңкестікке, есірткінің жайылуы мен ядролық қарудың таралуына жол бермейтін мемлекетке айналды. Тәуелсіздік жылдарындағы Қазақстан әлемдік қауымдастықтың толыққанды мүшесі болды, оның бастамалары тәжірибе жүзінде кең қолдау тапты. Бүгінде жаңа саяси бағыт - «Қазақстан-2050» Стратегиясын қабылдаған Қазақстан Республикасы, геосаяси жағдайдағы халықаралық дәреженің жаңа сапалық деңгейіне көтеріле білді.

3. Қазақстан сонау 1963 жылдың өзінде бейбітшілік сүйгіш Республика ретінде ядролық қаруды таратпау жөніндегі және су астында ядролық қаруды сынауға тыйым салу туралы шарттарға келісетінін жариялаған болатын. Сондай-ақ, 1976 ж. табиғи ортаны, әскери немесе өзге ықпал ету құралдарын дұшпандық мақсатта пайдалануға тыйым салу туралы конвенцияға ден қоятындығын білдірген еді. Ал тәуелсіздік алған 1991 жылы, желтоқсанның 21-інде Алматыда қабылданған декларацияда ядролық қаруға қатысты бірлескен шаралар жүргізуге келісім беріп, 1992 ж. Азиядағы іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі Кеңесті шақыруға бастамашы болды. Сөйтіп біздің еліміз, ХХІ ғасырға табан тіреген шақта, соғыстың түп-тамырын біртіндеп жойып, орнықты әлемнің географиясын қалыптастыруды жақтап келді. 2016 жылдың 31 наурызында жарияланған *«ХХІ ғасырдағы әлем» деп аталатын Н.Ә. Назарбаевтың Манифесінің негізгі мазмұны қасіретті атау - соғыс атаулыны адам санасынан аластауға бағытталған.*

Н.Ә. Назарбаевтың әлемнің тыныштығына бағыштаған осы құжаты бүгінгі таңда адам баласына әртүрлі атауымен белгілі бола бастады: біреулер *«Бейбітшілік. ХХІ ғасыр» манифесі* десе, енді біреулер *«ХХІ ғасырдағы әлем»* дейді. Ал өзінің нақты аталуы - *Манифест. «Әлем. ХХІ ғасыр»*. Қалай болғанда да бүгінде бұл құжатқа қызығушылық басым. Өйткені Президент Н.Ә. Назарбаев бүкіл әлем халқы басшыларын *«ХХІ ҒАСЫР: СОҒЫССЫЗ ӘЛЕМ»* деген тақырыпта кең ауқымды бағдарлама жасауға шақырады да, онда үш басты қағидатты нақты мазмұндау керектігіне көңіл бөледі:

- 1) Қазіргі таңда соғыс бола қалған жағдайда, нәтижесінде жеңуші жақ деген болмайды, онда бәрі жеңіледі.
- 2) Жаппай қырып-жоятын қарудан ешкім қашып құтыла алмайды және оған жауап беретін адамдар да қалмайды. Сондықтан, қазіргі әлемдік лидерлер мен олардың кейінгі ізбасарлары болашақ соғыс қатерін терең түсінулері керек.
- 3) Мемлекеттер арасындағы барлық талас-тартыстарды реттеуді бейбіт үндеулер мен сындарлы келіссөздерге негіздеу керек те, *әлемдік алгоритмнің іс-қимыл шаралары мынандай бес мәнді бағыттар бойынша түзілуі керек.*

1. Ядролық және басқа да адамзатты қырып-жоятын қарудан толықтай азат әлемге қарай батыл түрде ұмтылу.

2. ХХІ ғасырда соғыссыз әлемнің тұрақты географиялық ортасын қалыптастыруға күш салу керек.

3. Әскери блоктарға БҰҰ астында мамлекеттердің бейбітшілік, тұрақтылық, сенім мен қауіпсіздік жолындағы жаһандық коалициясын қарсы қою қажет.

4. Қазіргі таңда үлкен қатерге айналып бара жатқан терроршылардың қолына аса қауіпті қарудың өтіп кетпеуіне тосқауыл қоя білу керек.

5. «Соғыссыз әлем - бұл бірінші кезекте, халықаралық қаржы, саудасаттық және даму саласындағы жаһандық бәсекелестіктің әділетті парадигмасы».

2017 жылы 12 сәуірде Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы жарияланды. Қоғам, мемлекет алдына алдағы кезең-кезеңімен жүзеге асыратын алты мәселені қойды: «Латын әліпбиіне көшу», «Жаңа гуманитарлық білім» жобасы, «Туған жер» бағдарламасы, «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы», «Жаһандағы замануи қазақстандық мәдениет», «Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобалары. Басты мақсат рухани отаршылдықтан арылып, ұлттық құндылықтарды сақтай отырып, дамудың жаңа сапалық деңгейіне көтерілу. «Көрінген таудың алыстығы жоқ» демекші Тәуелсіз Қазақстан үшін ол белестен сәтті өтеріне күмәніміз жоқ.

Бақылау сұрақтары:

- 1) «Мәңгілік Елдің» идеялық мазмұнын қалай түсінеміз?
- 2) Қазақстанның сыртқы қатынастар саласындағы басымдықтарынан қандай нәтижелер күтуге болады?
- 3) Н.Ә. Назарбаевтың Манифесінің К. Маркс пен Ф. Энгельстің «Коммунистік партия Манифесінен» қандай айырмашылығы бар және оған басқа елдің саясаткерлері қандай баға беруде?

Әдебиеттер тізімі

Негізгі

- 1 Қазақстан (Қазақ елі) тарихы. – 4 кітаптан тұратын оқулық. Алматы, Қазақ университеті, 2016.
- 2 Қазақстан тарихы. Оқу құралы (Құрастырушылар: Берлібаев Б.Т., Раджапов А.У., Байдильдина С.Х., Жұмағұлов М.Д.). – АУЭС.2014.
- 3 История Казахстана. Курс лекций. Под ред. К.С. Каражан. – Алматы, 2012.
- 4 Аминов Т.М. Қазіргі заман Қазақстан тарихы. – Алматы, 2017. –456 б.
- 5 Аяган Б., Ауанасова А., Сулейменов А. Новейшая история Казахстана: Кризис и распад советской системы. I том: Научно-популярное издание. Сер. «Летопись независимости». - Алматы: ТОО «Литера-М», 2011.
- 6 Аяган Б. Новейшая история Казахстана. 2 том: Выход из кризиса/ Б. Аяган; Ауанасова А., Кудайбергенов Р.- Алматы: ТОО «Литера-М», 2011.
- 7 Аяган Б. Новейшая история Казахстана. 3 том: Устойчивый Казахстан / Б. Аяган; Ауанасова А., Сулейменов А. - Алматы: ТОО «Литера-М», 2011.
- 8 Аяган Б.Ф., Әбжанов Х.М., Махат Д.А. Қазіргі Қазақстан тарихы. – Алматы, 2010.
- 9 Қазіргі Қазақстан тарихы: Хрестоматия /Б.Ф.Аяғанның ред. – Алматы, 2010.
- 10 Қазақстан тарихы. 5-томдық.– Алматы, 1996, 1998, 2002, 2010.
- 11 Алаш қозғалысы: мәселенің зерттелу тарихынан //Құжаттар мен материалдар жинағы (1918–2007 жж.). – Т. 4. /Бас ред.: Қойгелдиев М.Қ.; Жауапты құраст.: Зұлқашева А.С. – Алматы: Ел-шежіре, 2008.

- 12 Артыкбаев Ж.О.; Раздыков С.З. История Казахстана: Учебник. – Астана: Фолиант, 2007.
- 13 Қазақстанның қазіргі заман тарихы. Хрестоматия. (1917-1939). 1т. Ред. басқарған Қ. С. Қаражан. Алматы, 2007.
- 14 Алаш қозғалысы: Құжаттар мен материалдар жинағы: сәуір 1920-1928 жж. /Бас ред.: Қойгелдиев М.Қ.; Жауапты құраст.: Грибанова Е. М., Жағыпаров Н. Р. – Алматы: Ел-шежіре, 2007.
- 15 Кан Г.В. История Казахстана: учебное пособие для вузов. – Алматы, 2005.
- 16 Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы. 1905 – 1917 жж. Т. 1. – Алматы: 2004-2007. I-IV Т.
- 17 Allan Todd and Sally Waller. History for the IB Diploma. Authoritarian and Single-Party States. - Cемbridge University Press, 2011.
- 18 Аяганов Б.Г. Назарбаев Нурсултан Абишевич - основатель независимого государства.// Институт государства МОН РК. 2009.
- 19 Әбжанов Х. Қазақстан: тарих, тіл, ұлт. – Астана, 2007.
- 20 Байдильдина С.Х. Өнер-білім өрендері мен ошақтары. – Алматы, 2012. – 179 б.
- 21 Берлібаев Б.Т. XX ғасырға дейінгі ұлттық тарихи білімнің ғылыми теориялық негіздері. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, 2007.-184 б.
- 22 Берлібаев Б.Т. Кеңестік кезеңдегі ұлттық тарихи білім.-Алматы: Қазақ Ұлттық Педагогикалық университеті, 2008. – 107-148 бб.
- 23 Декабрь. 1986 год. Документальная хроника: научное издание. – Алматы, 2008.
- 24 Джагфаров Н.Р. Формирование режима личной, тоталитарной власти в стране (1917-1937 гг.). - А., 2013.
- 25 Есмағанбетов К.Л. Әлем таныған тұлға. Мұстафа Шоқайдың дүниетанымы және қайраткерлік болмысы. - Алматы «Дайк-пресс», 2008.
- 26 Ертысбаев Е.К. Казахстан и Назарбаев: логика перемен. – Астана: Елорда, 2001.
- 27 Красный террор. Сборник документальных материалов политических репрессии 20-50-х годов. - А., 2008.
- 28 Martha Olcott. Kazakhstan: Unfulfilled Promise. Washington, D.C., 2002.
- 29 Martin V. [Law and Custom in the Steppe: The Kazakhs of the Middle Horde and Russian Colonialism in the Nineteenth Century](#). Richmond: Curzon Press, 2001.
- 30 Мендикулова Г. Казахская диаспора: история и современность. - А., 2006.
- 31 Меңлібаев Қ. А., Агафонов А. Н. ҚР жастар саясаты туралы.- Алматы, 2004
- 32 Морозов А.А. Казахстан за годы независимости. - Алматы: КИСИ при Президенте РК, 2005.
- 33 Мырзағалиұлы М. 1916-1917 жж. Торғай қазақтарының көтерілісі. - А., 2005.
- 34 Назарбаев Н.А. Казахстанский путь. - Караганда, 2006.

- 35 Зейниева Л.М., Мемлекеттік жастар саясаты: Қазақстан әлемдік тәжірибе тұрғысында. - Алматы, 2009.
- 36 Назарбаев Н.Ә. Бейбітшілік кіндігі. - Астана, 2002.
- 37 Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан - 2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты». ҚР Президенті-Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. – Егемен Қазақстан, 15 желтоқсан 2012 ж.
- 38 Назарбаев Н.Ә. Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі – Мәңгілік Елдің Ұлы тарихы. Тәуелсіздік күніне орай салтанатты шарада сөйлеген сөзі. - Егемен Қазақстан, 16 желтоқсан 2014 ж.
- 39 Назарбаев Н.Ә. Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму. Қазақстан Республикасының Президенті-Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2015 жылғы 30 қараша. – Егемен Қазақстан, 1 желтоқсан 2015 ж.
- 40 Назарбаев Н.А. Критическое десятилетие. Алматы: Атамұра, 2003.
- 41 Назарбаев Н.Ә. Қазақстан жолы. – Астана, 2007.
- 42 Назарбаев Н.А. Стратегия независимости. – Алматы, 2003.
- 43 Н. Назарбаев. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. 12 сәуір 2017 жыл. «Егемен Қазақстан» газеті.
- 44 Оборонно-промышленный комплекс. Казахстан. 1941-1951. Составители: Джагфаров Н.Р. (ответственный), Кабдушев Б.Ж., Байдильдина С.Х. и др. - А., 2015.
- 45 Обращение Ассамблеи народа Казахстана к гражданам страны по случаю принятия Декларации 25-летия Независимости Республики Казахстана. Казахстанская правда 24 ноября 2016 года №226(28352).
- 46 Озғанбаев Ө. Государственная дума России и Казахстан (1905-1917). – А., 2006.
- 47 Омарбеков Т. Голодомор в Казахстане (хрестоматия). – Алматы, 2010.
- 48 Омарбеков Т., Омарбеков Ш. Қазақстан тарихына және тарихнамасына ұлттық көзқарас. –Алматы: Қазақ университеті, 2004.
- 49 Өмірзақов Ө. Ресейге қосылғанда не ұттық. - Алматы, 2003.
- 50 Казахстан за годы независимости: 1991-2009. -Астана: Агентство Республики Казахстан по статистике, 2010.
- 51 Қазақстан Республикасының Президенті Мұрағатының аса құнды құжаттары: Жинақ. - 1 шығарылымы / Жауапты ред.: Шепель В.Н. – Алматы: АП РК, 2009.
- 52 Қазақстандағы президенттік билік институты: тарих, тағылым, тәжірибе / Б. Аяған, Г. Нұрымбетова, Х. Әбжанов, Б. Шәпиев, М. Иембекова / Б. Аяғанның редакциясымен.- Алматы: Раритет, 2010.- 368 б.
- 53 Қозыбаев М. «Өркениет және ұлт». – Алматы, 2001.
- 54 Койгелдиев М.К. Сталинизм и репрессии в Казахстане 1920-1940-х годов. - Алматы, 2009.
- 55 Кундакбаева Ж.Б., Алимгазинов К.Ш., Абдилдабекова А.М., Телеуова Э.Т. «Новые парадигмы в преподавании истории Казахстана: конструктивистская педагогика и инновационные технологии обучения». Алматы: «Қазақ университеті», 2015.

- 56 Қозыбақова Ф.А.Қазақстандағы кеңестік әкімшіл-әміршіл жүйенің аграрлық саясаты және оның салдары (1920-1930 жж.). Учебное пособие. – Алматы, 2011
- 57 Рысбекова С. Социальная модернизация традиционного общества в Казахстане (1920-1936 гг.). - Алматы: «Арыс», 2013.
- 58 Салқынбек Д., Кابدұшев Б. Тұғыры биік тұлғалар. Зерттеулер. – Алматы, 2011. - 204 б.
- 59 Современный Казахстан: стратегия успеха/ под ред. М.Е.Шайхутдинова. – Алматы, 2008.
- 60 Сайлан Б.С.Кеңестік биліктегі Қазақстанның жастар саясаты: тарихы мен тағылымы (1917-1991 жж.). – Алматы: ҚазМемҚызПУ, 2011.
- 61 Симитков Ж. К. Қазіргі кездегі ҚР жастар саясатының қалыптасуы және жүзеге асу ерекшеліктері. - Алматы, 2005.
- 62 Тоқаев Қ.К. Қазақстан Республикасының дипломатиясы. – Алматы, 2002.
- 63 Тәуелсіз Қазақстан тарихы: Хрестоматия. /Құрастырғандар: Қ.С. Қаражан, К.Е.Абикенова, С.Смағұлов. – Алматы: Қазақ университеті, 2013.
- 64 Уразбаева А.М. «Қырғыз (қазақ) облыстық партия комитеті (Қырбком) құжаттары Қазақстанда тоталитаризмнің қалыптасуы тарихының дерек көзі (1920-1925 жж.)». – Монография. – Алматы: «Қазақ университеті» 2015.
- 65 Әгембердиев М.Ш. Ресей империясының Қазақстанда орыстандыру саясаты. - Алматы, 2015.
- 66 Эпистолярное наследие казахской правящей элиты. Сборник исторических документов в 2-х томах. – Алматы, 2014.

Қосымша

- 1 Абылхожин Ж. Очерки социально-экономической истории Казахстана. XX век. — Алматы, 1998.
- 2 Асфендияров С.Д. Национально-освободительное восстание 1916 г. в Казахстане. М.-А., 1958. -210 с.
- 3 Bacon, Edwin; Sandle, Mark (2002). *Brezhnev Reconsidered*. [*Palgrave Macmillan*](#). ISBN 978-0333794630.
- 4 Бекмаханов Е.Б. Заявление секретарю ЦК КПСС Хрущеву Н.С. 15 июля 1953 г. Мәдениет және тұрмыс. 1989.-№11.- 15-21-б. №12.- 21-22-б.
- 5 Галузо П.Г. Социальные отношения в казахском ауле и переселенческой деревне Казахстана в начале XX века. А., 1968, -150 с.
- 6 [J. Otto Pohl](#). Ethnic Cleaning in the USSR, 1937-1949. Greenwood Press, 1999 - 179 sidor
- 7 Зима В.Ф. Послевоенное общество: голод и преступность/ Отечественная история. - М.,1995. № 5, 45-59 бб.
- 8 McCauley, Martin (2007). The Rise and Fall of the Soviet Union.
- 9 Pearson Education. p. 490. ISBN 0-582-78465-4.
- 10 Назарбаев Н.А. Стратегия становления и развития Казахстана как суверенного государства.- Алматы, 1992.
- 11 Назарбаев Н.А. Евразийский Союз. Идеи, практика, перспективы.- М., 1997.

- 12 Назарбаев Н.Ә. Қазақстан - 2030. Ел Президентінің Қазақстан халқына жолдауы. - А., 1997.
- 13 Назарбаев Н.А. На пороге XXI века. – Алматы: Өнер, 1996.
- 14 Назарбаев Н.А. Ғасырлар тоғысында. – Алматы, Өнер, 1996.
- 15 Назарбаев Н.А. Без правых и левых. - Москва, 1991.
- 16 Нұрпейісов К. Алаш ьәм Алаш - Орда. –А., 1995.
- 17 Козыбаев М.К., Алдажуманов П.С. Тоталитарный социализм: реальность и последствия. – Алматы: Фонд XXI века, 1997. – 258 с.
- 18 Козыбаев М.К. Казахстан – арсенал фронта. – Алматы, 1970.
- 19 Козыбаев М.К., Едыгенов Н.Е. Труд во имя победы. - Алматы, 1995.
- 20 Қойгелдиев М.Қ. Алаш қозғалысы. –А., 1995.
- 21 Конквест Роберт. «Жатва скорби», «The Harvest of Sorrow. Soviet Collectivization and the Terror—famine». London. 1986; русский перевод. — 1988).
- 22 Сулейменов Б.С. Аграрный вопрос в Казахстане последней трети XIX-начала XX в. А., 1963. - 411 с.
- 23 Языковая политика в Казахстане (1921-1990 гг.): сборник документов / Сост.: Айбасова М.К., Исахан Г.Т., Кабдушев Б.Ж. – Алматы: «Қазақ университеті», 1997.

Интернет-көздері

- 1 [Официальный сайт Президента Республики Казахстана-http://www.akorda.kz](http://www.akorda.kz).
- 2 OSCE Kazakhstan 2010 - Қазақстан: 2010 жылғы ЕҚЫҰ төрағасы - Казахстан: Председатель ОБСЕ в 2010 г. - <http://www.osce2010.kz>.
- 3 Правительство Республики Казахстан - <http://www.government.kz>.
- 4 Парламент Республики Казахстан - <http://www.parlam.kz>.
- 5 Ассамблея народа Казахстана: официальный сайт- <http://www.assembly.kz>.
- 6 Государственный музей искусств Республики Казахстан им. А. Кастеева - <http://www.art.nursat.kz/page.php>.
- 7 Музыкальное наследие Казахстана - <http://musicheritage.nlrk.kz>.
- 8 История и культура Казахстана - <http://www.heritagenet.unesco.kz>.
- 9 Официальный сайт КИСИ (казахстанский институт стратегических исследований - <http://www.kisi.kz/site.html?en=0>.

Мазмұны

| | |
|---|----|
| Алғы сөз..... | 3 |
| 1 дәріс. Кіріспе дәріс..... | 4 |
| 2 дәріс. Қазақстанда қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық жағдай - тәуелсіздік үшін күрестің алғышарттары..... | 9 |
| 3 дәріс. Қазақ халқының ұлттық қозғалысының қайнар көздері..... | 13 |
| 4 дәріс. Кеңестік Қазақстанның қалыптасуының бастаулары: жергіліктендірудің қиыншылықтары..... | 19 |
| 5 дәріс. Кеңестік тоталитарлық Қазақстанның қалыптасуы: сипаты, шаралары, сабақтары..... | 24 |
| 6 дәріс. «Жеке басқа табынушылықтың» шарықтау шыңы және «жылымықтың» қоғамдық – саяси өмірге әсері..... | 30 |
| 7 дәріс. Әлеуметтік – экономикалық және рухани «тоқырау»..... | 35 |
| 8 дәріс. Кеңестік Қазақстан «қайта құру» кезеңінде..... | 41 |
| 9 дәріс. Қазақстан Республикасының мемлекеттік құрылысының қалыптасуы..... | 47 |
| 10 дәріс. Экономикалық дамудың қазақстандық үлгісі..... | 53 |
| 11 дәріс. Әлеуметтік реформалар және білім беру жүйесіндегі өзгерістер..... | 61 |
| 12 дәріс. Дамудың қоғамдық-саяси перспективалары. Этнодемографиялық үрдістер және ұлтаралық келісімнің күшейуі..... | 68 |
| 13 дәріс. ҚР –дағы жастар саясаты және рухани жаңғыру жолдарының айқындалуы..... | 71 |
| . | |
| 14 дәріс. Ұлы Дала халқының жаңа тарихи санасы мен көзқарасын қалыптастыру саясаты..... | 77 |
| 15 дәріс. «Мәңгілік ел» - Қазақстанның XX ғасырдағы ұлттық идеясы. Қазақстан-қазіргі әлем таныған мемлекет..... | 81 |
| Әдебиеттер тізімі..... | 87 |